

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Тұран-Астана» университеті

З.Е. КОЛУМБАЕВА

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН ҚЫСҚАША ДӘРІС КУРСЫ

Оқу құралы

Астана, 2011

ББК 63.3(5 Каз)
К 45

Пікір берушілер:

Х.М. Әбжанов - т.ғ.д., профессор

А.И.Қасабекова - т.ғ.к., доцент

К 45 Колумбаева З.Е. Қазақстан тарихынан қысқаша дәріс курсы: Оқу құралы. – Астана: «Тұран- Астана», 2011. – 115б.

ISBN 9965-32-116-6

Аталмыш оқу құралы Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихын қамтыған. Оқу құралының бір өзгешілігі – кредиттік жүйеге ыңғайланып, әр тақырып мазмұн ерекшелігіне қарай қысқаша проблемалы сұрақтар тиімді етіп берілген. Сонымен қатар әр тақырыпқа арналған пысықтау тест сұрақтары берілген. Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

ББК 63.3(5 Каз)

Баспаға «Тұран-Астана» университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

К 0503020905
00(05) -10

ISBN 9965-32-116-6

© Колумбаева З.Е., 2011

© «Тұран- Астана» университеті, 2011

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

.....	7
1 – ші тақырып ҚАЗАҚСТАН ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕ	9
2 – ші тақырып ҚАЗАҚСТАН ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕР ДӘУІРІНДЕ.....	11
3 – ші тақырып ҮЙСІН, ҚАҢЛЫ, ҒҰН ДӘУІРІ	13
4– ші тақырып ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮРІК ДӘУІРІ.....	15
5 – ші тақырып ҚАЗАҚСТАН АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕ	25
6 – ші тақырып ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ДӘУІРІ XV-XVIIғ.....	27
7 – ші тақырып ҚАЗАҚСТАН ХҮШ ҒАСЫРДА. КІШІ ЖҮЗДІҢ РЕСЕЙ ҚҰРАМЫНА ЕНУІ	38
8 – ші тақырып ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫ XIX ҒАСЫРДА.....	41
9 – ші тақырып ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР	43
10 – ші тақырып ҚАЗАҚСТАН XIXғ. 2-ші ЖАРТЫСЫ МЕН XXғ. БАСЫНДА	45
11 – ші тақырып ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ОРНАУЫ ЖӘНЕ АЗАМАТ СОҒЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕ (1917-1920 жж.)	48
12 – ші тақырып ҚАЗАҚСТАН КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕ (1918-1939жж.).....	53
13 – ші тақырып ҚАЗАҚСТАН XX ғ. 50-60жж.....	57
14–ші тақырып ҚАЗАҚСТАН КЕМЕЛДЕНГЕН СОЦИАЛИЗМ ДАҒДАРЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖӘНЕ М.С. ГОРБАЧЕВТЫҢ РЕФОРМАЛАРЫ.....	59
15 – ші тақырып ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН.....	61
Қосымша	
ГЛОССАРИЙ.....	64
СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАҚЫРЫПТАРЫ.....	67
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	69
ӘДЕБИЕТТЕР.....	112

КІРІСПЕ

1. Қазақстан тарихының мәні мен маңызы

Қазақстан тарихы Орта Азия халықтарының бір бөлігі ретінде және жеке түрі ретінде соңғы 150 жыл ішінде дүниежүзілік этнография түркология мәдениеттану, археология, әлеуметтік антропология және тарих ғылымдарының зерттеу объектісі болып отыр. Қазақстанның тарихы көшпелі түркі халықтарының тарихы ретінде бірнеше тарихи фактілерге байланысты зерттеушілердің назарын өзіне аударып отыр.

1. Қазақстан территориясының ұзаққа созылған тарихи жылдарда алып дала императорларының құрамына кіруі.
2. Қазақ этносының әртүрлі халықтардың қосылуы және араласуы негізінде қалыптасуы.
3. Қазақ халқының көшпелі экономикасының номадизмді зерттеушілер үшін классикалық үлгі болып қалуы.
4. Қазақтардың тілі мен ауызша мұралары түркологтар үшін баға жетпес құнды дерек болуы.
5. Қазіргі қазақ территориясында соңғы жүздеген жылдар бойы орыс және түрік мұсылман мәдениетінің аралас өмір сүріп бір-біріне әсер етуі.
6. 20ғ.бастап қазақтарға деген қызығушылық өктемдік тәртіптің коммунистік тәжірбиелердің құрбандары ретінде өсе түсуі.

Өткен ғасырдағы зерттеушілердің бірі неміс ғалымы В.В. Радлов алғашқы болып қазақтың көшпелі қоғамының жетілмегендігі, тағылығы жөніндегі қате түсініктерге қарсы шықты. Ол бұл туралы «біз бұл жерде отырықшы халықтың мәдениетіне қарсы тұрған өркениеттің сатысы мен істес болып отырмыз. Қазақ қоғамында үстемдік құрып отырған анархия емес тек өзіне ғана тән біздікінен өзгеше және барынша реттелген мәдени қатынастар»- деп жазады.

Қазақстан тарихы көп жылдық отаршылдық бұғауынан босап, енді халықтың тарихи санасын объективті тұрғыда қалыптастыруға міндетті. Қазақстан тарихының бүгінгі күнгі басты мақсаты - Қазақстандық патриотизм мен ұлттық намысты қалыптастыру.

2. Қазақстан тарихының деректері

Тарихи дерек дегеніміз - адамзат қоғамының тарихына куә болатын өткеннен қалған кез-келген ескерткіш. Тарихи деректерді пайдалану үшін ондағы мәліметтерді бір жүйеге келтіріп, оның ақиқаттық деңгейін анықтап алу қажет. Тарихи деректің түрлері:

1. *Заттық деректер: еңбек құралдары, тұрмыстық заттар, қару- жарақтар, архитектуралық ескерткіштер.*
2. *Этнографиялық деректер: салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер.*
3. *Лингвистикалық деректер: тілі, жер-су атаулары.*
4. *Ауызша деректер: аңыздар, жырлар, мақалдар.*

5. *Жазбаша деректер: а) Антик ғалымдарының жазбалары: (Геродот, Страбон, Птолемей).*

ә) Ежелгі қытай деректері (Сыма Цян).

б) Ежелгі түрік деректері (Күлтегін, Білге қаған жырлары).

в) Еуропалық жазба деректері (Плано Карпини, Гильом де Рубрук, Марко Поло).

г) Мұсылман елдерінің деректері (Әл Ыдырыси, Әл Масуди т.б.).

д) Ежелгі орыс деректері (Игор жорығы туралы жыр).

е) Дала тарихнамасы: (Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди», Мұхамед Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік», Қадырғали Жалаури «Жылнамалар жинағы» т.б.).

3. Қазақстан тарихының тарихнамасы

Тарихнама дегеніміз- тарих ғылымының зерттелу тарихы. Қазақстанның ежелден бергі жүйелі тарихын жазу тәжірбиесін алғаш бастаған А.И. Левшин болды. Оның «Қырғыз-қайсақ немесе қырғыз-қазақ ордалары туралы жазбалар» еңбегі сол кездегі тарихи этнографиялық әдебиеттің басталуы болды. Қазақстан тарихы бойынша жалпылама еңбектер, бағдарламалар, оқулықтар жасау Кеңес дәуірінде басталды. Бұл ғылымның қалыптасуы кезеңіндегі қиындықтарға қарамастан 1920 жылы А.П. Чулошниковтың «Қырғыз-қазақ халқының тарихы туралы очерктері», 1925 жылы М.Тынышпаевтың «Қазақ халқының тарихы» еңбегі, 1935 жылы С.Д. Асфендияровтың «Ежелгі заманнан бергі Қазақстан тарихы» еңбегі жарық көрді. Онда автор революцияға дейінгі Қазақстан тарихның кезеңдерін ашып көрсетеді. Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылғаны және оның прогрессивті процесс екендігін теріске шығарады. Қазақстанның көне замандағы 19 ғасырда 70 жылдарына дейінгі тарихын 1941 жылы жарық көрген М.В. Вяткиннің Қазақ ССР тарихының очерктері қамтиды. 1943 жылы көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі ҚазақКСР тарихының бірінші басылымы шығарылды, бірақ кезінде бұл еңбек үлкен сынға ұшырады. 1947 жылы шыққан жаңа басылымы да сынға ұшырап, оның авторларының бірі Е.Бекмаханов репрессияға ұшырады. 1977-80 жылдары Қазақ КСР тарихының 5 томдығы жарық көрді. 1990 жылдардан бастап көптеген жаңа оқулықтар жазыла басталды.

1-ші тақырып. ҚАЗАҚСТАН ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕ

Дәуірдің ерекшеліктері:

- Тас дәуірінде адамзаттың дамуы тарихқа дейінгі кезеңде 3 бағытта жүрді:

1. *Антропогенез* – адамдардың маймыл тәрізді үлгіден қазіргі адам кейпіне келуі.

2. *Техногенез* – өңдеу техникасымен еңбек құралдарын пайдаланудың дамуы.

3. *Социогенез* – бұл адамзат қоғамының қарапайым тобырдан күрделі қауымдық коллективке көшуі;

- Тұтынушы шаруашылықтан - өндіруші шаруашылыққа өту (егіншілік, мал шаруашылығы, қол өнер);

- Металлдар мен алтын өндірісін игеру;

- Мал шаруашылығының дамуы, оның жетекші шаруашылыққа айналуы;

- Патриархалдық қатынастың дамуы, жанұялық меншіктің дамуы.

1.1 Қазақстан тас дәуірінде

Адамзаттың ең алғашқы қолданған құралы 2,5 млн. жыл шамасында. Ертедегі адамдардың жасаған құралдарының материалдарына қарап археологтар алғашқы қауымдық құрылыс кезеңін үш кезеңге бөледі. Адамзат тас қасиетін жете білген. Материалды таңдап алу көп жағдайда құралдың неге арналатынына байланысты болған. Түрі мен ерекше сипатына қарай тас бұйымдар: шапқыш чоппер, қырғыш, үшкіртас, соққыш, бұрғы т.б. бөлінген.

Қазақстанның баяғы замандағы тұрғындары эволюциялық дамуы жағынан *Homo Habilis (enmi адам)* фазасына сәйкес келетін питекантроп пен синантроптың замандастары отты тұтатып, оны сөндірмей жағып отыруды білген, ірі және уақ жануарларды аулаумен айналысып, өсімдік тағамдарын жинаған. Қоғамдық қатынас түрі- алғашқы қауымдық тобыр.

Палеолит- ерте тас ғасыры кезеңінің ерекшеліктері (б.э.д. 2,5 млн.- 12мыңжылдық)

<i>Тарихи кезеңі</i>	<i>Адам эволюциясы</i>	<i>Еңбек құралдарын өңдеу</i>	<i>Қоғамдық қатынастардың түрлері</i>
Дошель (олдувай кезеңі)	Homo habilis- шебер адам	Салмақты қарабайыр кескіш құрал-чоппер, чоплинг- қол	Алғашқы қауымдық табын, тобыр
Шель және ашель дәуірлері	Homo erectus- тік жүруші адам	шапқыш Дөңгелек өзектастан(нуклеус) Жасау әдісі кең тарады. Тілгіштер, қырғыштар	

Кейінгі ашель және мустье			Аналық қоғамның белгілері байқала басталды. Үлкен қауым
Ориньяк, салютре, мадлен	Номо sapiens саналы адам	Дротиктер, пышак тіліктер, 20-ға тарта түрлі найза сүңгінің ұштары тескіш, кескіш	Рулық қауым

Мезолит- орта тас ғасырының ерекшеліктері: Микролиттердің пайда болуы, садақ пен жебенің пайда болуы.

Неолит- жаңа тас ғасырының ерекшеліктері: тастың қасиетін жете меңгеру (жылтырата тегістеу, қыру, бұрғылау), тұтынушы шаруашылықтан - өндіруші шаруашылыққа өту (егіншілік, мал шаруашылығы, қол өнер), Ттіпа және тайпалық одақтардың қалыптасуы.

1.2 Қазақстан қола дәуірінде

Б.э.д. III мыңжылдықта Қазақстан жерін мекендеген қауым металды өндіруді кең көлемде қолға алды. Сол себептен б.э.д. IV-III мың жылдықтар "энеолит" яғни "мыстас" дәуірі деп аталады. Кейін мысқа қалайыны қосу арқылы сапасын жақсартқан. Қола дәуірі- б.э.д. 2-1 мыңжылдықтар.

Қола дәуірі тайпаларының мәдениетінің ерекшеліктері

<i>кезеңдері</i>	<i>уақыт аралығы</i>	<i>Кезеңнің сипаттамасы</i>
Ерте қола дәуірі	Б.э.д.18-16 ғғ.	Комплексті егін-мал шаруашылығы, отырықшы өмір сүру, өлікті өртеу мен жатқызып жерлеу ғұрпы
Орта қола дәуірі	Б.э.д.15-13ғғ.	Мал санының көбеюі, бақташылық мал шаруашылығы, қоланың дамуы, тұрақты жерлеу ғұрпы – өлікті сол жағымен жатқызып жерлеу, құрбандық құралдары
Кейінгі қола дәуірі	Б.э.д.12-9ғғ.	Жартылай көшпелі мал шаруашылығынан көшпелі мал шаруашылығына өту, айырбастың дамуы, теңсіздіктің пайда бола бастауы, табу әдет-ғұрпы, дөңгелек жертөлелер

2-ші тақырып. ҚАЗАҚСТАН ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕР ДӘУІРІНДЕ

Дәуірдің ерекшеліктері:

- Еуразия даласында көшпелі шаруашылықтың қалыптасуы;
- Қазақстан территориясында көшпелі шаруашылықтың үш түрінің қалыптасуы- көшпелі шаруашылық (Батыс, Орталық Қазақстан), жартылай көшпелі мал шаруашылығы (Солтүстік, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Алатау, Ұлытау, Қаратау жоталары); Отырықшы мал шаруашылығы (Оңтүстік Қазақстан, Сырдария, Шу, Талас, Іле);
- Темір технологиясын игеру.

2.1 Сақ қоғамы

Жартылай көшпелі мал шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығына ауысты. Тарихта жаңа кезең – ерте темір дәуірі басталады. Геродот, Страбон деректері бойынша б.з.б. VIII – IV ғғ. Қазақстанның негізгі бөлігін сақтардың тайпалары мекендеген. Гректер бұларды «Азиялық скифтер» деп атады. Иран жазбаларында «жүйрік аттылар», парсылар «құдыретті еркектер» деп атады.

Сақтардың 3 түрі:

- *Парадария сақтары* – теңіздің аржағынан келгендер. (Қара теңіздің солтүстігі)

- *Хаомоварға сақтары* – Хаома сусынын дайындайтын сақтар (Мұрғаб өзені, Алтай тауы)

- *Тиграхауда сақтары* – шошақ бөрікті сақтар (Сырдарияның ортаңғы ағысы, Тянь-Шань, Жетісу)

Сақ қоғамы 3 топқа бөлінді:

- Жауынгер – әскери топ (түсі-қызыл, таңбасы –сүңгі мен оқ)

- Абыз – діни адамдар (түсі ақ, таңбасы-табақ)

- Малшы, егінші– (түстері – сары, көк, таңбалары-соқа мен қамыт)

Патша, көсем – жауынгер тобынан сайланды. Билікті ең жауынгер (ер, әйел) жүргізді.

2.2 Номадизм

Номадизмнің пайда болу себептері: географиялық ортаның әртүрлілігі, қоршаған ортаға бейімделген топтың болуы, көлік ретінде қолданылатын жануарлардың болуы, дамыған мүліктік дифференциация;

Еуразия далаларында бақташылыққа, одан кейін көшпелі мал шаруашылығына өтуге жылқы елеулі әсер етті. Жылқыны тамақ, әскери құрал ретінде пайдаланды. Жылқы басқа малдарды қорғады, басқа біреуден малды тартып алуға көмектесті, басқа малдарды шөппен қамтамасыз ету үшін қалың қарды тұяғымен бұзды. Еуразия далаларындағы жылқы бағуға негізделген ең алғашқы шаруашылық- мәдени жүйе элементтері неолит- энеолит дәуірлеріне жатады.

Б.з.д. 1 мыңжылдықта мал шаруашылығы басты шаруашылық түріне айналды. Сақ пен ғұн кезеңдерінде мал шаруашылығы бірнеше формада болды.

Бірінші түрі шөлейт жерлермен байланысты, себебі мұндай жерде жер өңдеумен айналысу мүмкін емес еді. Екінші шаруашылық түрі- жартылай көшпелі мал шаруашылығы және үшінші түрі отырықшы мал шаруашылығы, мұнда негізінен егіншілікпен айналысты.

Номадизмнің ерекшеліктері:

1. Мал шаруашылығының басты түр болуы;
2. Табиғи факторға тәуелділік- экстенсивті шаруашылық сипаты;
3. Мерзімді- маусымдық көшіп- қонуы;
4. Көшке халықтың көп бөлігінің қатысуы;
5. Шаруашылықтың натурал формасының басым болуы;

Номадизмнің мәні: көшпелі қоғамның әр мүшесі әскери адам.

3-ші тақырып. ҮЙСІН, ҚАҢЛЫ, ҒҰН ДӘУІРІ

Дәуірдің ерекшеліктері:

- Ерте таптық қатынастардың қалыптасуы;
- Ерте мемлекеттердің қалыптасуы;
- Орталық Азия тайпаларының жаппай көшуі және Қазақстанның шығыс-ирандық тайпаларының түркіленуі.

Ертетаптық қоғамның белгілері:

- тапқа бөліну шығу тегіне, айналысқан кәсібіне байланысты жіктелуі;
- жеке меншік әлеуметтік жіктелудің басты критерийі емес;
- салық жүйесінің болуы немесе билеуші топ, мемлекет алдында, билеуші топтар алдында бағынышты топтың белгілі бір міндеттер атқаруы.

Ғұн, үйсін, қаңлы қоғамдарында мемлекеттік белгілердің қалыптасуы:

1. Малға деген жеке меншіктің қалыптасуы;
2. Монархиялық билік институты, биліктің мұрагерлік жолмен берілуі;
3. Тұрақты әскердің болуы;
4. Рулық негізге негізделген әкімшілік жүйесінің қалыптасуы;
5. Қоғамдағы адам қарым- қатынасын реттейтін хұқұқтық ережелердің қалыптасуы;
6. Бюрократиялы-шенеунікті аппараттың болуы.

3.1 Ғұн ертетаптық бірлестігі және олардың әлемдік тарихтағы орны

Б.э.д. I мыңжылдығы ортасында Алтай, Оңтүстік Сібір мен Шығыс Қазақстан территориясында «ғұн» деген атпен белгілі ерте мемлекеттік бірлестік қалыптасты. Б.э.д. 70ж. үйсін, ухуань, динлиндер көшпелі тайпалары Қытаймен одақтасып ғұндарға қарсы шықты. 55ж. Ғұн мемлекеті Оңтүстік және Солтүстікке екіге бөлінді.

Батысқа жылжыған ғұндар 4ғ. 70-ші жылдарында оңтүстік- шығыс Еуропаға аяқ тіреді. 376ж. Римге жақындады. Атилла бастаған ғұн әскері Рим империясының орталық бөлігін талқандады.

Ғұндар бастаған «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» әлем тарихында жаңалықтар әкелді:

1. әлем тарихында ортағасырдың қақпасының ашылуы;
2. феодалдық дәуірдің басталуы;
3. құл иеленуге негізделген Рим империясы ыдырап Еуропада ұлттық мемлекеттердің пайда болуы;
4. Қазақстанның шығыс-ирандық тайпаларының түркіленуі.

Ғұн қоғамы: жоғары биліктің атқарушысы - "шаньюй" (жәңгір, шоң – көктің ұлы). Негізгі құрамы 24 көшпелі рудан тұрады (билер, ру басылар) руларға "түмен басылар" бекітілді.

III-VI ғ. Орталық Азиядағы ғұн үстемдігі тиылды. 453ж. Атилла өледі.

Шаруашылығы – мал өсіру (жылқы), аңшылық кәсібі, саудасы – керамикадан жасалға құмыралар және қытай жібегі.

3.2 Үйсін мемлекеті

Б.з.б. ІІ. Жетісу Орта Азиядан келген үйсіндер мекендеді. Негізгі мекені - Іле алқабы. Батыста – Шу, Талас (қаңлылармен шектесті). Шығыста – ғұндармен шектесті. Оңтүстікте – Ферғанамен шектесті. Астанасы - Қызыл Аңғар (Ыстықкөл). Басшысы – Гуньмо.

Сыртқы саясаты: қытаймен дипломатиялық, туыстық қарым-қатынас. (Үйсін Гуньмосы Қытай үйсін ханшасына үйленген).

Шаруашылығы: - отырықшы, көшпелі.

Баспанасы: - Отырықшы үйсін - қам кірпіш, көшпелі үйсін - киіз үй.

Қорғандардың үш тобы: -Үлкен-диам. 8м, биікт. 15м. (алтын қару, қыш ыдыс). Орта қорған- диам. 15м, биікт. 4м. (ағаш ыдыс, темір қару). Кіші қорған –диам. 10м, биікт. 1м.(темір пышақ, қыш ыдыс).

3.3 Қаңлы (Кангюй) мемлекеті

Қаңлы қытайша (Канцзюй) жазба деректерінде б.з.д. 2ғ. айтылды.

Сыртқы саясаты: Жібек жолының Сырдария бойымен жоғарыда Солтүстік Батысқа қарай – Кавказ бен Қаратеніз, түскейге – Иран мен Таяу Шығыс, Үндістанға белсенді билік жүргендерін қазба кезінде табылған олжалар дәлелдейді.

Этникалық сипаты жөнінде: А.М. Бернштам: қаңлылар түркі тілді халық,

Б.А. Литвинский: Қаңлылар иран тілді сақтар ұрпағы (себ:былғары киімді сауытты адамдар), басқа зерттеушілер: Солтүстік мал өсіруші тайпалары қатарына жатқызады

Қару – жарақтары: Ұшы үшкелденіп келетін ұзын найзалар қынабы белдікке қос таспамен бекітілген екі жүзді ұзын семсерлер, жебесі үш қырлы оқтары бар құрама садақтар.

Археологиялық ескерткіштері: Кең бөлігі садақтың өзіне, екі бөлігі оқтарға арналған үш бөлімді қорамсақ. Қорымдар: - Қауыншы және (Ташкент аймағы).Отырар - Қаратау мәдениеті. (Сырдария орта ағысы мен Қаратау, Таласқа дейін). Мекен жайлары: оба қорымдарымен қоршалған (Жаушықұм, Жаманторғай, Төребай-Тұмсық).

Шаруашылығы: темірді балқытып, тұрмыс заттарын жасаған. Сүйектен бойтұмарлар жасаған. Керамика негізгі материал болған. Алтын мен қоладан (бұйымдар, әшекейлер). Мал өсіру (жылқы, қой, ешкі), аң аулау (елік, таутеке, арқар, ақбөкен).

Сыртқы саясаты: Қытай, Парфия, Рим, Кушан елдерімен саяси, экономикалық, мәдени қарым- қатынаста болған.

Шаруашылығы: темірді балқытып, тұрмыс затын жасаған. Сүйектен бойтұмарлар жасаған. Керамика негізгі материал болған. Алтын мен қоладан (бұйымда, әшекейлер). Мал өсіру (жылқы, қой, ешкі), аң аулау (елік, таутеке, арқар, ақбөкен)

4-ші тақырып. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮРІК ДӘУІРІ

Дәуірдің ерекшеліктері:

- 6 ғасырда түрік өркениетінің дамуындағы жаңа кезеңнің басталуы;
- Қазақстан территориясында жергілікті екі мәдениет отырықшы және көшпелілікке негізделген біртұтас шаруашылық жүйесінің қалыптасуы;
- Алтайдан Донға дейін созылған кеңістікте дала мәдениетінің қалыптасуы;
- Түрік дәуірі - бірәлеуметтік құрылымға, рулық негізге құрылған мемлекеттердің өмір сүруі.

4.1 Түрік қағанаттарының саяси -экономикалық дамуы, әлеуметтік құрылымы

Түрік қағанаты (552-603жж.)

Халықтардың Ұлы қоныс аударуы Орта Азияға, Қазақстанға, Шығыс Еуропа Халыққа саяси өзгеріс әкеледі (II – Vғғ.) дәуірі.

Генеалогиялық жағынан ғұн қауымдастығына енген рулардан сақталған, VIғ. ортасына дейін мемлекет құрамында болған түрік тілдес көшпелілер тайпалар саяси аренада 542ж. Түрік қағанаты империясын құрады.

Өздерін ерекше жаралған деп сезінген түріктер Күлтегін жазуында: *"Жоғарыда – Көк аспан, ал төменде қара жер жаратылғанда, ол екеуінің ортасында адам баласы өмірге келді. Адам баласының үстінен патшалық қылып, менің аталарым – Бумын қаған, Естемши қаған отырды. Олар мемлекетті сақтап түркі елінің заңдарын бекітті"* - деп басталады немесе араб тарихшысы Әл-Жағиз: *«Түркілер – аз қозғалып, бір орында отыра беруді жек көретін халық. Олардың ойында жаугершілік, олжа іздеу, өзге елдерді бағындыру»* - деп көркемдейді. Vғ. түркі тілдес халықтардың территориясы – Солтүстік Монғолиядан Шығыс Европаға дейін, Оңтүстік Амударияның оң жағалауын дейін алып жатқан.

- 542ж. қытай шежіресінде "түрік" атауы аталады. 546ж. Алтайда соғысқа 50 мың үйлі теле тайпасы жеңіліп, түріктерге қосылуы, түріктерді күшейтеді.

- 552ж. Түрік қолбасшысы Бумын жеңеді, өздерін бұрын билеген жужан аварларға қарсы күрес шығады, түрік қағанаты құрылады. Негізін салушы Бумын. 553ж. Бумын - қаған қаза табады. Мұрагері – Мұқан қаған (553-572) Мұқан қаған кезінде VIғ. Түрік қағанаты Маньчжуриядағы қидандарға, солтүстіктегі Енисей Қырғыздарына Шығыс Солтүстік Қытайға қарсы шығып, жеңіске жетеді. Осыдан мықты мемлекетке айналды. Түріктер Орта Азияға аттанар жолда (Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркістанға дейінгі территориядағы) эфталиттер қарсылығына кездеседі. 561-563жж. Түрік-Иран келісімі эфталиттерге қарсы).

587ж. Түріктер эфталиттерді жеңеді (Бұхарда). Жібек жолы түріктер қолында қалады. Иран, Парсы кедергі болады. Батысында Византия – Түрік әскери одағы пайда болады.

603ж. Түрік қағанаты әлсірейді (ішкі тартыс). Батыс Түрік бөлініп шығады. Территориясы Шығыс Түркістан, Әмудария, Еділ, Солтүстік Кавказ.

Батыс Түрік қағанаты (603-704жж.)

Этникалық құрамы: он тайпа (он оқ будун), Шығысында–5 тайпалы дулу, батысында– 5 тайпалы нушабилер тұрған. Астанасы Суяб (Тоқмақ қаласы Қырғызстан Шу өзенінің бойы). Жазғы ордасы- Испиджаб қаласы (Сайрам).

Лауазымдары- қаған, жабғу, шад, елтебер қаған әулетіне ғана тән болды.

Сот қызметін атқарушы –тарқан, халқы қара бодан (еркін малшы).

Батыс Түріктің ең мықты қағандары- Жәғұй (610-618), Тоқ жабғу (618-630) —→Батыс Түрік Тоқарысқа, Ауғаньстанға қарсы шығады. Мақсаты-құл иелену. Салық жинаушы–тудун (қағанның орынбасарлары)

- 640-657жж. ішкі тартыстар күшейуінен қағанат әлсіреді.

- Тан империясы Жетісуды тартып алады.

- 8ғ. басында түркештер саяси жетекші болады.

Түркеш қағанаты (704-756 жж.)

Үш- Елік қаған (699-706жж.) Жетісуда билік құрды.

Түркеш қағанаты Тәшкент, Тұрпан, Бесбалықта билігін жүргізді.

Бас астанасы Суяб, Шу өзені бойы, екінші астанасы Күңгіт, Іле өзенінің жағалауында. Елді әр бөлікте 7 мың әскері бар, 20- еншілікке бөледі.

Осы кезеңде арабтардың 705ж. Бұхарға жорығы осы одақтың араласуынан сәтсіз аяқталады. 706-711жж. Сақал қаған (Үш Елік қағанның баласы) мұрагері болады.

- Ішкі саясатында таққа талас.

- Сыртқы саясатында Тан империясы мен араб соққылары.

- 711ж. Болучи шайқасы (Жоңғария) Түркеш пен Шығыс түркеш қапағаны арасында қақтығыс. Шығыс қағанаты жеңеді.

Сұлу қаған (715-738жж.) тұсында Түркеш қағанаты күшейеді. Билік қара түркештер қолына көшеді. Ордасы - Тараз.

Арабтар (батыста) - Сұлу қаған -- Тан империясы (шығыста).

- 723ж. Түркештер (жеңеді) - Араб (жеңіліп, Сұлуға Әбу Мұзахим-Сүзеген деген лақап ат береді).

- 736ж. Араб (жеңеді) - Түркеш (жеңіліп, Сұлу қаған өз қолбасшысы Бағатархан қолынан өледі).

- 746ж. Қарлұқ (жеңеді)- Түркеш. Қытай (жеңеді) - Түркеш. Түріктердің екі жағынан шапқыншылық

- 751ж. Тараз (Атлах қаласы). Араб жеңеді. Қытай (жеңіледі) – Түркеш Талас шайқасы (Зияд ибн Салих) (Уао Сяньчжи).

- 756ж. Түркеш құлады, қарлұқ күшейеді.

Қарлұқ мемлекеті (756-940жж.)

Олардың V ғасырдағы территориясы: Алтай–Балхаш (көшпелі). Негізгі территориясы бұрынғы Батыс Түрік қағанатының жері.

Шығыста - Жоңғар Алатауы, Батыста – Сырдария, Солтүстікте - Балқаш көлі

Оңтүстікте - Ыстықкөл. Құрамы –болат, шігіл, ташлық. Тайпа көсемінің титулы - елтебер, жабғу.

VIIIғ. 776 жылы түркеш құрамына – қарлұқ, оғыз, ұйғыр, қимақ тайпалары қосылып қарлұқтар Жетісуда Қарлұқ қағанатын құрды.

Астанасы- Суяб.

Қарлұқтар Қашқарияны (766-775жж.) басып алады, Ферғанаға (VIIIғ. аяғы) ықпалын жүргізеді.

Қағанат көсемі - жабғу, ал 840 жылдан кейін қаған.

Құрамы 9 тайпа – тухси, шығыл, азкіші, түркеш, халас, жарұқ, барысхан, иран тілді соғдылар болды.

VIII-Хғғ. Мемлекетте түркілену процесі жүрді (отырықшы- егінші) 840 жылы орталық Азияда енисей қырғыздары, ұйғыр қағанатын жояды. Осы кезде қарлұқ жабғуы Испиджаб билеушісі білге құл қадыр хан өзін қаған деп жариялады.

IX ғ. аяғы Араб → қарсы шығады. Испиджабты жеңеді. Ислам діні кірді. Нәтижесі Бағдаттағы араб халифатына сырттай бағынышты болды.

Баласағұн талқандалғаннан кейін, 940 жылы қарлұқ мемлекеті талқандалды. *Қарлұқтардың ыдырау себебі:*

1. *Оғыздарға күрес кезінде Чигил (Ыстықкөл), Іле алқабында яғма тайпалары ыдырайды.*

2. *Қашқар жағынан келген қатер. Яғни билікке талас.*

4.2 Ұлы Жібек жолының әлеуметтік-экономикалық маңызы мен халықаралық қарым-қатынастың дамуына тигізген әсері

VI–VII ғасырларда Қытайдан шығып, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін Жібек жолының бөліктері жанданды. Жолдың бұлай ауытқуын бірнеше себептермен сипаттауға болады. Біріншіден, Жетісуда Орта Азиямен жүретін сауда жолдарын бақылайтын Түрік қағандарының ордалары болатын. Екіншіден, Ферғана арқылы жүретін жол VII ғасырда қырқыс салдарынан қауыпты болып қалған еді, үшіншіден аса бай түрік қағандарымен олардың айналасындағы кісілер, теңіздің арғы бетінен келген тауарларды аса көп тұтынатындар қатарынан саналатын.

Жетісу – Ұлы Жібек жолының Шығысқа шығатын басты қақпасы. Испиджабтан шыққан керуендер шығысқа қарай бет алып, Шараб және Будухкент қалалары арқылы Таразға барады екен. Қазақстанның аса ірі қалаларының бірі Тараз. Таразбен қатар Жамухат деген шаһар тұрған. Алқаптың жазық жағында Атлах қаласы бар, керуен жолының бір тармағы Ыссық көлдің жағалауына шыққан.

Ұлы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан арқылы Батысқа шығатын негізгі тармақтары. Егер Жібек жолымен батыстан шығысқа қарай жүрсек, оның Қазақстандағы учаскесі Шаштан (Ташкент) шығып Тұрбат асуы арқылы Испиджабқа, Сайрам (Сарьямға) келеді. Сырдария бойындағы керуен жолының үстінде тұрған қалалардың ірісі- Отырар болатын. Ал Женттен Қызылқұм арқылы Хорезм мен Үргенішке қаражол тартылып, Одан әрі Еділ бойымен Кавказға асып кететін болған.

Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін негізгі арқауынан жол тарамдалып, терістік пен Шығысқа қарай, Орталық және Шығыс Қазақстан аудандарына, кейін Сарыарқа атымен мәлім болған Дешті Қытшаққа, Ертіс жағалауы мен Алтайға, Монғолияға асып кетеді екен. Осы

арамен атты көшпелілер тайпалары жүретін дала жолы өткен. Сөйтіп малға, жүн мен теріге, металға бай Орталық Қазақстан аймағы саудасаттық байланыс жүйесіне, оның ішінде халықаралық жүйеге тартылып, көптеген керуен сүрлеулері арқылы Жібек жолы торабымен тоғысады.

*Сауда мен тауарлары, ақша айналымы. Жібек жолы әуелгі кезде қытай жібегін шетелдерге шығаруға қызмет еткен. Сосын реті келген кезде Рим мен Византиядан, Үндістан мен Ираннан, Араб халифатынан, кейінірек Еуропа мен Русьтен осынау күре жолмен *мирри мен ладан, жасмин суы мен амбра, кардамон мен мұқсат жаңғағы, женьшеньмен питонның өті, кілемдер мен маталар, бояулар мен минералды шикізат, гаухар мен яшма, янтар мен құралдар, піл сүйегі мен «балық сояулары», құйма күміс пен алтын, ұлпандар мен теңгелер, садақ пен жебелер, семсер мен сұңгілер* т.б. көптеген заттар әрліберлі тасылып жатқан. Сауданың ең басты жиһазы жібек алтынмен бірге халықаралық валюта болған, оны хандар мен елшілерге тарту еткен, жалдамалы әскерге жалақы етіп берген, мемлекеттік қарызды сонымен төлеген. Қалада тауар айырбасының негізгі үш бағыты: *елдер арасындағы, қала мен оның төңірегі арасындағы, қала мен көшпелі дала арасындағы бағыттары тоғысып жатты.**

Оның халықаралық қарым-қатынастың дамуына тигізген әсері. VII-XIV ғасырларда елшілік және сауда керуендерінің дені Жібек жолымен жүретін. Сан ғасырлар бойы жол тынымсыз өзгеріп отырған, оның бір учаскелері айрықша маңыз алып, көркейіп жатса, екінші бір учаскелері жабылып, ондағы қалалар мен сауда орталықтар, бекеттері қаңырап бос қалған. Мәселен, VI-VIII ғасырларда негізгі күре жол Сирия– Иран– Орта Азия Оңтүстік Қазақстан– Талас алқабы– Шу алқабы– Ыстық көл шұңқыры– Шығыс Түркістан болған. Осынау жолдың бір тармағы, дәлірек айтсақ, тағы бір бағыты Византиядан шығып, Дербент арқылы Каспий өңірі даласына – Маңғыстау– Арал өңірінен өтіп, Оңтүстік Қазақстанға жеткен. Бұл жол Сасанилар Иранына қарсы, батыс түрік қағанаты мен Византия арасында сауда-елшілік одағы жасалған кезде, Иранды айналып өтетін болған. IX- XII ғасырларда жолдың бұл желісі, Орта Азия мен Таяу шығыс арқылы Кіші Азия мен Сирияға, Мысыр мен Византия баратын жолға қарағанда, едәуір аз пайдаланған.

Түріктер қағанат дәуірінде Еуразиялық сауда-саттыққа шұғыл кірісті. Ол шаруаның бір қатардағы соғды саудагерлерін қолдау арқылы шешілгені анық. Ұлы Жібек жолы тармақтарына иелік жасау саясаты түркілердің көрші империялармен тығыз араласуына себепкер болды, әсіресе Қытай жібегін парсы жері арқылы Византияға шығару түрлі саяси-дипломатиялық амалдарды талап етті. Түрік қағанатына көршілес империялар арасында делдалдық жасауға тура келді.

4.3 Қарахан және Қимақ мемлекеттері

Қарахан мемлекеті (942-1210жж.)

*Осы кезеңде: Жартылай көшпелі мал шаруашылығы қатынасы ұлғайды;
- Егіншілік(отырықшылық, қолөнер дамыды);*

Бұл процесс оңтүстік-шығыс аудандарда күшейді.

Себеп: Табиғи-географиялық жағдай, халықаралық сауда жолының өтуі.

Орталық, Солтүстік-шығыс аудандарда мал шаруашылығы үстем болды.

X ғасыр ортасында Жетісу және Шығыс Түркістан (Қашқар) бір бөлігінде феодалдық құрылымды Қарахан мемлекеті пайда болды. Себепші: Қарлұқ тайпасынан(чигил, яғма да кірелі) ыдырауы.

Этникалық құрамын күрделі бір деректер ұйғыр мен қарлұқ бірігіп құрды десе, кейбір деректер де яғма мен шігіл тайпалары.

Территориясы: Шинжаң, Жетісу, Мәуреннахр.

940 жылы Сатұқ боғра хан Баласағұнды өзіне қаратты. Бұл Қарахан мемлекетінің тарихи бастауы. Кейін Қашқармен Таразды, Жетісуді қаратады.

940 жылы Мемлекеттік діні–ислам; Астанасы–Қашқар; Шығыс қағанат-ордасы, билеушісі- Мұса (Сатұқ баласы).

Батыс Қағанат территориясы- Мәуреннахр және Ферғананың батыс бөлігі. *Астанасы* Ұзкент, кейін Самарқанд қаласына ауыстырылады.

Шаруашылығы: Көшпелі мал шаруашылығы және жартылай көшпелі мал шаруашылығы.

«ихта» - хандардың туыстарына халықтан салық алу хұқығын сыйға тартты.

Коммемдация- әлсіздің әлдіге жерін беріп, әлдінің әлсізді қорғауы;

Саяси құрылысы:

- «Арслан» (арыстан, боғра)– Қарахан билеушілерінің жоғарғы атағы, арслан чигилер көсемі, боғра-яғма көсемі. (Әли арыслан мен Сатұқ Богра)

- «Тамғаш хан» - хандардың ханы. ХІІғ. Қараған мемлекеті құлады.

Себеп: мемлекеттің екіге бөлінуі: Садұғ богра хан мен Әли арыстан хан.

Билік қарақытайлар қолына өтеді.

Мәдениеті: -Испиджаб – сауда орталығы. Ақша құю Тараз, Отырар, Самарқанд, Бұхар, Шаш қалаларында жүреді. X-ХІғғ. сәулет өнері дамыды, ою-өрнек нақышы (Айша Бибі, Аяққамыр, Алаша, Әулие ата, Баба әже, Сырлыкеніш, Тараз моншасы, Таластағы тас көпір)

Қимақ қағанаты (IXғ. –Xғ. басы)

Қытай деректерінде - Яньмо (қимақ) тайпасы

Олар VIIIғ. басында Солтүстік Батыс Моңғолияда, VIIIғ. ортасында Солтүстік Алтай, Ертісте қоныс тепті.

Ішкі саясаты:

- 656ж. тайпа күшейе берді.

- 840ж. (Ұйғыр қағанаты құлап, біразы қимақтарға қосылды.

Құрамы: 7 тайпа – әймур, имақ, қыпшақ, татақ, баяндур, ланиказ, ажлар.

Тайпа басшысы – жабғу (ябғу)

Сыртқы жағдай:

- IXғ. II жартысында 12 тайпа болды, ең мықтысы – қыпшақ

- ХІғ. басы - қимақ қағанаты құлады

- қыпшақтар күшейді;

- дара билікке ұмтылу;

- Орта Азия көшпелілер соғысы әсерінен сырттан келудің күшейюі;
- Билеушісі – қаған, шексіз билік.

4.4 Оғыз мемлекеті (IX-XI ғғ. басы)

VIII ғ. түркештер қарлұқтармен соғыста жеңіледі де, Жетісудан Шуға көшеді.

- IX ғ. басы қарлұқ, қимақ, оғыз, қаңғар -печенег бірлестігі құрылады.

Территориясы: Сырдарияның төменгі ағысы, Арал

- IX ғ. аяғы хазар, оғыз → қаңғар – печенег бірлестігі - Орал, Еділ жерінде.

Орталығы: Жетісу, әрі Оңтүстік, Батыс Қазақстан

IX ғ. аяғы- XI ғ. басы *территориясы:* Сырдария – Еділ, X ғ. астанасы – Янгикент. Қағанат билеушісі: жабғу, құрамы : 24 тайпа.

- 965ж. Киев Русі, оғыз (жеңді) → Хазар қағанаты;

- 985ж. Киев Русі, оғыз (жеңді) → Еділ бұлғарлары

Ішкі тартыс: X-XI ғғ. Оғыз көтерілісі – салық наразылығы

Сыртқы саясаты: Селжұқтармен соғыс;

- қыпшақтармен соғысы (құлатты);

Әскер басы: сюбашы, жабғудың орынбасары – күл-еркін, діні – пұт, шам.

4.5 Ерте орта ғасырдағы Қазақстан мәдениеті

Тіл және жазу. VI–VIII ғасырларда Қазақстан мен көршілес аумақтарда ертедегі түріктердің бірнеше тілдік топтары: бұлғар–хазар, батыс түрік (оғыз), қарлұқ қалыптасады. VIII–X ғасырларда, алғашында Ертіс өңірінде кимек–қыпшақ тобы, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда иран (көбінесе соғды) тілдік тобы сақталып, осы ортада семит тілдерінің бірі– сирия тілінде сөйлеген өте шағын халық топтары болған. Кейініректе мұнда басқа бір семит тілі– Орта Азияны жаулап алушы арабтардың тілі енді, бірақ діни және заң саласында тым шектеулі түрде ғана қолданылды. Біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың аяғына қарай Солтүстік Қазақстанда түрік тілдерінің угор тілдерін ығыстырып шығару үрдісі аяқталды. Сонымен, б.з. I мыңжылдықтың ортасы мен екінші жартысын Алтайдың батысынан Еділ бойына дейінгі далалар, соның ішінде VIII–X ғасырларда оғыздар мемлекеті құрылған Каспий–Арал өңірі аймағы, сондай-ақ Жетісудың түргеш–қарлұқ (батыс түрік) халқының түріктену кезеңі деп қарастыруға болады.

Ертедегі түрік жазуы. Түрік қағанаты тарихының алғашқы кезеңінде, VII ғ. бірінші жартысында, бірнеше белгілермен толықтырылған соғды жазуы негізінде түріктердің жазуы пайда болды. Геометриялық пішіндегі 38 таңбадан тұратын жазу ағашқа немесе тасқа жазуға бейімделген еді. Ертедегі түрік жазуын тұңғыш рет XVIII ғасырдың 20-жылдарында I Петрге қызмет атқарған неміс ғалымы Д. Мессершмидт пен оған еріп жүрген шведтің тұтқын офицері И. Страленберг Енисей аңғарында ашты. Олар Скандинавияның руналық жазумен ұқсастығына қарап оны «руналық» жазу деп атады. 1889 жылы Н.М.

Ядринцев Солтүстік Моңғолияда, Орхон өзенінің аңғарынан руна жазулары бар орасан зор құлыптастарды тапты.

Табылған тексті оқудың бірінші болып кілтін тапқан дат ғалымы В. Томсен және жазбаларды алғаш рет оқыған орыс түркологы В.В. Радлов болды. Ескерткіштердің табылған жері бойынша жазу «орхон–енисей» жазуы деп атала бастады, ал тілі мен жазылу сипатына қарай ол ертедегі түріктердің руналық жазуы деп аталып келеді. Ең әйгілілері– Білге қаған мен оның інісі, қолбасшы Күлтегіннің құрметіне 732-735 жылдары тұрғызылған ескерткіштер және екінші Түрік қағанатының алғашқы қағандарының кеңесшісі Тоныкөктің (716 жыл) құрметіне орнатылған ескерткіш. Бұлар тарихи құжат және әдеби шығарма. Орта Азия мен Қазақстан территориясындағы ескерткіштер Батыс Түрік қағанаты мен Қарлұқ мемлекетіне (VII-IXғғ.) қатысты, қола айналардағы жазулар кимектерге тән, ағаш таяқшадағы жазудың біршама жұмбақ сыры бар. Ондағы жазу түрі орхон – енисей жазуынан өзгеше. Ертедегі түріктердің руна жазуын XI – XII ғасырларда Орталық және Орта Азияда әуелі ұйғыр курсиві, содан соң ислам дінін қабылдаған түркі тайпаларының арасына тараған араб жазуы ығыстырып шығарды.

Қалалардың пайда болуы, қалалық мәдениет. VIIғ. басында Жетісу өлкесіне саяхат жасаған Сюан Цзан «*Суябтан (Батыс Түрік қағанатының астанасы) батысқа қарай бірнеше қала бар, әрбіреуінің өзгеше бағынбайтын бектері болғанымен, бірақ барлығы түркілік қағанға тәуелді. Шудан гешуанға (Құшан) дейінгі аймақ түгел түркі Сули (Согды) атанды. Халқының жартысы егіншілікпен, қалғаны саудамен айналысады*»-деп жазды. Алғашқы орта ғасыр дәуірінде отырықшылық Қаратаудың солтүстік жағында да дамыған. Академик Ә.Х. Марғұланнның зерттеуі бойынша, мұндағы қыстақ-кенттерде жергілікті тайпалардың отырықшылануы деп көрсетеді. Орта ғасыр дәуірінде отырықшылық өмірдің дамуы Жетісу жерінде де жүрген.

Соңғы кездегі археолог Байпақовтың зерттеуіне қарағанда, солтүстік-шығыс Жетісудың өзінде қырықтан астам қалалық өмірдің іздері табылған. Олардың көпшілігі Іле, Қаратал, Лепсі, Ақсу өзендерінің бойында орналасқан. Қоныстар салыну жүйесі жағынан: *орталық, шахристан, рабад* бөліктерден тұрады. Жазба және археологиялық материалдардың хабарына қарағанда, қалалық дәуірдің гүлденген кезі X–XIIғғ. болып табылады. Бұл Қараханид мемлекетінің дамыған мезгілі.

Дін және мәдениет. Исламның таралуы.

Ерте орта ғасырларда Қазақстан жерінде бірқатар діни сенімдер мен діндер болған: *Оңтүстік Қазақстанда зороастризм діні сақталды.* Бұл діннің қазақ жерінде болғанын ғалымдар отқа табыну орындары, адам сүйегін ыдысқа салып жерлеу ғұрпынан, қойға табыну дәстүрлерінің сақталғаны арқылы дәлелдейді.

Түркі тайпалары пұтқа табынған яғни Көкке (Тәңірге) және жерге, суға сыйыну болды. Түркі қағандары Көк тәңірі әмірімен билік құрамыз деп санаған. Көк тәңірінің әмірімен жеңіске жетеміз не жеңіліске ұшыраймыз деп сенген. Маңызы жағынан Көк Тәңірінен кейін екінші орында Ұмай – құдай ана тұрды.

Ол отбасының, ошақтың, балалардың қамқоршысы болып саналады. Түркілерде қасиетті тауларға табыну да кездеседі.

Будда дінінің таралуы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға соғдылықтардың келуімен байланысты болған. VIII ғасырда Батыс Түріктің кейбір қағандары бұл дінді қолдаған. Будда храмдары Испиджабта табылған. Месопотамия жерінен шыққан *манихей діні* қазақ жеріне Мәуреннахр отырықшылары арқылы келген. Бұл діннің Қазақстандағы орталығы Тараз болды. Манихей дінінің қағидасы бойынша өмір жақсылық пен жамандықтың күресінен тұрады. Мал етін жеуге қарсы болды, тек өсімдік тағамдарын пайдалануды уағыздады.

V ғасырдан бастап Қазақстанға *христиан дінінің несториандық бағыты* тарала бастады. Негізін салушы Нестор деген монах. Несториандар қасиетті Мария құдайды емес Христосты туды, ал Христос адам бейнесіндей тұлға деп уағыздады. Сол үшін Нестордың жолын қуушылар қуғындалды. Олар бұл дінді Орталық Азияға, Қазақстанға одан әрі Қытай мен Моңғолияға таратты. V–VIII ғасырлардағы несториандық шіркеулер Тараздан, Меркіден, Жетісудан табылды. Түркілер өлгендерді *ежелгі шаман дәстүрімен* жерлеген. Орта ғасырлық авторлар түрік сиқыршылары «жад» тасының сиқырлы күшімен жаңбыр жауғыза алады, үскірік аяз шақыра алады деп жазған. Түркілердің сиқырлы күшке, шаман, бақсы, балгерлерге сенетіні жайлы парсы тарихшылары да жазған. Сөйтіп, ерте орта ғасырлар дәуірінде қазақ жеріндегі отырықшы және көшпелі халықтар діни көзқарастары әр түрлі болғанымен ерекшеленеді.

Ислам діні. Ислам діні VIII ғасырдан бастап Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға таралды. X ғасырда ислам діні қарахандар мемлекетінің ресми дініне айналды. Ислам-өте икемшіл дін. Ол Құранда жазылған уағыздар, шариғатта көрсетілген талаптарды халық бойына сіңіре отырып, сол халықтардың жергілікті әдет-ғұрыптарына икемделе білген, олармен санасқан. Мұсылмандық суннит, шииттік болып екіге бөлінеді. Қазақтар оның суннит бағытына жатады. Ислам дінінің қазақ жеріне орнығуы халықтың рухани, идеялық жағынан бірігуіне ынтымақтасуына жағдай жасады. Мұсылмандық алдымен Оңтүстікте сосын орталық, солтүстік, шығыс, батыс аймақтарға XII ғасырға дейін біртіндеп таралды.

Ислам діні–қазақ халқын мұсылмандық мәдениетке жақындастырып, ғылым-білімнің, әдебиеттің дамуына да оң әсер етті. Исламның адамды жақсы істерге, ой тазалығына, қарапайымдылыққа шыдамдылыққа тәрбиелеуі–қалың бұқара арасында бұл дін уағыздарының кең таралуына жағдай жасады. Орта Азия мен Қазақстан жеріне ислам дінінің таралуына байланысты екі мәдениет, екі алфавит тартысқа түсті. Бірі–түркі мәдениеті мен түркі алфавиті, екінші–араб–парсы мәдениеті мен алфавитін бірте-бірте арабтыкі жеңді. Себебі, араб тілі Шығыстағы ғылым тілі болатын. Сондықтан да түркі ғалымдары ғұламалары араб–парсы мәдениетін, араб тілін игерді, сол тілде еңбектерін жазды. Сол арқылы әлемге танылды және өздері де Ислам мәдениетін байытты. Ислам дінінің қазақ жеріне орнығуы кейбір қалаларымызды діни-рухани орталықтарға айналдырды. Ал, далалық өлкелердегі көшпелілер үшін табиғаттың тылсым күшіне сыйыну әлдеқайда биік тұрды, едәуір рөл атқарды.

Жалпы қазақ қоғамы үшін кез келген сенім қажеттіліктен туындады. Қазақтар дінбасылары уағыздаған ислам қағидаларын жаттай отырып, оны өз салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпына, тұрмыс- тіршілігіне ыңғайлады. Осыған орай ислам дінінің қазақ арасында жаппай орнығуы ХІХ ғасыр.

Ғылым мен білімнің дамуы. Ислам дінінің Қазақстанда орнығып дамуы қазақ жерінде ғылым мен білім салаларының дамуына ықпал етті. Сайрам; Отырар, Түркістан т.б. қалаларда діни медреселер салынып ғылым білімге кең жол ашылды. Талай түркі ғұламалары алғашқы білімді осы медреселерде алып содан кейін Орталық Азия мен араб елдеріндегі үлкен ғылым ордаларында жалғастырды.

Мұсылмандық Ренессанс өкілдері: Әбу Нәсір әл-Фараби (870–950жж.) болды. Ол Фараб (Отырар) қаласында әскербасының отбасында дүниеге келген. Алғашқы білімді Отырар медреселерінің бірінде алған. Шаш (Тәшкент), Самарқан, Бұқара қалаларында білімін жетілдірген. Бағдат, Дамаск (Шам), Александрия қалаларында тұрған. Әл-Фараби барлық өмірін ғылымға арнайды. Дүние, байлық, мал жинамайды. Қызмет лауазымын қумайды. Оның философия мен логика, математика мен физика, социология мен логика, астрономия мен ботаника, минералогия мен лингвистика медицина мен музыка, ғарыш, заң ғылымдары саласын қамтыған. 160-қа жуық еңбектері (трактаты) бізге жеткен.

Махмуд Қашғари Ыстықкөл жағасындағы Барысхан қаласынан шыққан белгілі ғалым, филолог және географ. Ол Шығыс елдері мен Орталық Азия мемлекеттеріне көп сапар жасаған. Түрік тілдерінің бәрін дерлік білген араб тілін өте жақсы меңгерген. 1074 жылы Бағдат қаласында «Диуани лұғат ат-түрік» («Түрік тілдерінің сөздігі») атты үш томдық еңбегін жазған. Ол шығармада түркі халықтарының тарихы, Орталық Азия географиясы және сол жердегі қалалар туралы көп мәліметтер бар. Қолжазбада әлемнің дөңгелек картасын жасап көрсеткен. Картаның ортасында Қашғар, Жетісу және Баласұғын қалалары орналасқан. КСРО кезіндегі көрнекті шығыстанушы ғалым, В.В. Бартольдтің сөзіне қарағанда «Қашғари – Орта Азия туралы жазған араб авторлары ішінде кітап деректерінің негізінде емес, өзінің бұл елдерді өте жақсы білетіндігіне, өз біліміне сүйеніп жалғыз ғалым». Еңбектің түп нұсқасы бізге жетпеген. Оның жалғыз көшірмесі 1266 жылы жасалған. Түркияның Стамбул кітапханасында сақтаулы. М.Қашғари – тұңғыш тіл маманы. Барлық саналы ғұмырын түркі тілдерін, тарихын, мәдениетін зерттеуге арнаған. Ал түркі тілінің бір бұтағы қазақ тілі екені белгілі. Осыдан он ғасыр бұрын жазылған М.Қашғаридың «Түрік сөздігі» түрік тілінің ұлы ескерткіші, энциклопедиялық анықтама деуге болады.

Жүсіп Баласағұн. (1021-1075жж.) Шу өзені бойындағы Баласағұн қаласында туған. «Құдатғу білік», дастан 85 тараудан тұратын (6520 бәйіт, саясат, заң, этика) -философиялық шығарма. Бұл еңбек алғаш рет түркі тілінде жазылған. Ол өзінің еңбегінде: «Арабша, тәжікше кітаптар көп, ал бұл – біздің тіліміздегі тұңғыш даналық жинағы»- деп түркі тіліндегі кітаптардың жоқтығын айтады. Ол өз тілін қорсынып араб, парсы сияқты жат елдің тілінде сөйлеу шығарма жазу сияқты әрекеттерге қарсы болған. Сондықтан да ана

тілінде жазылған бұл еңбектің маңызы зор. Даналық дастанында адамға білімнің тірліктегі мәні адам іс-әрекетінің оңы мен терісі түрік тілінен келетін пайда мен зиян ел билеуші әкімдерге қажетті жақсы қасиеттер әр текті жұртшылық өкілдерінің тілін таба білу туралы ой –толғамдар, отбасы және неке, ұл мен қыздың тәрбиелі өнегесі, бала мен ата – ананың қарым-қатынасына байланысты мәселелер жан – жақты сөз болады.

Ахмет- Иассауи (1093–1126жж.) де өз шығармаларын түркі тілінде жазғанымен араб алфавитін қолданған. Ол ақын, философ, дін уағыздаушы Түркістанда өзінің шығармашылық, діни қызметін бастаған. Суфизмнің негізін салушы. Оның «Құран» кітабына жасалған талдаулары «Даналық кітабы» арқылы халық арасына кеңінен таралды. Оның ілімі мен әулиелілік қасиеті Түркістанды да әйгілі етті. Оның діни рухани ұстазы әулие Арыстан баб болған. Бұл еңбектің бізге жеткені XV–XVI ғасырлардағы көшірмелер, түпнұсқасы сақталмаған. Бұл еңбекте адамды даналыққа адалдыққа кішіпейілдікке шақырады. Аллаға адал болуға баулиды дін жолында таза болуға үгіттейді. Ақын өз заманының әділетсіз билік иелерін қатты сынға алады. Ол 63 жасқа келгеннен кейін «Енді былайғы өмірін күпірлік пайғамбар 10 жылын жер астында жасалған мінәжатханада (қылуы) өткізеді.

Сүлеймен Бақырғани (XIIғ. өмір сүрген) артына өнеге, насихатқа толы өлеңдер қалдырған. «Ақырзаман», «Бақырған» деген өлең кітаптары кейін жарық көрген. Өмірдің өткені екенін сөз етіп, діни жолымен тағдырға мойын ұсынуды уағыздаған. Бұл ойшыл халық арасында Хакім ата деген атпен танылған.

Ахмет Игунеки (XIIғ. өмір сүрген) де Түркістанда туған. Араб, парсы тілдерін меңгерген ойшыл, ақын. Бізге жеткен «Хақиқаттар хадисі» деген шығармасы. Дастанда адамгершілік, әділеттік, білімділік, ақыл-парасаттылық сияқты өнегелі тәлімдер дәріптеліп адамшылыққа жат іс-әрекет, мінез-құлықтар сыналады. Білім жөнінде, тіл туралы, сақтылық әдептілік, дүниеқорлық т.б. мәселелер туралы пікір қозғалады.

5-ші тақырып. ҚАЗАҚСТАН АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕ (XIII-XV ғғ.)

Дәуірдің ерекшеліктері:

- Алтын Орда дәуірі – Ұлы далада экономикалық, мәдени өрлеу уақыты;
- Қазақстан халықаралық байланыстар мен сауданың тоғыстыратын жолына айналуы;
- Қазақстан даласында билікті орталықтандыру идеясына өтуі;
- Қазақстанда этносаяси үрдістердің дамуы антропологиялық жағынан айқындалуға, этникалық картасының қалыптасуына әкелуі.

5.1 Қазақстан тарихындағы моңғол кезеңі. Алтын Орда дәуірінің негізгі тарихи оқиғалары:

- 13ғ. басында Орталық Азияда Шыңғыс ханның басқаруымен көшпелі мұңғұл тілдес тайпалардың (найман, керей, жалайыр, меркіт, дулат) басын біріктірген Моңғол мемлекетінің құрылуы;

- 1207-1218жж. Моңғолдардың империядан тыс Оңтүстік Сібірге, Қытайға соғыс жорықтары, Қазақстанның бір бөлігінің (Жетісу тайпалары-қарлұқтар мен ұйғырлар) қарсылықсыз бағынуы және моңғолдар шапқыншылығына бағынуы;

- Қазақстан мен Орта Азия жеріне моңғолдардың шапқыншылығы және 1218-1220жж. бұл жерлерді жаулап алу; егіншілік шаруашылығын жақсы игерген бай орталықтары Сырдария мен Мәуреннахр қалаларын жаулап алу біраз зардаптар әкелді, қалалар құлазыды;

- Қазақстан территориясы Шыңғыс ханның үш ұлының ұлысының құрамына енуі: Жошы ұлысы – Ертістен Жайыққа дейін (Дәшті Қыпшақ), шағатай ұлысы- Жетісу мен Оңтүстік), Үгедей ұлысы- Шығыс қазақстанның бір бөлігі, Батыс Моңғолия мен Тарбағатай;

- 13ғ. 2- ші жартысы- 14 ғ. 1-ші жартысы Алтын Орданың көтерілу және саяси күшейуі кезеңі, бұл кезең қала мәдениеті мен егіншіліктің қайта өрлеу кезеңі болып сипатталады; Яғни, Ұлы даланың өркендеу кезеңі (Орталық және Батыс Қазақстан, Поволжье, Шығыс Еуропа);

- 14ғ.соңы-15ғ. басы экономикалық және саяси дағдарыс, сонымен қатар Орта Азиялық билеуші Ақсақ Темірдің шапқыншылықтары және жеке саяси бірлестіктердің құрылуы: Ақ Орда, Астрахан хандықтары, Қазан хандығы, Сібір хандығы, Ноғай Ордасы;

- Шағатай ұлысының ыдырауы және Жетісуда Моғолстан мемлекетінің құрылуы және Сырдария мен Амударияның арасында Әмір Темір үстемдік еткен Мәуреннахр мемлекетінің қалыптасуы;

5.2 XIV-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттер

Ақ Орда мемлекеті: Орыс деректерінде – Алтын Орда деп аталады. Территориясы – Сырдариядан Алтайға дейін, Оңтүстік Арал

маңынан Жетісуға дейін, этникалық құрамы – қыпшақ, найман, керей, үйсін, қоңырат, маңғыт. Күшейген кезі – Ерзен хан тұсы (XIVғ. басы)

1350-64 жж. аралығында 8 хан өлтірілді.

Орыс хан саясатының мақсаты —> Жошы ұлысы иеліктерін біріктіру.

Сыртқы саясатында Тоқтамыс бағынбағандықтан, Ақсақ Темірден көмек сұрады. Темір соғыстарынан кейін Ақ Орда, Ноғай Ордасы мен Әбілхайыр хандығын бөлінеді.

Өзбек хандығы (Әбілхайыр мемлекеті)

Территориясы: Жайықтан: - Шығыста – Балқаш, Оңтүстікте-Сырдарияның төменгі ағысы, Арал, Солтүстікте – Тобыл, Ертіс.

Астанасы Сағынақ (Сырдария жағасында)

Ішкі саясаты: Орталықтандыру, көшпелі ру билеушілерінің билігін шектеу.

Этникалық құрамы: 92 баулы өзбек немесе 92 баулы қыпшақ.

Моғолстан мемлекеті: XIVғ. ортасында Қазақстанның оңтүстік –шығысы мен қырғыз жерінде Моғолстан мемлекеті пайда болды.

Басшысы – Тоғылық Темір. *Орталығы* – Алмалық. Саяси күші- дулат тайпасы. *Ішкі саясаты* – территорияларды біріктіру.

Сыртқы саясаты –Орысханмен бірігіп Темірге қарсы шығады. 1371-72жж. Темірдің Моғолстанға шабуылы. 1430 жылдан билікке Есен бұға келеді. Мемлекеттің өмір сүруін тоқтату кезеңі –XVIғ. орт.

6-шы тақырып. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ДӘУІРІ XV-XVIIғғ.

Дәуірдің ерекшеліктері:

- Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары:

Қазақ мемлекеттілігінің өмірге келіп, дамуы қазақ этносының өркен жаюындағы ұзақ жолында оның бірегей құралып қалыптасуы мен бірігіп нығайуы елдік тұтастығын сақтап қалу үшін аса маңызды болды. Мемлекеттің негізін құраушылар ежелгі және ортағасырларда Қазақстан территориясында мекен еткен түрік және моңғол тілдес тайпалар еді. Қазақ хандығының қалыптасуымен бірге қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы байланысты болды. Қазақ мемлекеттілігінің пайда болуы Дәшті Қыпшақ, Жетісу және Түркістан территорияларында болған әлеуметтік- экономикалық үрдістердің заңды жалғасы еді.

1. Экономикалық алғышарттары- көшпелі мал шаруашылығы және отырықшы- егіншілік қала мәдениетінің негізінде аралас экономикалық аймақта біртұтас экономиканың қалыптасуы барлық жерлердің бірігуіне жағдай туғызды;

2. Этникалық алғышарттары- Дәшті Қыпшақтың, Жетісудың, Түркістанның көшпелі және отырықшы халықтарының экономикалық, мәдени, саяси-қоғамдық байланыстарының нығайуы қазақ рулары мен тайпаларының этникалық бірігуіне әкелді;

3. Саяси алғышарттары- Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы кезеңдерінде қалыптасқан этникалық негізге құрылған рулар мен тайпалардың саяси бірлестіктері жергілікті мемлекеттің даму тәжірибесінің болуы;

6.2 Қазақ хандығының даму кезеңдері

Бірінші Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі хандар (XVғ. соңы мен XVIғ. басы). Керей мен Жәнібек (1453-1474жж.). Қазақ хандарының негізін салушы екі ханның билік еткен уақыты бір. Үш атадан келіп табысатын шөберелер. Т.И. Сұлтановтың көрсетуі бойынша: Орыс хан, одан Тоқтақия, одан Болат, одан Керей. Ал, Жәнібек шежіресі Орыс ханнан Құйыршақ, одан Барақ, Одан Жәнібек. Ал, Иоакинифте тағы бір ата қосылады. Мәселен, Орыс ханнан Тоқтақия, одан Тәңірберді, одан Болат, одан Керей. Ал, Жәнібек шежіресі: Орыс ханнан құтлық Бұқа, одан Құтыжақ, одан Барақ, одан Жәнібек. Әбілғазы шежіресінде Жәнібектің Әбусағит деген лақап аты аталады. Және оның тоғыз ұлы болғаны жөнінде айтады. Олар: Ираншы, Махмұт, Қасымбек, Мұхаммедхан, Шибанимен соғысып, шәйт болады. Одан соң Етік, Жаныш, Қанбар, Тыныш, Әдік, Жәдік. Қазақ хандарының негізін салушы екі ханның есімі өзбек ұлысының ыдырап, біраз жұрттың Моңғолстанның батысына қоныс аудару оқиғасымен байланысты деректерде айтылады. Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр хандығынан «көшпелі өзбек ұлысы» бөлініп шыққан уақыты даулы. М.Х. Дулати «Тарихи Рашидинде» Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келген жылдары хижраның 870 жылы (1465-1466жж.)

деп баяндайды. Егер Есен Бұғаның қайтыс болған уақыты 1462 жылмен есептесек, хандықтың қалыптасу уақыты бұдан ертерек болса керек. Т.И. Сұлтановтың еңбегінде де 1459 жылдың шамасы деп көрсетеді. Яғни, Қазақ хандығының қуаттану кезі 1458-1460жж. шамасында.

Бұрындық. (1473-1511жж.) – Керей ханның ұлы. Бұрындықтың қай кезде билікке келгені жөнінде нақты дерек жоқ. М.Х. Дулатидің еңбегінде: «Әкесі Керейден кейінгі билікті Бұрындық жалғастырды»- деп жазады. Және Бұрындықтың билікке XVғ. 70-ші жылдары келгені туралы мәлімет аламыз. Бірақ хандық билікті соңына дейін ұстай алмады. Бұрындықтың төрт ұлы: Шайхым, Санжар-Жахан, Жахан-Бақты, Қымсын және т.б. қыздары болған. Бұрындық хан тұсында қазақ хандығы Сырдария бойындағы қалаларды иеленді. Түркістан, Сайран, Отырар т.б. қалаларға билігін жүргізді. Хандық билік енді қолбасшыларының бірі Қасымға ауысты.

Қасымхан (1511-1518жж.) – Жәнібектің ұлы. Шешесі Жаған бикем мен Шейбани ханның анасы Аққұзы бегім апалы-сіңілі. XVғ. 70-80-ші жылдарда Қасым Бұрындық белгілі қолбасшыларының бірі болады: «Шейбани-намеде» бұл турасында: «Бұрындық ханның әскерінің ішіндегі атақты баһадүрі және мықты сұлтандарының бірі»– деп жазады. Өз заманында Жәнібектің ұлдарының ішіндегі Қасымның беделі үстем болды. Қазақ хандығы территориялық жағынан Қасым тұсында біршама кеңіді, саяси жағынан тұрақты болды. 1510-1513жж. Қасым хан мен Сырдария бойындағы қалалардың бәрін, Мәуреннахрдағы саяси процестер жүріп жатқан шақта алған болатын. Зерттеушілердің айтуынша 1516-1517жж. Мәуреннахар билеушілерінің қазақ хандығына қарсы шыққан күресі жеңіліспен аяқталды. Бұлардың көздегені Сырдария бойындағы қалалар үшін күрес. Қасым хан көрші елдермен де саяси бірлікте, татулықта болды. Ортағасырлық тарихшылар оның өз заманында ақылымен ел билеуде аса беделді болғаны жөнінде көп жазады. Мәселен, «Қазір бүкіл Дәшті- Қыпшақтың билігі Қасымханға көшкен» – деп жазады Махмұд бен Уәли өзінің «Бахр-әл-асрар» кітабында. Немесе М.Х. Дулатидің дерегінде кездесетін Қазақ Ордасына шайбанилық сұлтандарға одақ құру мақсатында келген Сұлтан Сайдханның келген кезі. Бұл кездесу Қасымханның көрегендігін, саясаткерлігін көрсетсек керек. тарихта Қасым аты, оның «Қасым ханның қасқа жолы» заңдар жинағымен байланысты. Шәкәрімнен алғашқы қазақтың бітім-билігін шығарған осы хан еді деген сөз қалған.

Екінші дағдарыс кезеңі (1518-1538жж.). Мамаш (1518-1521жж.) - Қасымның ұлы. М.Х. Дулатидің мәлімдеуінше ол әкесінің өлімінен кейін бірден билікке келді. Билік құрған дәл уақыты белгісіз. Мамаш хан өзара соғыстың нәтижесінде өзбек одағы мен Моғолстан билеушілерінің қазақтарға қарсы шабуылы кезінде қаза тапқан. Хайдар Б. Али Рази оны Қамаш хан деп те айтады. Және бұл оқиғаның хижра жыл санауы бойынша 923ж. болғанын мәлімдейді. (1521).

Тайыр (Тахир) (1523-1531жж.). Жәнібектің ұлы, Әдіктің баласы. Мамаш ханнан кейін, қазақ хандығында алауыздық басталып, Дәшті-Қыпшақ сұлтандарының арасында өзара алауыздық соғыс жүрді. Тайыр ханның тұсында

қазақтар солтүстік – батыс территориясынан, оңтүстігінде біраз жерлерден айрылды. Өзі Жетісуға қашып кетеді. Деректерде қырғыз арасына барып паналағаны және сонда өлгені айтылады. Жалайыридің "Жылнамалар жинағында": "Тахир біраз күн хандық құрды, бірақ патшалық сырын білмеді" – деп жазады.

Бұйдаш (Буйлаш) (1523-1531жж.). Әдіктің ұлы, Тайыр ханның інісі. Әбден дағдарысқа түсіп, берекесі кеткен билікті Бұйдаш хан жалғастырды. М.Х. Дулатидің сөзімен келтірсек: «ағасы Тахир өлгеннен кейін, қазақ-қырғызға Бұйдаш билік етті. Оған қараған халықтың саны небәрі 20 мыңнан аспайтын". XVIғ. 30-шы жылдары тарихи деректерде көмескі. Қ.Жалаири өзінің еңбегінде қазақ хандарының тарихына қысқаша тоқталып өтеді. Мәселен, Бұйдаш туралы былай деп жазылған: "Әдік сұлтанның ұрпағын бес ұл деп атайтын. Бұйдаш хан Барақұлы Дервиш ханмен соғыста өлді. Бес ұл ұрпағы 24 сұлтан сонда шаһид болды. Бес ұлға патшалық тимеді. Қайсыбірлері сол елде келте хандық құрды, бірақ аттары белгілі болмады".

1518-1538жж. дейінгі аралықта Қазақ Ордасының саяси билігінде дағдарыс кезеңі болды. Қасым ханнан кейін болған аты аталған хандар қазақ хандығының барлық жерінде билік жүргізе алмады. Міне, осы кезде Қазақ хандығы саяси билік жағынан әлсіреді.

Үшінші дағдарыстан шығу. Этнотерриториялық жағынан кеңею кезеңі. XVIғ. II жартысы. Хақназар (1540-1580жж.). Қасымның ұлы, оның анасы Каныкей ханым. Саяси билікте Хақназар әкесі Қасым тұсындағы иеленген кең-байтақ жерін қайтарып алуды көкседі. XVIғ. соңына дейін Шайбани ұрпақтарының құрамында болған. Сырдария өңіріндегі қалаларды қайтарып алды. Сонымен қатар бұл кез Ноғай Ордасының саяси бытыраңқылық уақыты болатын. Осы тұсты пайдаланған Хақназар Ноғай ұлысының біраз бөлігін өзіне қосып алады. М.Ж. Көпеев шежіресі бұл туралы: «Ақназар қайратты батыр атанып, өзбек ханы Шейбаниларды ығыстырғанын, жазады. Орыстың сол уақыттағы патшасы Иван Ақназарға елші жіберіп, жауласпайық, сауда жасап, керуен жүргізіп тұрысайық деп өзара ынтымақтастықтың болғанын айтады. Және Ақназар қазақты Қасымхан тұсындағы халіне түсірген»-деп жазылады. Ортағасырлық тарихшы Хафиз Тыныш 1579-1580-шы жж. оқиғаларға топтала келе, «Баба сұлтанның Бұзахұр сұлтанға: Хақназарды өлтіру үшін, жорыққа аттану керек екенін» қатты тапсырып, бұйырғанын келтіреді. Яғни, Хақназарды Бабасұлтан арам пиғылмен қастандықпен өлтірген. Хақназардың тұсында үш жүзде саяси жүйе әбден қалыптасады.

Шығай (1580-1582жж.) – Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдіктің баласы. Шығай ханның билік басына келуі шамамен 1580 жылдары не бәрі 2-3-ақ жыл тақта отырды. Қадырғали Жалаиридің «Жылнамалар жинағында»: Шығай ханның батырлығы әр жағдайда мәлім болған, ақырында жалғыз қалып апат болды, қабірі Күмішкентте, Әлі атаның панасында делінеді. Шығай ханның әйелдері көп болған. Олардан тараған ұрпақ: Сейтқұл сұлтан, Ондан сұлтан, Алтун ханым – Байым бикемнен туған еді. Тәуекел хан, Есім сұлтан, сұлтан Сабыр бике-ханым. Бұл үшеуінің анасы Жағаттың Яхшым бикемі болады. Әли сұлтан, Сулум сұлтан, Ибрагим сұлтан, Шағым сұлтан-бұлардың

анасы Бұрындық ханның қызы Дадам ханым. Деректерден Шығайдың 30 жасында қайтыс болғанын аңғарамыз. 1583ж. қайтыс болса, 1552 жылы туған болып шығады.

Тәуекел (Тевекель, Тауке, Тевкель) –(1583-1598жж.). Шығайдың ұлы Тарихта Тәуекелді қазақ–қалмақ ханы деп атайды. Тәуекел хан алдымен Абдолла ханмен одақтас болғанымен, кейін келе дербес саясат жүргізеді. Қазақ Ордасының Бұхармен соғыс кезінде дипломатиялық қатынасты да нығайтты. Мәселен, 1594 жылы Тәуекелдің Ресейге Құл-Мұхаммед бастаған елшілерді жіберу, Құл-Мұхаммедтен беріп жіберген грамотасында Тәуекел Федор Ивановичтен ең алдымен інісі Ораз-Мұхаммедті босатып, Қазақ Ордасына қайтаруды өтінеді. Бұл елшілік туралы А.И. Левшин жазады. Тәуекел 1598 жылы Бұқара қаласының түбінде болған кезекті ұрыстардың бірінде жараланып, Ташкентке келіп қайтыс болады.

Төртінші кезең қазақ-қалмақ арасындағы шиеленіс XVIIғ. Есім хан. (Ишим) – (1598-1635жж.). Шығайдың ұлы. Осыған дейінгі Шығайдың Абдоллахан қарамағында болуы, Тәуекелдің Бұхар, Самарқанд қалаларына шабуылы XVIғ. соңы- XVIIғ. басындағы Қазақ Ордасының негізгі саяси жағдайлары еді. Яғни, Қазақ хандығының Оңтүстік жерінің орталық бөлігін қамтыды. Орта Азия мемлекеті ең күшті Бұхар хандығы Имамқұлы ханы тұсында қазақ елімен саяси қақтығыстарда болады. Бұл оқиғалар 1613 жылы басталып, 1612, 1623 жылдары қайталанып отырған. Күрестің негізгі себебі Орта Азия қалалары үшін болатын. Есім тұсында батыс қалмақ руларының (торғауыт, хошауыт, дүрбет, чорас) Орталық және Солтүстік Қазақстан арқылы Батысқа (Еділ-Жайық) арасына белсенді жылжыған уақыты. 1620 жылдары қалмақтар Ом, Тобыл, Есім, Ертіс өңірлеріне қоныстанады. Бұл бір шетінен 1635ж. құрылған жоңғар мемлекетімен байланысты. Есім хан тұсындағы мемлекеттік биліктің нығаю белгісі деп «Есім ханның Ескі жолы» заң ережелерін айтуға болады.

Салқам Жәңгір (Джангир, Янгир)- (1629-1651жж.) Есімнің ұлы. Салқам Жәңгір әкесі Есім хан тұсында басталған қалмақпен соғысты қолға алады. Бұл кезде қалмақтардың одан сайын күшейген уақыты еді. Қазақ шежіресі Мәшһүр Жүсіп жазбаларында: "Бұл кезде қалмақтың қоңтажысы күшейді. Қазаққа дамыл бермей, тыныштық көрсетпейді. Қысқа күнде қырық шапқан. Соғыс болса қалмақтың иығы аса берген" – деп жазады. Осыған қарағанда қалмақтардың әбден қазақ жеріне бет алған уақыты екенін білуге болады. Жәңгір 1652 жылы қалмақтардың қолынан қаза табады.

Бесінші кезең. Әз Тәуке тұсындағы тұрақтылық. XVIIғ. аяғы – XVIIIғ. басы

Әз Тәуке(Тевке) – (1680-1715жж.) Жәңгірдің ұлы. «Күлтөбеде күнде кеңес» осы Әз Тәуке тұсында айтылған сөз. 1748 жылы Ресей құжатында М.Тевкелев: "Тәуке хан табанды саясаткер, қырғыз арасында құрметті атақта" деп береді. Халық сөзі Әз Тәукенің атын «Жеті жарғы» заңдар жинағымен байланыстырды. Мемлекеттің әлеуметтік жағдайын реттеуде заңның орны ерекше болғаны анық. Тәуке сыртқы саясатта Ресей, Бұхар, Жоңғар елімен қарым-қатынаста болды. Оған дәлел деректердің бұхаралық Сұбханқұл ханнан самарқандық Көшекей бидің елшілікке келгенін байқаймыз. Ал Жоңғар

хандары Қалдан Бешокті мен Сыбан Раптанмен көптеген мәселелер елшілік арқылы шешіліп отырды. Сондықтан Әз Тәуке тұсында саяси билікте біршама тұрақтылық болса керек.

6.3 XV-XVII ғғ. Қазақ хандығының экономикалық және әлеуметтік жағдайы

Өндірістің номадтық әдісі. Қыс кезіндегі ауыл, қыстақтарда рулық-шаруашылық ауылдарын құрайтын 5-тен 15-ке дейін жетелеген өзара туыстас шаруашылықтар орналасты. Бұл қыстақтардың төңірегінде көшпелі малшылардың өздерінің азын аулақ азық-түліктік егістері болған. Мұнда шаруашылық ру басы жазғы маусымға өз мүшелерінің, туыстарының кедейленген бөлігін қалдырып отырған, ал олар жай, қарапайым құралдармен бар күш жігерін тауыса еңбек ете отырып, жер өңдейді, егістерді қолдан суару үшін арықтар жасайды, өнімді жинап, өңдеп жайлауға көшкен өздерінің «бақытты» ағайын-туыстарын, бидай тағамдарымен қамтамасыз етеді. Жер иленушіліктің, жерге меншіктің басқада түрлері болған: інжу-хан жерлері, мүлік-жеке меншіктегі егістік алқаптарда кездесетін жерлер, бахор-Қазақстанның оңтүстік өлкесінде, исламның тараған аймақтарындағы мұсылман мекемелері мен дін басыларының жерлері.

Қазақстанның Оңтүстік аймақтарында феодалдық шартты түрдегі жерге ету мен жер меншігінің тұрақты түрлері қалыптасты. Қатардағы көшпенділер, малшылар, егіншілер, отырықшылар мен қолөнершілер, тұтамтай ауыл тұрғындары көптеген салықтар мен алымдар төлеуге міндетті болды. Малшылардан зекет, соғым, сыбаға, егіншілер мен қолөнершілерден ұшыр, тағар, бадж, хоредж алынды және олар борыштары міндетті жұмыстарын, сауып, қоналғы, жамалғы, мардикалды орындады.

Бірлескен қауым– қазақтың қоғамының өндірістік–шаруашылық негізі. Бірлескен қазақ қауымында дуализм құбылысы орын алған, яғни қоғамдық өндіріс бір жағынан, жайылым жерлерін ортақ иленумен, екіншіден, малға отбасылардың жеке меншігімен сипатталады. Қазақстандағы меншік түрлерінің негізі мен маңызы даулы мәселе боп табылады. Тарихшылардың бір бөлігі өндірістің феодалдық тәсіліне ірі жер меншігі тән және бұл экономикалық негізсіз көшпенділер қоғамына феодализмнің орнау барысын шамалау да мүмкін емес деп санайды. Олар егіншілердегі сияқты көшпенділерде де өндірістің негізгі құралы жер деп есептейді.

Екінші көзқарас, көшпелі мал шаруашылығының басымдығы кезінде өндірістің негізгі құралы жер емес мал, ал жерге келетін болсақ, онда ол еңбек күшін қолданбай-ақ, өзінің табиғи жағдайында жайылым ретінде пайдаланған деген тұжырымға келеді. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарда өндірістің негізгі құралы шынында мал болған шығар. Ал жерге тікелей жеке меншік болмаған. Қазақтардың өндірістік-шаруашылық әрекетінің түрі бірлесіп еңбек ету қағидаларына құрылған ауылдық қауым болған.

Мал шаруашылығы қауымында өндірісті ұйымдастырудың ерекшелігі, бұл оған қосылған жеке адам тек еңбек етуші ғана емес, сонымен бірге мал

түріндегі өндіріс құралының белгілі бір мөлшеріне иелік етуші еді. Малдан айрыла отырып, шаруашылық қауымының тең құқты мүшесі бола алмайтын да еді, өйткені ол енді қосымшалық қағидасының жүзеге асуына жәрдемдесе алмайды немесе қауымнан бөлініп, одан шеттеле бастайды.

Малдың бір бөлігінен айрылған шаруашылықтар көбіне өздері тектес кедейленген шарушылықтармен бірлесіп еңбек ету ісіне, жаңа қауымға бірігуге мәжбүр болды. Сондықтан бір қауымға біріккен шаруашылықтар саны 20-30-ға жетіп, тіпті 50-ден асатын ауыл-қыстауларды кездестіруге болатын еді. Бірақ мұнда сол бөліну, оқшалану жағдайлары орын алды. Қауымды билеушілер жалпы өнімнің бір бөлігін жарлы кедейлердің және аз қамтамасыз етіп, қадағалап, отырады, бірақ мұның бәрі де оларға деген әр түрлі жеке тәуелділік түрлерін тудырады.

Қазақ қоғамының әлеуметтік топтарға бөліну принциптері: 15-17 ғғ. қазақ қоғамы көшпелі мемлекеттік дәстүрлерін сақтап қалды. Ақсүйек тобын: төре- Шыңғыс тұқымы мен қожалар- Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы болып саналатын діни топ өкілдері құрады. Қарасүйек тобы: батырлар, билер, байлар, жатақ, қара халық құрады. Көшпелі қоғамдағы нақты билік иелері- ру- тайпа билері мен батырлары, яғни қазақтың потестарлық ұйымының жетекшілері болып келеді. Әлеуметтік топты екіге топтастыруға болады: біріншісі ақсүйектер мен рудың беделді адамдары(би, шешен, батыр, жырау т.б.) Екіншісі дала кеңістігіндегі негізгі тұрғындар емін- еркін жайлаған көшпелілер.

6.4 Дәстүрлі қазақ мәдениеті

Мәдениеттің жалпы сипаттамасы. XV-XVIIғғ. Қазақ хандығының бастауы ғана емес, Еуразиялық кеңістікте өмір сүрген отырықшы және көшпелі мәдени өркениеттік нұсқалардың өзара мәдени қарым- қатынасының, салыстыруға қолайлы кезең. Көшпелілер өздерін табиғаттың бір бөлшегі ретінде санаған және шаруашылық құрылымы көшпелі өмір салтқа бейімделген. Қазақ халқының саяси аренаға этнос ретінде шығуына себепші болған түркі тілдерінің негізінде қалыптасқан қазақ тілінің қалыптасуы осы кез. Тіл- мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы мәдени құрал болса, дәстүрлі қазақ мәдениеті өзінен- өзі ежелгі үйсін, қаңлы, ғұн, сақ пен түркі тайпалары мәдениетінің тікелей әрі заңды мұрагері. Яғни, қазақ халқының рухани және материалдық мәдениет көздері көне замандардан бастау алатын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлі мәдениет.

Қазақ халқының ауызша шығармашылығы: өзге халықтар секілді қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің бір тармағы, ерте заманда жасаған мәдени мұрасы оның халық ауыз әдебиеті болып табылады. Қазақ халқының қоғамдық өмірі, шаруашылығы, кәсібі, қайғы- мұңы дүниетанымдық көзқарасы жайында мақал- мәтелдер, аңыздар, жырлар ойлап шығарды және оларды ауызекі айту күйінде жалғастырған. Қазақ ауыз әдебиетінде халықтың тұрмыс- салтына, әдет- ғұрпына байланысты туған шығармалар, мақал- мәтелдер, аңыз- ертегілер, батырлар жыры, ғашықтық жырлар, тарихи жырлар, айтыс өлеңдері,

шешендік үлгілері сөздер т.б. ауыз әдебиетінің негізгі үлгілері болып табылады. Фольклор халық творчествосымен этнография (әдет-ғұрып), диалектология (жергілікті ерекшелік), тарих (шежіре), философия (даналық ойлар), психология (мінез құлық), педагогика (тәлім-тәрбие), музыка (ырғақ) салаларымен тығыз байланысты. Халық ауыз әдебиетінің мұралары ұрпақтан ұрпаққа *ауызша айту дәстүрі* арқылы жеткен. Яғни, жадыда сақтау арқылы. Бұл дәстүрлі жатқа айту қазақ қоғамының рухани мұрасы. Көшпелілер ортасы туғызған қазына. Халық арасында ауызша мұраларды жатқа айтатын адамдар болған. Халық мұрасы әртүрлі жанрда дамыды.

Халықтың жазу, сызу болмаған кезден-ақ ауызша шығарылған күрделі шығармаларының бірі- *ертегілер*. Ертегілер көбінесе қара сөзбен айтылады және ерте заманда шығарған көркем әңгіме. Адам баласының еңбек, кәсіп ету, тұрмыс-тіршілік құру тәжірибесіне байланысты туған. Жаратылыс құбылысын, табиғат сырын жетік білмеген ертедегі адамдар әр нәрсені қиял еткен. Адамның ой-өрісін, сана сезімінің ұлғайып өсуі ертегіге көп әсер еткен. Мәселен, «Ер төстік», «Құм мерген», «Алтын сақа» т.б. бұларда аңшылар, батырлар, мергендер бейнесі берілген. Келесі бір ауыз әдебиетінің жанры- *аңыз-әңгімелер*. Бұларды ертегілерден бөлмей қарастырып келген. Алайда аңыздар өз кезегінде: 1. Тарихи аңыздар. (Қорқыт, Шыңғыс, Темір, Абылай т.б.)

2. Топономикалық аңыздар (жер-су аттарына байланысты.) болып бөлінеді.

Яғни, тарихи тұлғалардың аттарының аңызға айналуы, сонымен қатар жер-су, мекен-тұрақ, тау-тас атаулары замана оқиғаларын кең дала төсіне қалдырған іздерінен аңғаруға мүмкіндік береді. Тарихи деректердің бай көзі- *батырлық жыр-толғаулар*. Батырлар жырының тууы тарихта кезеңдермен тығыз байланыстылығын М. Ғабдуллин былай деп түйіндейді: *«біріншіден, қазақтың тарихта аттары мәлім рулары: үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ т.б. өздерінің ру тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күрескен кезде туған. Олардың бұл жолдағы ерлік істері ру арасында өлең-жырға, аңыз-әңгімеге айналған. Екіншіден, қазақта батырлар жырының тууына зор әсер еткен келесі бір жағдай болды. Ол- қазақтар мен қалмақтардың арасындағы қарым-қатынастар, көп заманға созылған күресте».*

Қазақ халқының тарихи жырлары мен батырлық эпостары - өткен тарихымыздың соғыс, күрес – жорықтарын суреттейді, батырлардың ерлік бейнесін береді. М. Әуезовтің сөзімен айтсақ: «Дастандар сонау бір бағы заманда Орта Азияны, Қырым мен Еділ бойын жайлаған көшпелі тайпалар бастан кешірген нақтылы тарихи оқиғалардың поэтикалық көрнісі болып табылады... Ондай оқиғалар—XVI ғасырда Қазан хандығының ыдырауы («Қобыланды» жыры), XV–XVI ғасырларда Қырым хандығындағы рулық соғыстар («Ер Тарғын» жыры), қазақтар мен ноғайлының XVI ғасырда бірлесіп жасаған жорықтары («Ер Сайын», «Алпамыс»). Қазақтармен өзбектердің жорығы («Қамбар» жыры). Батырлар жырының қаһармандары қазақ деп аталмайды. Ноғайлы нәсілінен делінеді. Қазақ халқының дербес өмір сүруіне байланысты оның әдебиет тілі қолданыла бастады.

Ауызша шығармаларда жоқтау сияқты салт жыры, ертегі- аңыздар бастау болса, кейін жеке адамды дәріптеген туындылар көбейіп, әдебиеттің мақсаты айқындала бастады. *Халық шығармашылығын дәріптеушілер: ақын, сал, сері, жырау*. Көптеген зерттеушілердің пікірінше «ақын» сөзі парсы тіліндегі «ахунд» яғни, оқымысты, білімді, құрметті, ақылды адам сөздерімен мағыналас. Бұл пікірді алғаш айтқандар, Л. Будагов пен В. Радлов болды. Л. Будагов сөздігінде, «ақын- импровизатор, суырып салма, болған жайды әңгімелеуші және ән салушы. Ә. Марғұлан болса «ақын» сөзі аққын (бір арнаға түс) сөзінен шығарады.

Қазақтың ауызша поэтикалық сөз дәстүрін таратушылар жырау, жыршыдан ерекшелендіретін бір жәйіт; Олар бір- бірімен айтысқа түседі. Ал айтыс жанры ақынмен тығыз байланысты. Ақын болу үшін, өзінің поэтикалық күшін ақындық өнерін халық алдында көрсету керек. Халық алдында суырып салма өнерін таныта алмаған ақындық атаққа ие бола алмайды. Және бір рудан шыққан ақындар айтысқа түсе алмайды. Себебі, айтысушылар қарсыласының жеке басының кемшілігін немесе оның руының кемшіліктерін бетіне басу арқылы ұпай жинап айтысқан. Көнетүркі тілінде «барымта», «жорық» мағынасында «акун» сөзі қолданылады. Осы орайда «ақын» сөзінің мағынасы парсы тіліндегі «ахунд» сөзімен де, «ақын» сөзімен де мағыналас емес, бұл нағыз түрік сөзі. Қазақша «ақын» сөзі өзінің көне мағынасын жоймаған. *Ақынның пайда болу уақыты жөнінде*. Ә. Марғұлан: «Ақын ең көне тұлға. Кәсіптік ақындардың қалыптасуы тайпалық одақтар кезіндегі этикалық поэзияның тууымен тығыз байланысты»- деп жазады. Ақынның көнелігі ол халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпына қатысушы ғана емес жетекшісі ретінде де айқындалады. Үйлену және жерлеу салт- дәстүрдің, әдет-ғұрыптың ең көнесі. Әсіресе үйлену салт- дәстүрінде беташар, той бастар т.б. ақын басқарған. Ал өлген адамға ас бергенде «жаршы» қызметін атқарады. Яғни, өлген адамның жақсы жақтарын айтып мадақтайды, батыр болса ерлік істерін жырлайды. Егер, аруақ культін есептесек, бұл әскери демократия дәуірі, яғни, тайпалық одақтар дәуірімен байланысты. Ақынның көне тұлға екенін дәлелдейтін мынадай себептер бар. Алдымен ақын бойындағы қасиет жоғары күштердің әсерінен және әннің сиқырлық қызметінен екендігі дәлел бола алады. Ақындық өнер төтемдік көріністермен де байланысты. Мәселен, халық арасында әр ақынның қасқыр, арыстан, не үйрек т.б. түрінде ерекше күш беретін рухы болады деген қағида бар. Ақын өлер алдында осы жануар рухының ұшып кеткенін көреді.

«Сал» мен «Сері». Ауызекі қазақ тілінде «сал» мен «сері» сөзі синоним ретінде қолданылады. Сал, сері тұлғасы адамдардың барлығына бірдей емес, ерекше адамдарға берілді. Олар: ақындар, матадан тігілген әдемі киім киіп, арғымақ мініп, аң- құс аулап, көңіл көтеріп, салтанат құрып, ерекшеленіп тұрғандары сал-сері атанды. Сал мен серінің бір- бірінен екі түрлі айырмашылығы болды. Біріншіден, өзінің жүріс-тұрысы, сыртқы пішіні жағынан сал ерекшеленіп тұрды. Ал серіге ұстамдылық, тәкаппарлық және жомарттық, нәзік көркемдік талғам, суырып салмалық тән болды. Ақан серіден үзінді: дария ағып жатқан суда сын жоқ, Жануар өлім деген малда тіл жоқ, құрбылар, тіршілікте ойна да күл, бұл дәурен екі айналып, келмегі жоқ.

Қазақ тілі- қазақ халқының ұлттық тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Қазіргі қазақ тілі ноғай тілімен бір топ құрып, түрік тілінің қыпшақ тобының батыс тобына жатады. Қазақ тілінің қалыптасу тарихы халқымыздың қалыптасу тарихымен бірге дамып, жасап келеді. Демек халқымыздың этногенезі ежелгі ру- тайпалардан бастау алатыны сияқты, қазіргі қазақ тілінің бастауы б.з.б. ІІғ. біздің заманымыздың Vғ. дейінгі уақытты қамтиды. Көне үйсін, қаңлы, сақ ру-тайпалары тілдері негізінде құрылған туыстас тіл болып табылады. Келесі кезеңі Түркі дәуіріндегі руна жазымен байланысты. Оны Орхон- Енисей жазба ескерткіштерінде кездесетін бірқатар сөздер мен сөз тіркестердің, мақал- мәтелдердің осы күнге дейін тіліміздің сөздік қорында сақталуы дәлелдейді. X- ХҮ ғғ. қыпшақ тілі тілдік ортаны біріктіріп, өзіндік ерекшелігі бар топ ретінде айқындалды. Соңғы кезеңі ХҮғ. қазақ тілі қазақ этносының қалыптасуының аяқталуына әсер етуші негізгі фактор болды.

Көшпелілер дүниетанымы. Қазақ халқының дүниетанымы адамның өмірдегі және қоршаған ортадағы орнын танумен тығыз байланысты. Күні-түні далада жүретін көшпелі ел, бақташылар, аңшылар аспан әлемін бақылап, әрбір көрініске мән берген. Жұлдызға қарап бағыт-бағдар ажырату әдеті малшылардың күнделікті тіршілігінде орын алды. «Метеор» - дегенді қазақ бұрын білмеген. Оны «аққан жұлдызға» санайды. Жерге жақын ұшқан метеор, жанасқан тұсын жарқыратып жібереді. Оны қазақтар «қадір түні» дейді. Ислам дінінің түсіндіруінше, бұл күні жұмақтың есігі ашылады да адам не тілесе сонысы қабыл болады. (Шолпан күзетшісі, Жеті қарақшы, Темір қазық.) Қазақ жерінде шаманизмнің қалдығы бақсылық, балгерлік, тәуіптік. Бұл дінге сенушілер «айлалы», «сиқырлы» әрекеттер жасау арқылы табиғаттан тыс күштерді бағындырды.

Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі. Алдымен әдет- ғұрып мен салт- дәстүр сөздері тығыз байланысты болғанымен мағыналарына тоқталсақ, алғашқысы діни наным- сенімдерге байланысты шараларды білдірсе, мәселен, *отқа май құю, отпен аластау, тасаттық беру, аруаққа сыйыну, жерлеу ғұрпы, құрбандық шалу, ауызбастырық беру, ауыз тигізу, кемпір өлді* т.б., кейінгісі тұрмыс-салтқа байланысты атадан-балаға дәстүр болып жалғасып келе жатқан шараларды білдіреді. Қазақ қоғамындағы айтулы салттардың бір қатары-*шілдехана, тұсау кесу, тоқымқазар, құда түсу, қалың мал төлеу, келін түсіру, қыз ұзату, байғазы беру, базарлық әкелу, әмеңгерлік* т.б. Көшпелілерге тән ең басты дәстүр-*қонақжайлылық*. Бұл түсінік қазақ арасында сақталған, ата- бабамыздан Алаша заманынан келе жатқан «*бөлінбеген енші*» ұғымымен тығыз байланысты. Жолаушының кез келген үйге түсуіне хұқысы болды. Ал оны қабылдау, қарсы алу, тамақ беру үй иесінің міндеті. Жалпы алғанда қазақ халқының әдет- ғұрпы мен салт- дәстүрі ұрпақ үшін тәлім- тәрбиеге құрылса, қалың қауым үшін адами қатынастарды реттеуші ереже, заң орнына жүрген.

Материалдық мәдениеті. Қазақ халқының материалдық мәдениеті рухани мәдениеті сияқты ежелгі дәуірден келе жатқан өмір сүру жағдайларына сәйкес мәдени қалыптасу ерекшеліктерін сипаттайды, халықтың өткен тарихындағы өмір сүру жағдайларынан мәліметтер береді. Материалдық мәдениет

жетістіктері баспана, ұлттық киім, ыдыс- аяқ басқа да тұрмысқа қажет заттарда көрініс тапты. *Ұлттық киім.* Халқымыз үстіне киген киіміне мән беріп, оның адамның жасына сай келуін, жарасымды, қонымды киім үлгісі болуын ерекше көңіл бөлген. Жаздық киім үлгілері жұқа маталардан тігілсе, қыстық киім үлгілері мал мен аң терісінен тігілді.

Бас киім түрлері: ерлер қыстыгүні екі құлағы және артқы етегі бар шошақ *тымақ*, түрлі аң терілірінен тігілген *шошақ бөрік*, бөрік сыртынан кең жалбағай *күлапара*, жаздыгүні ақ киізден тігіліп, қайырмасы барқытпен қапталған *ақ қалпақ*, түрлі пұлдан сырып тігілген *айыр қалпақтар* киді. Ал, әйелдердің бас киім үлгілері жас ерекшелігіне сай болды. Бой жеткен қыздар *үкілі*, кестелі *кәмшат бөрік* немесе *тақия* киген. Ұзатылған кезде әкесінің дәулетіне сай қымбат тастармен безендіріліп тігілген *сәукеле* киді, тұңғыш баласын туғаннан кейін маңдайын түйреуіш тағылған *кимешек* кигізілді. Бірнеше балалы әйелдер тассыз, тек кестеленген кимешек киіп, *ақ жаулық* таққан.

Сыртқы киім түрлері: ерлер қыста жылы, әрі суық өткізбеу үшін мал мен аң терілерінен тігілді. Қойдың немесе түйенің жабағы жүнінен- *күпі*, қой терісінен- *тон*, елтірі, түлкі, қасқыр терілерінен- *ишік*, құлын терісінен- жағалы *жарғақ* тігіп киді. Қойдың иленген терісінен тері шалбарлар, ешкі терісінен тықыр *жарғақ* шалбарлар тігілді. Киім сыртынан түрлі қару үлгілерін ілінген былғары *белбеу* тақты. Қазақ әйелдерінің киімдері негізінен жібектен, мақпалдан тігілді. Бүрмелі, кестелі, желбіршекті, қос етекті- *көйлек*, бой жеткен қыздар *бешпент*, *шапан* киген.

Аяқ киім үлгілері: ерлер өкшесі биік, киізбен киілетін былғары *саптама етік*, жұмсақ теріден- *мәсі*, былғарыдан- *кебіс* киді.

Ұлттық тағам түрлері. Қазақ халқының ұлттық тағамдарының барлығы сүт пен еттен және ұннан жасалды. Етті пісіріп, қуырып, тұздап, сүрлеп жеген. Жылқы етінен жал-жая, қазы- қарта, шұжық, дайындады. Еттен жасалатын ұлттық тағам- *бешбармақ* табақпен тартылды. Сүттен ірімшік, айран, құрт, сүзбе құрт, қаймақ, сары май алған. Биенің сүтінен *қымыз*, түйенің сүтінен *шұбат* жасаған. Ұннан кеспе көже, шелпек, бауырсақ т.б. жасаған. *Жент*- тарыдан немесе бидайдың жармасы мен ірімшік, шекер, сары май қосып жасалған тағам.

Киіз үй- жер шарының белгісі ретінде. Қазақ халқының жалпы даму мәдениеті желден, аңдардан, қауіп- қатерден сақтануға пана болған киіз үйімен байланысты. Сондықтан киіз үй құрылымы, түрлері, олардың қолдану орны мен безендірілу ерекшеліктері мәні қазақ халқының бүкіл өмірінен толыққанды мәлімет береді. Ерте көшпелі тайпалар отырықшылық пен қатар көшпелі мал шаруашылығымен ұштастырылып отырды. VI-XII ғғ. Жазғы үйдің екі түрі болды. Бірі кәдімгі киіз үй, екіншісі, дөңгелек үстінде орнатылған жылжымалы үй болды. Жылжымалы үйде бай адамдар тұрған. Бұл туралы Плато Карпини мен Рубруктың жазбаларынан көреміз. Ал бұл киіз үйдің алғашқы үлгісі жөнінде ғалым Гиппократ «Жылжымалы күймелердің ең кішісі төрт, басқалары алты дөңгелекті, үсті киізбен жамылған кәдімгі үй біреуі екі, біреуі үш бөлмеден тұрады. Не суық, не жел, не жарық өтпейді. Бұл күймелерде әйелдер мен балалар отырған»- деп жазады. Гиппократ.(О воздухе,о воде и местностях.)

Бұл мәліметті дәлелдей түсетін дерек Геродотта аргиппей тайпаларына қатысты: «Әрқайсысы ағаш астында тұрады. Қысқа қарай ағаш киізбен жабылады, ал жазда жабусыз қалдырады» - деп келтіріледі. Ал, ғалым Ә.Х.Марғұлан киіз үйдің ең жақын түрі кейінгі андроновтықтардың Орталық Қазақстанның Бұғұлы тұрағында кездесетін жертөле баспаналарды жатқызады.

Киіз үйдің құрылысы: қанат (кереге)- жиналмалы қабырғалары, *уық-күмбез* сүйегі, *шаңырақ-төбесі, сықырлауық-* есігі. Жамылғылары: *туырлық-керегеге* тұтынатын, *үзік-* күмбезге жабатын, *түндік-* шаңыраққа жабылатын киіз, *киіз есік-* сықырлауықты жауып тұратын киіз. Керегелерінің санына қарай: 6 қанатты, 7 қанатты, 12 қанатты үйлерге бөлінеді және керегелерінің саны неғұрлым көп болған сайын үйде соғұрлым үлкен болады. Киіз үй ішінің оң жағы әйелдерге, сол жағы ерлерге, төр қонақтарға арналған. *Қызметіне қарай үш түрге: мерекелік, отау, жай киіз үйлер* болып бөлінеді. Мерекелік киіз үй-той-жиындарда қонақ күтуге дәулетті байлар тіккен. Отау үй– үйленген жастарға арналып құрылған. Жай киіз үй- кішірек, жеңіл келген, көшуге ыңғайлы болғандықтан қауымның барлығы қолданған. Киіз үй қазақ халқының көп ғасырлық жолындағы ерекше дүниетанымының көрінісі. Ол -жер шарының үлгісі ретінде сақталып келе жатыр. Бұл тек көшпелілер түсінігінің, көшпелілер дүниетанымының, көшпелілер жаратылысының көк аспанмен байланыстылығы бірлігі ретінде көрсетіледі (аспан денелерімен байланыстылығы, жыл санау, уақытты анықтау).

7-ші тақырып. ҚАЗАҚСТАН ХҮШ ҒАСЫРДА. КІШІ ЖҮЗДІҢ РЕСЕЙ ҚҰРАМЫНА ЕНУІ

Кезеңнің ерекшеліктері: ХҮШғ. 30- шы жж. Кіші жүздің Ресейге қосылуының тарихи себептері:

- Әлемдік сауда мен әлемдік шаруашылықтың қалыптасуында геосаяси үрдістердің дамуының айқын факторларының ықпалында еуропа державаларының сауда жолдарының үстемдік етуге талпыныстары және олардың арасында әлемдік деңгейде әскери- саяси және сауда-өндірісін игеру бәсекелестігінің күшеюі Ресейдің шығыс тобының қалыптасуына әкелді;

- Қазақ көшпелі қоғамының ішкі саяси өмірінде дағдарыс құбылыстарының өсуі: қазақ жерлерінің үш жүз көлемінде шаруашылық пен саяси әртүрлілігі, жүздердегі ортақлыктандырылған биліктің болмауы, қазақ хандары биліктерінің әлсіздіктері, сұлтандар басқарған ру ақсүйектерінің алауыздығы;

- Орталық Азия аймағында Қазақстанның геосаяси жағдайының әлсіреуі: қазақ-жоңғар қарым-қатынасының нашарлауы, қазақтардың Еділ қалмақтары, башқұрттармен, Жайық және Сібір казактарымен әскери қақтығыстары қазақтардың Орта Азия билеушілерімен күрделі қарым-қатынастары;

7.1 Қазақ жерлерінің Ресей империясының құрамына енуінің негізгі кезеңдері

Бодандық кезеңі -1731ж:

1. қазақтар басқа да бодан халықтармен (башқұрт, қалмақ, жайық қазақтары) бейбіт өмір сүруге және адал қызмет етуге ант береді.
2. Ресей билеушілерінің талабы бойынша қарулы әскер беру.
3. Дала арқылы өтетін сауда керуендерін қорғау.
4. Жыл сайын малмен жасақ салығын төлеу.
5. Шекаралық бекіністер мен әскери шептер салу.

Жартылай отарлау кезеңі- 1822-1824жж., 1867-68жж:


1. Орта және Кіші жүздердің территориялық ерекшеліктеріне байланысты әкімшілік округтер мен бөлімдерге бөлу.
2. Қазақтардың орыс заңын қабылдауы.
3. Билер соты мен хандық билікті жою.
4. Жылсайын малмен жасақ салығын төлеу.
5. Патша әкімшілігінде қызметтегі көшпелі элитаны салықтан босату.

Отарлау кезеңі-1891ж:

1. Қазақ жерлерін империяның меншігі етіп жариялау.
2. Қазақтардың орыс заңына бағынуы.
3. Қазақстанның табиғи байлықтарын пайдалану, Қазақстанға орыс және шетел капиталының енуі.

7.2 XVIII ғасырда Қазақстанға жүргізген патша саясаты

Қазақстанның Ресейге қосылуы алдындағы байланыстар XV-XVII ғғ. экономикалық, саяси дамуда екі жақ бірдей мүдделі болды.



Ш.Уәлиханов XVIII ғ. қазақ қоғамы жөнінде «XVIII ғасырдың алғашқы он жылдықтары қазақ халқының өміріндегі қияметті кезең болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық қазақтары мен байқұрттар жан-жақты килігіп, олардың ұлыстарын талқандап, малдарын айдап, адамдарын алып кетті» – деп жазады.

- 1717 жылы Қайып пен Әбілхайыр сұлтандар қазақ руларының сыртқы жағдайында қатер төніп тұрғанын ескеріп Петр I-ге өздерін бодандыққа алу жөнінде сөз салады. Келіссөз нәтижесіз себебі Петр I Швециямен соғыс жүргізіп жатқан кезі болатын. Жауап: сыртқы шекараны қадағалай тұру.

Петр I үшін → 1715-1716жж. Ертіс бойлап және Каспийді жағалатып жіберген И.Бухгольц пен Бекович-Черкасский экспедицияларының сәтсіздікке ұшырағаннан кейінгі, Ресей патшасына Әбілхайырдың ұсыныс хаты олжа болды.

I Петрдің Шығысқа ашылған қақпа есебіндегі жоспары: бұл жөнінде қосымша мәлімет: құпия істердегі аға тілмәш және кейіннен дипломат болған А.Тевкелевтің хатында: "... Императорлық ұлы мәртебелі тақсыр император Ұлы Петр парсы жорығынан оралысымен өзінің Отаны Ресей империясы үшін ежелден есітіліп жүрген және ол уақыттары белгісіз дерлік қырғыз-қайсақ Ордасын Ресейдің бодандығына алуды көздеген ниетін білдіруді қалады және де сол өз монархым әсіресе төменгі дәрежедегі ол Орда дәл бодандыққа өтуді

қаламаса, бір бет қағазбен Ресей империясының қолдауында болуға міндеттегенше, зор шығындарға қарамастан, мен тіптен бір миллионға дейін ақшаны шығарсам да, тырысуым керектігін айтты".

Петр I-нің тікелей жарлығымен салынған құрылыстар: Ямышевск (1716ж.), Омбы (1716ж.), Железинка (1717ж.), Семей (1718ж.), Өскемен, Коряков (1720ж.) және т.б. қорғаныс пункттері

Кіші жүздің бір бөлігінде Ресей азаматтығын алуды тездетуіне себеп болған негізгі жағдай 1723-1727жж. "Ақтабан шұбырынды"

Қазақтардың көшу бағыттары: Ембі, Жайық, Ор

- 1729ж. Балқаш көлінің, оңтүстік –шығысы «Аңырақай шайқасы» қазақтар үшін нәтижелі болды.

- 1730ж. қыркүйекте Әбілхайырдың Уфа арқылы Петербургке орыс әйел императоры Анна Ивановнаға өтініш хатпен елшілік жіберіледі.

- 1731ж. 19 ақпанда император әйел сенім грамотасына қол қойды.

- Кіші жүздің Ресейдің азаматтылығын қабылдағаннан кейін де қазақ хандығы жағдайы күрделі күйіне қалды.

- Жоңғар агрессиясын тойтаруға Абылай сұлтанның қолбасшылық таланты көзге түсті.

Қазақ-Ресей қатынасы. Әбілмәмбет Әбілмансүрді көмекшісі етіп белгілейді. Орта жүзде жұрттың қолдауына ие болып, сұлтандық орынға көтеріледі. Себебі: «1731ж. орта жүзге билік жүргізіп отырған Әбілмәмбет пен Абылай ант беруден бас тартты»— деп жазылады. (ҚазКСР тар. 57 жыл, А, 1 том, 56 бет). Кейін патшалық Ресейдің отарлаушы күштері Орта жүз территориясына ішкерілей еніп келе жатқандықтан Әбілмәмбет пен Абылай 1740 жылы Орынборға барып, Ресейге бой ұсынатындығы жөнінде позиция білдіреді. Ресейді қазақ жеріне жақындатпау үшін күресті.

Қазақ-жоңғар қатынасы. 1741-1743жж. Қалдан Серенге тұтқынға Әз Тәукенің немересі Әбілпейіз аманатқа беріліп Абылай босатылады. 1740 жылы басында жоңғар билеушісі Қалдан Серен өліп, жоңғар хандығы арасында ішкі қақтығыс. Орта жүз бен Ұлы жүздің жоңғарға тәуелділігі аяқталады. Керісінше, жоңғардың қарама-қарсы топтарының көмек сұрайтын одақтасына айналды. 1741-1745жж. жоңғарлармен одақтас. 1749 жылдан бастап қара қалмақ ішіндегі саяси мәселелерге араласты. Алғашқы бетте қазақ сұлтандарымен тығыз араласқан Әмірсана мен Давациді жақтап Лама Доржымен соғысады. Әмірсананы жақтап Қытаймен күреседі.

- 1757 жылдан бастап Тарбағатай мен Алтай территориялары үшін күреседі. Қытаймен сауда байланысы дамиды. Мыңдап жылқы айдап апарып қатысып отырған, мұндай қарым- қатынас территория мәселесін шешуге жол ашты. Сауданы сылтау еткен қазақтар Іле, Тарбағатай, Алтай жерлеріне қайта қоныстана бастады. Қоқандық өзбектер, қырғыз, қарақалпақ Сібір түркілерін бағынышты ұстаған.

- 1771 жылы Түркістан қаласында үш жүздің ханы болып сайланды. 1778 жылы Ресейге ресми елшілік Тұғым деген ұлын жіберді.

8-ші тақырып. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ХІХ ҒАСЫРДА

Кезеңнің ерекшеліктері:

- 1822ж. М.Сперанскийдің басқаруымен жасалған 1822ж. «Сібір қазақтары туралы жарғы» Орта жүздегі хандықты жоюға арналды;
- 1822ж. «Орынбор қырғыздары жөніндегі жарғы» Кіші жүздегі хандықты жоюға арналды;
- 1865ж. үкімет Қазақ даласын басқару туралы «Ереженің» жобасын даярлау үшін Далалық комиссия құрды;
- 1867-68жж. реформалар бойынша Қазақстан территориясы 6 облысқа топтастырылды.

8.1 ХІХғ. 1-ші жартысындағы патша реформалары және Кіші және Орта жүзде әкімшілік- территориялық жаңа жүйенің енуі

М.Сперанскийдің басқаруымен жасалған 1822ж. «Сібір қазақтары туралы жарғы» Орта жүздегі хандықты жоюға арналды. Қазақ даласының территориясы Батыс Сібірге қарады. Орталығы 1839 жылға дейін Тобылда, 1839 жылдан Омбыда орналасты.

Жарғы бойынша әкімшілік- территориялық жаңа жүйе:

- *Округтік приказ*- округтерді биледі онда әкімшілік, полиция, сот орналасты;
- приказды аға сұлтан басқарды;
- аға сұлтан 3 жылға сайланды;
- оған уақытша майор атағы берілді;
- үш сайлаудан кедергісіз өтсе дворяндық диплом берілді.
- *бір округке* - 15-20 болыс енді, басында –сұлтан тұрды, билігі- орындаушылық түрінде: округтік приказдың (дуанның) үкімін және сот үкімін орындау;
- *әр болыс* 10-12 ауылдан тұрды, басында- ауыл старшындары, олар 3 жыл сайын қайта сайланып отырды және округтік приказ бекітіп отырды;
- *әр ауылда* 50-70 шаңырақ бірікті;
- *сот істері*: азаматтық (тұрмыстық дау) және қылмыстық, басқаруға тәртібіне қарсы арыз;
- салық жүйесі- әр шаруашылық «жасақ» салығын төледі.
- жарғыны қабылдаған қазақтар бес жыл салық төлемінен босатылды.
- Уәлидің орнына ел басшылары ұсынған Ғұбайдолла патша үкіметі тарапынан қолдау таппады.
- 1822ж. «Орынбор қырғыздары жөніндегі жарғы» Орынбор генерал-губернаторы П.К. Эссен Жарғы жобасын жасалып, 1824ж. Азиялық комитетте бекітеді. *Жарғы бойынша Кіші жүз үшке бөлінді: Батыс* - байұлы, *Орта* - Жетіру және жартылай Әлімұлы, *Шығыс* - Әлімұлы, қыпшақтар мен арғындар;
- Билік басындағы сұлтандар- правительдер Орынбор шекаралық комиссиясының құрамына еніп, 4 кеңесші және бай қазақтардан 4 заседатель көмекшісі болды;

- Комиссия өз істері бойынша губернатор алдында есеп берді;
- Әр сұлтан правительде офицер басқаруымен казак әскері болды;
- Және ставкалары казак станциялары мен бекіністерінде орналасты;
- 1831ж. бастап дистанция құрылды;
- Кіші жүздің әкімшілік қызметкерлерін шекаралық комиссия ұсынысымен Орынбор генерал- губернаторы тағайындады;
- Кіші жүздің соңғы ханы Арынғазы Петерборға келіссөзге келген кезде тұтқындалып, Калугаға жер аударылды;

8.2 XIX ғ. 60-90жж. реформалар: мақсаттары мен міндеттері, нәтижелері

- 1865ж. үкімет Қазақ даласын басқару туралы «Ереженің» жобасын даярлау үшін Далалық комиссия құрды.

- құрамы: ішкі істер, әскери министрліктер мен жергілікті генерал-губернаторлықтың өкілдері;

1867-68жж. реформаның мақсаты:

- Ресейдің басқа да бөліктеріне казак даласының қосылуына жәрдем жасау;

- дәстүрлі билік жүйесін біржола шеттету;

- казак халқын бір басқарманың астына біріктіру;

Реформаның нәтижесі:

- Қазақстан территориясы 6 облысқа топтастырылды;

- Жетісу мен Сырдария облыстары – *Түркістан генерал- губернаторлығына*

- Ақмола және Семей облыстары – *Батыс Сібір генерал- губернаторлығына*

- Орал мен Торғай облыстары *Орынбор генерал –губернаторлығына* қарады;

- *облыс*, оның басында –әскери -губернатор тұрды;

- *-облыс уезге* бөлінді, оның басында – орыс әскерлері басқарды;

- *уездер болысқа* бөлінді, болыстардың басында – сайланбалы болыс басқармалары;

- *болыс әкімшілік ауылдарға* бөлінді, оның басында – ауыл старшындары тұрды;

XIXғ. 80 жылдарының соңы мен 90- жылдарының басында ғана патша өкіметі әкімшілік – сот істері реформасын енгізуді аяқтауға кірісті. 1886ж. 2 маусымда Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ереже, 4, ал 1891ж. 21 наурызда –Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі Ереже қабылданды. 1891ж. Ереже бойынша ауыл ағамандары арасындағы жер мәселелері жөніндегі дауларды болыс шеңберінде болыстық съездер, ал үй иелері арасындағы дауларды ауылдық жиындар шешіп отырды. Бұларда болыс басқарушылары мен ауыл ағамандарына өз кандидаттарын өткізу жолындағы аса қатал күрес жүріп жатты.

9-шы тақырып. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫ

Кезеңнің ерекшеліктері:

- Көшпелілер ХІХғ. бірнеше дүркін ірі көтерілістерге шығып, өз тәуелсіздіктерін қорғады;

- Оларды ұлттық-азаттық дегенімізбен, көшпеліліктің Ресей әкелген жаңа өмір-салтына қарсы реакциясы болды;

- Дәстүрлі өмір сүрген шаруашылық әлеуметтік жүйе реформалармен бірге енген жерге бөліну, алым-салық, кәсіпке бейімдеу, әкімшілік жүйені т.б. қабылдай алмады;

- Бөкей Ордасында 30ж. өрістеген Исатай мен Махамбет көтерілісі Жәңгір ханның Орда жерінде жүргізген реформаларына қарсылығы;

- К. Қасымұлы бастаған 10 жылдық күресті ғана "ұлт-азаттық" деп атауға негіз, ұлттық-мемлекеттік мұраттары: Абылай хан тұсындағы еркіндікті сақтау, ішкі шаруада тәуелсіз болу;

9.1 1773-1775жж. Кіші жүз қазақтарының Е. Пугачев бастаған көтеріліске қатысуы

Көтерілістің себебі: жер мәселесі, Жайықтың әр жағына көшуге тиым салу, патша билігі мен казактар жағынан жасалынған қысымшылық.

Көтерілістің саяси күші: қазақ қоғамының барлық тобы.

Көтерілістің нәтижесі: қазақтарға Жайықтың әр жағына көшіп- қонуға рұқсат етілді.

9.2 1783-1797 жж. С.Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі

Көтерілістің себебі: жер мәселесі Еділдің әр жағына көшіп- қонуға тиым салу, казактар жағынан жасалынған қысымшылық. (1783ж. көктемдегі көшпелілердің малын айдап әкетуі), Нұралы ханның ұстанған саясатына қарсылық.

Көтерілістің саяси күші: ру старшындары, көшпелі тайпалар.

Көтерілістің нәтижесі: Айшуақ хан бастаған, құрамына С.Датұлы енген хан кеңесінің құрылуымен аяқталуы.

9.3 1836-1838жж. И.Тайманов пен М.Өтемісұлының жетекшілігімен болған Бөкей Ордасындағы көтеріліс

Көтерілістің себебі: жер мәселесі, жер көп бөлігінң Жәңгір ханның қоластына өтуі, жер үшін салық көлемінің өсуі, хан тарапынан болған әділетсіздік.

Көтерілістің саяси күші: ру старшындары, көшпелі тайпалар.

Көтерілістің нәтижесі: Көтеріліс басып тасталынды, себебі, Ресей саясатының қазақ қоғамындағы жікшілдік тудыруының көрінісі еді. Қазақ

қоғамында бұрын- соңды болмаған хан мен қарашаның арасындағы түсініспеушілік. Ресейдің қазақ ханын өз халқына қарсы қойған саясаты еді.

9.4 1837-1847жж. К.Қасымұлы бастаған көтеріліс

Көтерілістің себебі: қазақ жерінің рулық принцип емес, территориялық принцип бойынша бөлінуі, дәстүрлі билік жүйесін біржола шеттету; қазақ халқын бір басқарманың астына біріктіру, әскери шептердің салынуына байланысты, жайылымдық жерлердің азайыуы, Ұлы жүз қазақтарының Хиуа, Қоқанд хандықтарынан қысымшылық көруі.

Көтерілістің саяси күші: қазақ қоғамының барлық тобы.

Көтерілістің нәтижесі: 1841ж. К.Қасымұлы үш жүздің болып сайланды. Көтеріліс басып тасталынды.

9.5 1856-1857жж. Ж.Нұрмұхамедұлы бастаған Ұлы жүз қазақтарының көтерілісі

Көтерілістің себебі: Қазақтардың Орта Азия билеушілері тарапынан көрген теперіші, әскери шептердің салынуына байланысты, жайылымдық жерлердің азайыуы.

Көтерілістің саяси күші: ру старшындары

Көтерілістің нәтижесі: көтеріліс басып тасталынды.

10-шы тақырып. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ХІХҒ. 2-ШІ ЖАРТЫСЫ МЕН ХХҒ. БАСЫНДА

Кезеңнің ерекшеліктері:

- 1822жж., 1967-1968жж. әкімшілік реформалар негізінде қазақ жерін бөлуде рулық принципті негізге алмай, территориялық принципті негізге алған әкімшілік бөліністер көшпелі қауымның жайылымсыз қалуына әкелуі;
- арзан жұмыс күшінің пайда болуы;
- темір жол магистралін салу мүмкіндігінің тууы;
- 1891ж. реформаның негізінде қазақ жері Ресей империясының меншігі ретінде жариялануы, артынша қазақ жерінде пайдалы қазбалардың түрлері бар екендігі белгілі болуы;

10.1 Қазақ өлкесіне капиталистік қатынастардың енуі

Өндіріс пен сауда және ауыл шаруашылығында капиталистік қатынастардың дамуына әсер еткен жағдайлар болып есептелінді. ХІХғ. орта кезеңінде қазақ өлкесіне капиталистік қатынастардың енуіне Ресей жеріндегі капиталистік қатынастардың дамуы әсер етті. 70-80жж. ауылшаруашылық шикізаттарын өңдейтін – май шайқайтын, былғары шығаратын, ұн тартатын, кәсіпорындары дамыды. *Негізгі шикізат өңдейтін орталықтар* Солтүстік Батыс, Шығыс Қазақстан болды. Шымкент сантонин зауытын химия өнеркәсіптерінің бастамасы деп есептеуге болады. 1822ж. негізі қаланған бұл зауыт өнімін Англияға, Америкаға, Германияға, Үндістан мен Жапонияға экспортқа шығарды. Шымкент пен Түркістанда мақта тазалайтын зауыттар істеп тұрды. Темекі өнеркәсібі Верный қаласында 1875ж. және 1900ж. салынған. Арал теңізінде, Павлодар уезіндегі Қарабас көліне тұз кен орындары ашылды. Жайық, Ембі, Ертіс өзендерінің алаптарында, Арал мен Каспий теңіздерінде балық аулау дамыды. ХІХғ. соңы мен ХХғ. басында 300 ден – 100ге дейін жұмысшысы бар өнеркәсіп орындары жұмыс істей бастады. Спасск мыс қорыту зауыты, Успенск руднигі, Қарағанды көмір кені, Екібастұз және Риддер кәсіпорындары болатын.

Тау-кен қазу кәсіпорындары саласы дамыды қорғасын, таза мыс, күміс қара мыс. Тау-кен қазу, көмір және мұнай өнеркәсібі шетел капиталистерінің көңілдерін көңілдерін аудартты. Спасск – Успенск, Атбасар мыс, Риддер рудасы, Қарағанды және Екібастұз таскөмір кендері, мұнай кен орындары шетел капиталистеріне сатылды. Спасск мыс рудалары акционерлік қоғамдық акцияларын ұстаушылар АҚШ, Германия, Белгия, Швеция өнеркәсіптері болды.

Мемлекеттік банктің Қазақстан территориясындағы бөлімдері ең алдымен сауда өнеркәсіптік орталықтарында ашылды. Оралда (1876ж.), Петропавлда (1881ж.), Семейде (1887ж.), Омбыда (1895ж.), Верныйда (1912ж.). ХІХғ.-ІІ-ші жартысында ХХғ. басында жергілікті көпестер сауданың жәрмеңкелік формасын қолдана бастады. *Ірі жәрмеңкелер қатарында* Қарқаралы уезіндегі Қоянды, Петропавл уезіндегі Тайыншакөл, Ақмола

уезіндегі Константиновск, Атбасар уезіндегі Беровск, Верный уезіндегі Қарқара жәрмеңкелері саналды.

Өнеркәсіп пен ішкі сауданың дамуына Қазақстанды Сібірімен және Ресей империясының ішкі жерлерімен байланыстыратын теміржолдардың салынуы мүмкіндік туғызды. Қазақстанда ХІХ ғ. соңында 482км. рельстік жол салынды. Базарлар мен жәрмеңкелер пайдалы қазбалардың кеңеюіне ықпал етті. Крепостное право жойылғаннан кейінгі орыс көпестері жылқы сатып алуға, қауымдық жерлерді заңсыз тартып алып, басқарудың отаршылдық жүйесін орнату қазақ қоғамының әлеуметтік бөлшектенуін күшейтумен бірге жүргізілді. Көшпелі шаруашылықтың ыдырауына әкелді. 70-80жж. кедейленген қазақтардың күнкөрістік табыс іздеп түрлі кәсіпшіліктерге және таукен өнеркәсіптеріне кетуі көбейді.

10.2 Патша үкіметінің қазақ жеріне қоныстандыру саясаты себептері

Империяның орталық аудандарынан Қазақстан жеріне қонысаудару қозғалысы шартты түрде мынадай кезеңдерге бөлуге болады.

1-кезең ХІХғ. орт.- казактардың қонысаударуы.

2- кезең ХІХғ. орт.- ХІХғ. соңы- шаруалардың қонысаударуы(1989 ж. жарғыдан кейінгі шаруаларға жәрдем түрлерінің белгіленуі)

3- кезең ХХ ғ. басы – 1917ж. Столыпиннің аграрлық реформасы

Орыс және украин шаруаларының қонысаударуы. ХІХғ 60-шы жылдары Ресейдегі буржуазиялық реформалары және «крепостнойлық праваны жою» жер мәселесін шеше алған жоқ. Реформа нәтижесінде көптеген шаруалар жерсіз қалды. Шаруалар наразылығын тудырмау жағдайында, сонымен бірге қазақ жеріндегі өз қорғанысын жасау мақсатында орыс және украин шаруаларын өлкенің барлық облыстарына орналастыру ХІХғ. 70ж. басталды, ал 80-жылдары бұл іс жаппай көшіп келіп қоныстанушылық сипат алды. 1889ж. 13 шілдедегі ережеде Томск және Тобол губерниялары мен Жетісу, Ақмола, Семей облыстарына көшу нақтыланды. ХІХғ. аяғы көшпелі мал шаруашылығы Сырдария ауданы, Орталық Қазақстан далаларында, Бетбақдалада, Маңғыстау, Семей, Ақмола облыстарында ғана сақталды.

Ұйғырлар мен дүнгендердің қонысаударуы. Бұл мәселе ХІХғ. 2-ші жартысында орыс- қытай қатынасына байланысты туындады. 60-80-ші жылдары қол қойылған кейбір құжаттарға байланысты Жетісу және Қырғыз жері Ресей қоластына өткен болатын. Қытай мемлекетінің шекарасында басталған көтеріліс күшпен басып тасталған болатын. Патшалық билік халықтың тығыз орналасқанына қарамастан өзінің оңтүстік бөліктегі қорғаныс қажеттілігі мақсатында қытай жағына, сонымен қатар дүнгендер мен ұйғырларға жаңадан қосылған территорияға қоныстануды ұсынды.

10.3 1916 жылғы көтерілістің себебі мен сипаты

Ресейдің дүниежүзілік империалистік соғысқа тартылуы Қазақстан еңбекшілерінің жағдайына ауыр соққы болды. Салықтар мөлшері артты. Қазақ

халқына 10-ға жуық салық, баж салығын төлеу міндеттелді. Келесідей жайттар орын алды: қазақ жерін тартып алу, соғыс қажеті үшін киім, мал, азық-түлікті мемлекет қажетіне еріксіз жинау. Соғыс уақытында Түркістан 300 мың пұт ет, 70 мың жылқы, 13 мың түйе тасылды. Жетісудан 34 млн. сомның малы мен ауылшаруашылық өнімі алынды. Қоныс аударған деревнялардың дәулетті топтары мен қазақ ауылдарының еңбекші бұқарасы арасында жер учаскелері үшін күрес басталды. Әскери бөлімдерде соғысқа қарсы насихат кеңінен өрістеді, әскерге шақырылғандар әскерден бас тартты, себебі өз жанұяларына жәрдем төленбеді. Мысалы, Көкшетауда 300 солдат өздерінің жанұяларын жермен, үй маңы учаскесімен, жәрдем ақымен қамтамасыз етпейінше майданнан бас тартты. Патша үкіметіне қарсы көтеріліс қарулы күшпен тоқтатылды, көтерілісшілер қамауға алынды, жер аударылуға сотталды. *Мұның бәрі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске әкелді.*

Себептері: а) Қазақ жерлерінің шұрайлы бөлігін тартып алудың жалғасуы,

1916 ж. ортасына қарай тартып алынған жер көлемі 45 млн. десятинаға жетті.

б) Отарлық езгінің күшеюі;

с) Салық мөлшерінің артуы (3-4 еседен 15 есеге дейін өсуі).

Яғни әлеуметтік-экономикалық, саяси факторлар әсер етті. Көтерілістің басталуына сылтау болған 1916ж. 25 маусымдағы армияның тыл жұмыстарына Қазақстанның, Орта Азияның және Сібірдің 19-43 жасқа дейінгі ерлерді шақыру болды.

Көтеріліс орталықтары: Жетісу мен Торғай.

Торғайда қыркүйек пен қазан айларында барлық жағынан жаулаушы отрядтар қыспаққа алды. 1917ж. ақпан айына дейін жалғасқан партизандық сипат алды.

Жетісулық көтерілісшілердің біраз бөлігі Батыс Қытайға өтіп кетуге мәжбүр болды. Қыркүйек айында басып тасталынды.

11-ші тақырып. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ОРНАУЫ ЖӘНЕ АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫ (1917- 1920жж.)

Кезеңнің ерекшеліктері:

- Қазақстанның барлық облыстарынан дерлік өкілдері қатысқан *бірінші жалпықазақтық съезд Орынбор қаласында 1917ж. 21-26 шілдеде* өтуі;

- Саяси партиялардың құрылуы;

- Қазан төңкерісі Қазақстанда қалалық сипат алуы. Қазан төңкерісі қазақ ауылдарын, әсіресе жартылай және көшпелі шаруашылықпен айналысатын аймақтарды айналып өтуі. Сол себептен төңкеріс қазақ ауылдарына ұжымдастыру жылдары келуі.

11.1 1917ж. Ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісі

Ресейдегі буржуазиялық–демократиялық төңкеріс Қазақстан еңбекшілерінің саяси оянуына, өлкеде отаршылдық әлеуметтік езгіге қарсы ұлт-азаттық, жұмысшы, аграрлық қозғалысының дамуына әсер етті.

1905ж. Қазан айында Оралда бес облыстағы қазақ халқы делегаттарының съезін өткеріп, ұлттық мүддені қолдайтын партия құрмақ болды. 1906ж. Семейде қазақтардың екінші съезі өтті.

Қаралған мәселелер:

- *орыс шаруаларының қоныс аударуын тоқтату*

- *жерді тұрғылықты халықтың меншігі етіп қалдыру*

- *мектеп ашу*

- *мешіттер салу*

Қазақстан халқының саяси санасының өсуінде мемлекеттік Думаға сайлау жүргізу ерекше рөл атқарады.

I. Мемлекеттік Думаға Қазақстанға 9 депутат сайланды 4-уі қазақ, 5- орыс.

II. Мемлекеттік Думаға 13 депутат 5-уі қазақ.

Нәтижесі II Мемлекеттік Думаға сайланған депудаттар мұсылмандық фракцияға кірді, шаруаларды шеткері жаққа қоныс аударттыруды тоқтатуға күш салды.

1917ж. ақпанда Ресейде халық жек көретін царизмді құлатқан буржуазиялық - демократиялық төңкерісі жеңіп шықты

Ақпан төңкерісі өзгешелігі: қос өкіметтілік- буржуазиялық пен жұмысшы және уақытша өкімет солдат депутаттар кеңесі.

Уақытша үкімет әскери губернаторларды, генерал – губернатор және отарлық әкімшіліктің шенеуніктеріне билік жүргізуден алып тастады. Олардың орнына облыстық комиссарлар, азаматтық атқару комитеті коалициялық комитеті және т.б. келді. Уақытша үкімет облыстардың басына патшаның шенеуніктерін қазақтың ұлттық интеллигенция өкілдерін қойды. Мысалы, Ә.Бөкейханов Торғай облысындағы Уақытша үкіметтің комиссары, М.Тынышпаев- Жетісу облысының комиссары болып тағайындалды. Қазақ халқын Ресейдің ұлттық-отарлық езгісінен азат етуді қалаған топтар мен үйірмелер арасында өзінің бағдарламасымен әрекет жасаған Әулиеата уезінде

Т.Рысқұлов ұйымдастырған *"Қазақ жастарының революцияшыл одағы"* болды. Құрамы: алдыңғы қатарлы қазақ жастары. Іс жүзінде Уақытша үкімет патша саясатын жақтады. Қазақ мәселелерін шеше алмады. (автономия, жер т.б.) Сол себепті Ә.Бөкейханов Уақытша үкіметтен шығып «Кадет» партиясына қосылады. Қазақстанның барлық облыстарынан дерлік өкілдері қатысқан *бірінші жалпықазақтық съезд Орынбор қаласында 1917ж. 21-26 шілдеде* өтті. Күн тәртібінде 14 мәселе қозғалады.

1. мемлекеттік басқару жүйесі;
 2. Қазақ облыстарының автономиясы;
 3. жер мәселесі;
 4. халық милициясын құру;
 5. земство;
 6. халыққа білім беру;
 7. сот;
 8. рухани-діни мәселесі;
 9. әйелдер мәселесі;
 10. Құрылтай жиналысын шақыру және қазақ облыстарында оның сайлауына әзірлік;
 11. бүкілресейлік мұсылман съезі;
 12. Қазақ саяси партиясын құру;
 13. Жетісу облысындағы оқиғалар;
 14. Киевтегі бүкілресейлік федеративтік кеңеске және Петроградтағы халыққа білім беру жөніндегі комиссияның жұмысына қазақтардың қатысуы;
- Бүкіл қазақтық бірінші съезд шын мәнінде қазақтың ұлттық саяси партиясы "Алаштың" съезі болып айқындалды.*

11.2 1917ж. Қазан төңкерісі жағдайындағы негізгі ерекшеліктері

- Қазан төңкерісі Қазақстанда қалалық сипат алды.
- Қазан төңкерісі қазақ ауылдарын, әсіресе жартылай және көшпелі шаруашылықпен айналысатын аймақтарды айналып өтті. Сол себептен төңкеріс қазақ ауылдарына ұжымдастыру жылдары келді.
- Қазақ жеріндегі еуропа нәсілді тұрғындар казактар немесе қонысаударушылар ретінде танылды. Олардың әлеуметтік- экономикалық жағдайы елдегі жағдаймен салыстырғанда жоғары болды. Олар жерге деген жетіспеушілікті білмеді. Казактарға жан басына 30 десятина жер, қонысаударушы шаруаларға жан басына 15- 20 десятина жер бөлінді. Сондықтан, большевиктердің «Жер туралы декретіне» байланысты бір халықтың екінші бір халықты ығыстыруына жол берілмегендіктен жер көлемдерінің азайып қалуы немесе жердің бір бөлігін қайтарып беру сияқты үрей пайда болды.
- Қазақ қоғамында болып жатқан саяси өзгерістерге атсалысқан, 1917 жылы «Алаш» партиясын құрған қазақ интеллигенциясы қалыптасты. Өз бағдарламалары арқылы қазақ қоғамындағы келеңсіз саясатқа қарсы тұра білді.

1917ж. 24 қазанда (6 қарашада) Петроградта көтеріліс кезінде жұмысшылар енген солдаттардың астананың маңызды орындарын басып алу нәтижесі уақытша үкіметтің құлауына әкелді. Бұл Қазан көтерілісінің Петроградтағы жеңісі- Қазақстанмен іргелес қалаларда- Ташкентте, Омбыда, Орынборда, Астраханьда Кеңес өкімінің орнауы- Қазақстанда биліктің кеңестер қолына көшуіне әсер етті. Бұл процесс 1917ж. аяғынан 1917ж. наурызына дейін созылды. Кеңес өкіметін қолдаушылар: жұмысшылар және кедей шаруалар Сырдария, Ақмола облыстары, Бөкей Ордасының көптеген аудандары Торғай, Орал, Семей, Жетісу облыстары қызыл гвардиялық отрядтар мен жергілікті гарнизондардың большевикшіл солдаттары қарулы көтерілістер арқылы Уақытша үкіметті басу арқылы жүзеге асты. Қазақстандағы Кеңес өкіметін орнату ісіне Ә.Жангельдин, С.Сейфуллин, А.Асылбеков, Ә.Майкөтов, И.Дубынин, А.Иманов, Т.Рысқұлов, Т.Бокин, А.Розыбакиев т.б. қатысты.

РКФСР құрылғаннан кейін елдің Шығысында автономиялық республикаларды құруға жұмыстар жүргізілді. Большевиктік ұйымдар, Қазақстан мен Түркістан Кеңестері бүкілқазақтық және бүкіл Ресейлік съезд шақыруға дайындады.

Саяси партиялардың құрылуы. Ұлттық идеяны жақтаған "Алаш" партиясы өкілдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Ғазымбек Бірімжанов құрастырған бағдарламаның жобасы жарияланды. Бағдарлама жобасы 10 пункттен тұрды.

I. Мемлекет қалпы. Россия демократическая, Федеративная республикасы болу. Федеративная Республиканың һәр мемлекетінің іргесі бөлек, ынтымағы бір һәр қайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді.

II. Жерге бостандық. Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия Республикасының Федерациялы бір ағзасы болуы... «Алаш» партиясы әділдікке жоқ, нашарларға жолдас, жәбірлерге жау болады.

III. Негізгі құқық. Россия Республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу. Жиналыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік...

IV. Дін. Дін ісі мемлекет ісіне айырылуы болды. Дін біткен тең құқық... муфтилік қазақта өз алдына болу.

V. Билік һәм сот. Һәр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болуы. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. Қазақ көп жерде сот тілі, қазақ тілі болу...

VI. Ел қорғау. Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде болмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету. Әскерлік қызметін қазақ аты милиция түрінде атқару.

VII. салық. Хал-ауқат, табысқа қарай: бай-байша, кедей-кедейше ғаділ жолмен таратылу.

VIII. Жұмысшылар. Жұмысшылар закон панасында болу... "Алаш" партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевиктік тобының программасын жақтайды.

IX. Ғылым-білім үйрету. Оқу орындарының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде

оқу; қазақ тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; үкімет оқу ісіне кіріспеу.

Х. Жер мәселесі. Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасын алдымен жергілікті жұртқа берілісін деу; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі, бұрын алынған жерлердің қазаққа қайтуы.

Бұл бағдарлама Құрылтай жиналысына сайлауда «Алаш» партиясының ірі табысқа жетуін қамтамасыз етті және *1917ж. 5-12 желтоқсанда Орынборда өткен екінші бүкілқазақтық съезде қазақ халқы әр түрлі топтардың өкілдерін біріктірді.*

1917ж. күзінде Қазақстанда тағы бір ұлттық саяси «Үш жүз» партиясы болды. Оның жетекшісі Көлбай Тоғысов болды. Ұстаған бағыттары большевиктік. "Алаш" партиясының оппоненттері.

"Үш жүз" партиясы 1918ж. қаңтарынан Кеңес үкіметін орнату ісіне кіріседі (большевиктерді жақтайды). Алайда осы кезде басталып кеткен азамат соғысы Қазақстанда басқаша саяси жағдай туғызды. Соның есебінен саяси күштердің арасындағы жағдайды күшейтті.

11.3 Қазақстан азамат соғысы негізгі контрреволюциялық ошақтары

- *1917ж. қараша* 4-ші жалпымұсылмандар съезінің шешімімен Түркістан автономиясы үкіметі құрылды.

- *1917 жылы* Кеңес үкіметіне қарсы Орынбор казактарының атаманы А.Дутов қарсы шықты. Дутовтың армиясына Орынбор және Орал казактары бірікті. Дутов Кеңес өкіметін құлатып, кеңестердің бүкілресейлік съезінің делегаты С.Цвиллинг бастаған революциялық комитетті тұтқынға алады.

- *Кеңес өкіметімен күресуді қарулы орталығы Жетісуда да болды, 1917ж. 1 (13) қарашасында* Жетісу казактары әскерінің әскери кеңесі әскери үкімет ұйымдастырады. Верныйға Кеңес үкіметіне қарсы күресу мақсатымен акгвардия офицерлері мен юнкерлер жиналады.

- *1918ж. наурызында* Гурьев қаласында Кеңес үкіметіне қарсылық атаман В. Толстовтың жетекшілігімен өтті.

- *1918ж. мамырында* Сібірде чехословак корпусында бүлік басталады. Бүлік нәтижесінен Кеңес үкіметі уақытша құлайды. Оның орнына Уақытша Сібір үкіметі келеді.

- *1920ж. көктемде* солтүстік Жетісуда Дутов пен Аннековтың әскерлерінің қалдықтары біріктіріліп, нәтижесінде Кеңес үкіметі біржола орнайды.

«*Соғыс коммунизм*» саясаты»: азық- түлік салғырты;

- қала мен ауылдың арасындағы азық- түлік айырбасы;

- ұсақ, орта, ірі өндірістерді ұлттандыру;

- жерді арендаға беруді тоқтату, ауыл шаруашылығында жалдамалы жұмыс күшін пайдалану;

- жеке меншік сауданы аяқтау;

- халық тұтынатын тауарлар мен азық- түліктікті карточка мен таптық принцип бойынша мемлекеттік тарату;
- еңбек борышын өтеу, еңбек армиясын қалыптастыру;
- еңбек жалақысын натуралдау, мемлекеттік қызмет көрсету тегін болуы.

11.4 ҚазАКСР–нің құрылуы. Қазақ Кеңес мемлекетінің қалыптасуы

Қазақ Кеңес мемлекеттігінің негізгі ерекшеліктері:

Большевиктер- биліктің концепциясы: саяси диктатураға негізделген орталықтандырылған кеңес мемлекеттілігін құру.

Қазақ либералды интеллигенциясы және оның «Алаш» партиясы- биліктің концепциясы: қазақ мемлекеттік құрылымы, демократиялы федеративті Ресей республикасы құрамында ұлттық территориялды автономия құруға негіздеу.

Қазақ Кеңес мемлекеттілігінің құрылу кезеңдері:

1-ші кезең- 1918 жылы мамыр айында РКФСР халық комиссариатының жанынан қазақ бөлімін құру. Бұл қазақ өлкелерін басқаруға арнайы құрылған бірінші орган.

2-ші кезең- 1919 жылы шілде айындағы «Кеңес Социалистік Республикасының Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару бойынша революциялық комитет жөнінде» Ленин қол қойған декрет бойынша РКФСР құрамындағы автономия хұқында Қазақстан кеңес мемлекеттілігін қабылдады.

3-ші кезең- 1920 жылы 4-12 қазан айында Орынбор қаласында өткен Қазақстан кеңестерінің құрылтай съезі Қырғыз (қазақ) Кеңестік Автономиялық Социалистік республикасының еңбекші хұқықтарының Декларациясы қабылданды. Қазақстан автономиясы құрамына: Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары, Астрахан губерниясы және 4-ші және 5-ші болыстары, Закаспий облысының Маңғышлақ, сонымен қатар Орынбор қаласы Республикасының астанасы ретінде енді. 1920ж. республиканың жер көлемі- 2 млн. кв.м., халық саны- 4,8 млн. адамға, жергілікті тұрғындардың саны- 46%- ға өсті.

4-ші кезең- 1924 жылы Орта Азия республикаларының ұлттық- территориялық шекаралары белгіленді, осының нәтижесінде Түркістан АКСР-нің қазақтар тұратын аудандары (Сырдария мен Жетісу облыстары) Қазақстан құрамына кірді Орынбор губерниясы Ресей Федерациясына беріліп, қазақ АКСР-ның астанасы 1925ж. Орынбордан Қызылордаға көшірілді. Қазақ АКСР-ындағы негізгі ұлттардың көпшілігінің сан жағынан өсуі төрт негізгі бағыт бойынша жүрді. 20ж. ортасынан бастап көшіп келушілер санының көшіп кетушілер санынан артық болуы. Табиғи өсім, туылғандар санының өлгендерден артық болуы. Автономиялық республика құрылғаннан және 1924ж. Орта Азия республикасының ұлттық- территориялық шекара белгіленгеннен кейін, республиканың нақты әкімшілік шекарасының кеңеюі. Ассимиляциялық және қосылу процестерінің есебінен өсті.

5-ші кезең- 1936 жылы желтоқсан айында ҚазАКСР одақтық республика болып қайта құрылып, Қазақстанда ұлттық- мемлекеттік құрылыстың құрылу кезеңін аяқтады. Алайда, статустың өзгеруімен шектелді, іс жүзінде іске асқан жоқ.

12-ші тақырып. ҚАЗАҚСТАН КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕ (1918-1939жж.)

Кезеңнің ерекшеліктері:

- Жаңа экономикалық саясат;
- Экономикаға мемлекеттік араласуы негізінде жеке меншіктің түрлері салық, кредит, қайта бөлу механизмдерінің дамуы;
- Ұжымдастырудың ерекшеліктері: көшпелі жұртты отырықшылыққа өткізу, яғни дәстүрлі шаруашылық түрін бұзу;
- Индустрияландырудың міндеттері- социализмнің материалды-техникалық негізі ретінде ауыр индустрияны дамыту, аграрлы елден аграрлы – индустриялды елге айналдыру;
- қоғамдық - саяси жағдай: Қазақстанда тоталитарлық жүйенің орнауы.

12.1 1921ж. Қазақстандағы ЖЭС. Жер-су реформасы

Жаңа экономикалық саясат

- азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен ауыстыру;
- сауда – ауыл мен қала арасындағы экономикалық байланыстың негізгі түрі;
- орта және ірі өнеркәсіпорындарының мемлекет қолында сақтап қалу;
- өндіріске жеке капиталды жіберу: жеке шаруашылықтар мен ұсақ мемлекеттік орындарды арендаға беру;
- жерді арендаға алу және ауыл шаруашылығында жалдамалы еңбекті пайдалану;
- мемлекет бақылауында жеке саудаға рұқсат ету;
- мемлекеттік және кооперативтік сауданы дамыту;
- еңбек борышын өтеу мен еңбек армиясын жою;
- өндірісті жұмысшылармен еңбек биржасы арқылы қамтамасыз ету;
- ақша жүйесін бекіту, жалақының ақшалай түріне көшу, мемлекеттік қызмет көрсету дің тегін түрін алып тастау.

Империалистік және азамат соғыстары қазақ халқын ауыр халге ұшыратты. Соғыстан кейінгі колониалдық экономика ауыр жағдайда қалды. Соғыс қимылдарынан әсіресе өнеркәсіп пен транспорт салалары зардап шекті. 1920ж. өнеркәсіп, 1913ж. салыстырғанда 2 есе қысқарады. Мыс пен полиметалл рудалары тіптен өнім әкелмейді. Рудниктер мен көмір шахталары электр станцияларының істемеуінен тоқтап қалды. Транспорт катастрофиялық жағдайда болды, әсіресе теміржол жағдайы. Паровоздар мен вагондар жөндеуді қажет етті. Жүздеген көпірлер қирады. Егіндік жерлер 3 есеге кішірейіп, мал басы 29,9 млн-нан 6,3 млн-ға дейін азайды. Осының бәрі республикадағы аштыққа әкелді.

Азамат соғысы кезінде енгізілген соғыс коммунизм саясаты соғыс біткеннен кейін де жалғасты. Мемлекеттік күштеу саясаты ауыл мен село наразылығын күшейтті. 1921ж. ақпан-наурыз айларында Ақмола, Петропавл, Көкшетау, Қостанай, Орал, Семей губерниялары мен уездерінде Кеңес өкіметінің өктемдігіне қарсы көтерілді.

Осы жағдайлардан кейін, РКП(б)-ның X съезі (1921ж. Наурыз) шаруашылыққа жүйе қолданды. Азық-түлік салымынан азық-түлік салығына көшу туралы шешім қабылданды.

Қазақстанда ЖЭС-ке көшу 1921 жылы наурыз-сәуір айларында өтті. Өзгерістері: - қаржыда

- кредитте
- ақша шаруасында
- аренда
- еңбек заңында
- жер ісін реттеуде

Осы шаралар ауыл шаруашылығының көтерілуіне әсер етті. Ауыл шаруашылығы жүйесінде 2811 әртүрлі кооператив түрлері 1926ж. Қазақстан территориясында 128 ірі жәрмеңке пайда болды. Ең үлкен жәрмеңкелер қатарына: Ойылды, Қоянды, Темір, Атбасар.

Жалпы өлке экономикасы көпукладты сипат алды. Экономикаға мемлекеттік араласуы негізінде жеке меншіктің түрлері салық, кредит, қайта бөлу механизмдері дамыды

1926-27жж. Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу шабындық жердің: 61,6%-кедейлер, 8,8%-ауқаттылар, ал, 1926ж. егіндікті қайта бөлу кезінде, 59,3% - кедейлер, 31,7% - орташалар, 9%- ауқатты шаруашылықтар алды.

Ескермеген тұстары: Шаруашылықтағы екінші дәрежедегі өндіріс қоры (жұмыс көлігі ауылшаруашылығының құрал-жабдықтары т.б.) Орташа шаруашылығының бұл жөнінен құрқол болуы. Мүмкіндіктерінің жоқтығынан кедей шаруашылықтар одан бас тартты, оны бұрынғы иелеріне яғни ауқатты байларға қайтарып беруі.

1923ж. наурызында 3-ші партия конференциясында байлардың малын тәркілеу, үй-ішінен тұрған аймағынан көштіріп жіберу, жергілікті партиялардың пікірінше, бұл "ауылды орташаландыруға және оның өндіргіш күштерін дамытуға, себеп еңбекшілердің одағын құруға мүмкіндік береді". 1928ж. 27 тамызында (ОАК) Орталық Атқару Комитеті мен (РХКК) Республика Халық Комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде тәркілеу жөніндегі Заң жобасы қабылданып, жарлық қаулы құжатына айналды

Науқанның қорытындысы: 696 шаруашылық конфискиленді, 619 тұрғын округінен тыс жерге айдалды.

12.2 Қазақстандағы ұжымдастыру

Ұжымдастырудың сипаты:

- 1929ж. жаппай ұжымдастырудың басталуы;
- бай – кулактарды құртудың мемлекеттік бағыты;
- елдегі индустрияландыру процесінің жеткілікті қордың қалыптасуына әкелуі;

Ұжымдастырудың ерекшеліктері:

- көшпелі жұртты отырықшылыққа өткізу, яғни дәстүрлі шаруашылық түрін бұзу;

- Қазақстан ұжымдастыруды негізі 1933ж. көктемінде (көшпелі және жартылай көшпелі аудандардан басқасы) аяқтауға тиісті аймақтық топқа жатқызылды.

Ұжымдастырудың зардаптары:

- трагедиялы түрде жүруі ;

- мал басының азайыуы;

- мал басының жаппай қырылуы;

- қолдан жасалған аштыққа әкелінуі;

- адам санының азайыуы;

- қазақ байларының Қазақстаннан тыс жерлерге қонысаударуы.

12.3 Қазақстандағы "индустрияландыру" саясаты, міндеттері, ерекшеліктері мен мәселелері (1926 -40жж.)

Индустрияландырудың міндеттері- социализмнің материалды-техникалық негізі ретінде ауыр индустрияны дамыту, аграрлы елден аграрлы – индустриялды елге айналдыру.

Индустрияландырудың көздері- шикізат көзін және материалды, кәсіпорындардан түсетін пайданы, салық жүйесін үнемдеу.

Индустрияландырудың ерекшеліктері мен мәселелері:

Өлкенің экономикалық артта қалуы, жұмысшылар мен инженер-техникалық жұмысшылардың болмауы, сумен қамтамасыз ету мәселелері.

Индустрияландырудың қорытындысы- одақтық деңгейде өндіріс орындарын құру: Балхаш мыс зауыты, Шымкент қорғасын зауыты, Ащысай металл балқыту зауыты, Қарағанды көмір шахталары, Түрксіб темір жолы.

Әлеуметтік- экономикалық өзгерістер: қалалардың өсуі (Қарағанды, Аягөз, Балқаш, Талдықорған, Арал, Степняк), 1928-1939жж. қалалардың саны 44-тен 81-ге өсті, урбанизация процесі еуропалықтардың есебінен жүрді, демографиялық жағдайдың өзгеруі, орыс тұрғындардың үлес салмағы 2 есе өсті. БКП (б) ның 14-съезі (1928ж.) желтоқсанда белгілеген социалистік индустрияландыру бағытын жүзеге асыру Қазақстанда біршама қиыншылықтар әкелді.

Екі көзқарас пайда болды: Біреуі, Ф.Н. Голощекиннің Қазақстанды шикізат базасы ретінде көруі болса, екіншісі С.Садуақасов Республикаға "қолы бос" жұмысшыларды көшіріп әкеле беруге қарсы, жұмыс күші ретінде кедей қазақтарды пайдалану.

Қазақстанның пайдалы қазба байлықтарына бай болуы, Қазақстанда ауыр индустрия кен шығару мұнай, көмір, түсті металл салаларын дамыту негізінде болды. 1928-1940жж. республиканың темір жол желісі 50% өсіп, 658км. жеткен. Сібір мен Орта Азияны байланыстырған Түркістан – Сібір жолы салынды. Қазақстан Ресейге, Орта Азияға тасылған шикізат түрлері: көмір, мұнай, тұз, мақта, астық, ауылшаруашылық өнімдері, социалистік индустрияны жүзеге асуы кедей жұмысшылар тобын қалыптастырды.

12.4 20-30-шы жж. Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай

Қазақстанда тоталитарлық жүйенің орнауы:

- 1925ж. жазында Ф.Голощекиннің өлкелік партияның басшысы болып сайлануы мынадай өзгерістер әкелді:
- ауылдарда «Кіші Қазан» төңкерісін өткізу;
- 1926-27жж. егіншілік пен жайылымдық жерлерді бөлудің жүзеге асуы;
- 1928ж. 27 тамызда «бай шаруашылықтарын тәркілеу» жайлы шешімнің қабылдануы;
- өндіріс өнімі құралынан, өндіріс өнімін бөлуден шаруаның толық аласталуы;
- жеке меншікке қарсы күрес.

«Сталиндік қуғын- сүргін»

- «ұлтшыл- уклонизм » айыбының С.Садуақасов пен С.Қожановқа тағылуы;
- партиялық оппоненттер С.Сейфуллин, М. Мырзағалиев, С. Меңдешев және т.б. қудалануға алынды;
- ұлттық интеллигенция , елдің рухани көсемдері - А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов т.б. интеллигенция өкілдерінің репрессияға ұшырауы.

13 – ші тақырып. ҚАЗАҚСТАН ХХғ. 50–60жж.

Кезеңнің ерекшеліктері:

- Соғыстан кейінгі республиканың негізгі даму бағыттары:
- Елдің экономикасын басқаруда әміршіл- әкімшіл жүйенің сақталуы;
- Ұлы Отан соғысының жеңісі Кеңес үкіметінің таңдаған даму моделінің орталықтандырылған жоспарлы экономиканың дұрыстығы деп дәлелденуі;
- Қазақстан экономикасының дамуының теріс жақтары белгіленді: экономиканы қаржыландырудың қысқаруы, жұмысшы кадрлердің жетіспеуі, еңбектің өндірістілігі;
- Қазақстан соғыс өндірісінің ірі жетекшісіне айналуы (Семейде атом полигоны, Балқаш түбіндегі ракета полигоны).

13.1 Соғыстан кейінгі саяси-әлеуметтік жағдай

Кеңес қоғамының соғыстан кейінгі жоспарлары демократияға қарсы, тоталитарлық Сталиндік социализмнің белгісіне үлесіп жатты. Елде И.В. Сталиннің жеке басына табыну бел алды. Олар: *әкімшілік бұйрық беру тәсіліндегі қарама – қайшылық, Социализм идеясының шырқау кезеңі (40-50жж.), қозғамдық ғылымдарды бақылауда болуы, басқаша ойлайтын адамдарды қудалаудың жаңа науқанының басталуы.*

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті пленумының (1947ж. наурыз) қаулысында төменгі партия комитеттерінде: *«Тарих жазудағы, әдебиет пен өнердегі саяси қателер мен ұлтшылдық бұрмалауларға қарсы большевиктік сынды кеңінен көрсетіп, КОКП (б) Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөнінде қаулыларын сөзсіз орындау»* – тікелей жүктелді.

Ленинградта «Ленинградтық іс», Мәскеуде «Дәрігерлердің ісі» қолдан жасалып жатқан кезде, Қазақстанда "Бекмахановтың ісі" ұйымдастырылды.

Кітап сыналды: «Россияға қарсы ұлттық көтерілістерді дәріптейтін орыстарға қарсы кітап» деп «XIX ғасырдың 20-40жж. Қазақстан» 1947ж. монографиясы ұлтшыл көзқараспен жазылған деп айыпталды.

1952ж. 4 желтоқсан ҚазКСР Жоғарғы сотының сот алқасы 25 жылға соттады. Тек И.В. Сталин өлгеннен кейін Е.Бекмахановтың ісі ақталады. 1954ж. көктемде Қазақстанға қайта оралды.

13.2 Қазақстанның ауыл шаруашылығы. Тың және тыңайған жерлерді Игеру

1949-53жж. алынған астықтың жылдық орташа көлемі 4,9 млрд. пұт өнім алған. Мемлекет сатқан астық көлемі жөнінен 1941 жылғыдан төмен еді. Республиканың мал шаруашылығы ауыр жағдайда болды.

- 1951ж. 4,5 млн. ірі қара болды
- 1928ж. 6,5 млн. ірі қара болды

Партия Орталық Комитеті ақпан – наурыз (1954ж.) пленумы ұсынған тың игеру идеясының жерді жыртып тастаудың салдарынан 1957-1958жж. Павлодар

облысында жеңіл топырақты жерлерінде шаң бораны тұра бастады, ал 60 жылдардың басында жер қыртысын ұшырып кету жеңіл топырақты емес, ауыр топырақты жерлерді де қамтыды. Солтүстік Қазақстанда 9 млн. га жер жел эрозиясына ұшырады. Бұл Франция сияқты елдің ауыл шаруашылық жер көлеміне тең. Жерді зор көлемде жырту глобальдық көлемде құрғақшылықтың артуына әсер еткен. Тың игерген аудандар халқы республикалар аралық көшіп – қону есебінен 61%-не өсті. Негізгі қоныстанушылар: РСФСР, Украина, Белоруссия, Молдавия

Теріс салдары: Қазақстан этносының тіліне, әлеуметтік – мәдени өміріне қауіп төнді. Жұмысшы тобының өсуі. Қазақстанның әлеуметтік құрылысы. 60жж. өндіріс дамуына байланысты жұмысшы саны өсті.

- 1970ж. Әйелдерді өндіріске тарту жөнінде Одақта 8-орында болды.

Жұмысшы тобы ұлттық құрамы да өзгерді, өнеркәсіпке тұрғын халық нашар тартылды. 70ж. Қазақтар тек мұнай шығаратын және газ өнеркәсіптерінде басым болды. Приборлар, машина, электротехника жасауда, тігін өнеркәсібінде төмен болды. Себебі тұрғын халықтан маман кадрлар даярлауға қамқорлық жасалмады, жұмысшы күшін басым әкелді, кәсіптік техникалық училищелер қазақ жастарын қабылдамады. Баспахана, мұнай шығару, металлургия, металл өңдеу салаларында жұмысшы білімі жоғары болды. Аяқ - киімі, тері илеуде білім дәрежесі төмен болды.

14–ші тақырып. ҚАЗАҚСТАН КЕМЕЛДЕНГЕН СОЦИАЛИЗМ ДАҒДАРЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖӘНЕ М.С. ГОРБАЧЕВТЫҢ РЕФОРМАЛАРЫ

Кезеңнің ерекшеліктері:

- Халықшаруашылығы комплексінің жоғары өсуі 8-ші бесжылдық жылдары (1966-1970ж.ж). Сондықтан бұл бесжылдықты «алтын бесжылдық» деп атады;

- Халық шаруашылығын қарқынды даму жолына ауыстыру;

- Экономикалық дамудың әлеуметтік бағытын күшейту.

14.1 70-80жж. 1-ші жартысындағы республика дамуының негізгі бағыттары

- *Қазақстандағы индустрияның динамикалық даму үлгісі, республиканың ірі өндірістік аймағына айналуы:* Қазақстан елдің түсті металл базасы болды, республикада жанар-жағар энергетикалық комплексі жұмыс істеді, химия өнеркәсібі дамыды. 60- жылдардың ортасындағы экономикалық реформа экономиканы уақытша көтеруге жәрдемдесті: өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы өндірісінің жылдық көрсеткіші өсті. Халықшаруашылығы комплексінің жоғары өсуі 8-ші бесжылдық жылдары (1966-1970ж.ж.). Сондықтан бұл бесжылдықты «алтын бесжылдық» деп атады.

- *Республиканың өндірісі шикізаттық бағытын сақтады:* республикадан сыртқа арзан шикізат шығарылып, дайын өнім қымбат болып енді. Бұдан шығару-енгізу балансының құны бір-біріне қайшы келді.

- Республикада әскери-өндіріс кешені инфраструктура кеңінен өріс алды. (республикада 50 өндіріс-қорғаныс негізінде есептелінді.)

- Индустриализациямен байланысты *урбанизация* қарқынды жүрді. (қала халқының саны күрт өсті)

- Республика экономикасының барлық салаларына тән қасиет: *шығынды механизмнің қызмет етуі*, әсіресе ауыл шаруашылығында ресурстық көлемнің өндіріске жарамауы.

- Халықтың төмен өмір сүруін әр саланың факторлары дәлелді: денсаулық, экология, тұрғын үй мәселесі, әлеуметтік қамсыздандыру, еңбектің жағдай және төлемі, адамның мәдени және рухани талабы.

- Халық тұтынатын тауардың құнсыздануы және жойылуы.

- Республикада экологиялық мәселелердің ушығуы табиғатқа деген аяусыздықтың нәтижесі, табиғат байлықтарын қорғауды жоққа шығаруы болды. Арал мәселесі, Семей полигонының радиациялық зияны.

Осы аталған қоғам дамуының негізгі бағыттары қоғамдағы дағдарыстың өсуіне куә болды.

14.2 Қазақстандағы «қайта құру» саясаты (1985-1991жж.)

«Қайта құру» саясатының кезеңдері және олардың сипаттамасы:

1985ж. сәуір пленумында партияның жаңа экономикалық жоспары алға тартылды. Оның негізгі мазмұны елдің әлеуметтік-экономикалық бағытын дамытуды, экономикалық дамудың жаңа сапасына көшу. Халық шаруашылығының құрылымын түбегейлі өзгерту, оны қоғамдық сұранысты қанағаттандыруға, Кеңес халқының тұрмысын дамытуға бағыттау. Осы тұрғыда экономиканың сапалы дамуы 2 түрлі негізде қаралды.

1. *Халық шаруашылығын қарқынды даму жолына ауыстыру,*

2. *Экономикалық дамудың әлеуметтік бағытын күшейту.*

«Қайта құру» саясатының кезеңдері:

- *1985ж. көктемі –1987ж. жазы.* «Қайта құрудың» бірінші кезеңінде, бірқатар іс-шаралар атқарылды: елдің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынының концепциясы жарияланды, ішімдікке қарсы компания шақырылды және еңбек тәртібімен күрес қолға алынды. Қарқынның басты факторы болып өндіріс аппаратының жаңартылуы және еңбек өнімділігін арттыру. Аграрлық секторды ЖТР (Жаңа технологиялық революция) игеруді жеделдету (жерді өңдеудің жаңа технологиясы)

Нарық және жеке меншік жағдайында бәсекелі жаңа технологияны ендіру қажет етілмеді. Ауылшаруашылығында мемлекеттік совхоз-колхоз жүйесі ЖТР-ді қабылдауға дайын болмады. Ал ішімдікке қарсы компания бюджеттің жойылуын жоғарылатты және тұтынушы нарықтағы жағдайларды ушығуына әкелді.

- *1987 жылы жазында –1989 жылы мамыр айы.* Аталмыш кезеңде шешуші шараларға өту жөнінде жағдай жасалды: жоспар мен нарықты біріктіру, жеке меншік ойластырылған гибридпен ауыстырылды. (Аренда, арендалық қатар). Осыған байланысты жарты мемлекеттік ұйымдар және кооперация жөнінде жартыкеш заң қабылданады. Бұл шара қоғамдағы қозғалысты алға жылжытқанмен жалпы мәселе шешілген жоқ. Аталмыш кезеңде жарияланған қоғамдық өмірдің жариялылығы формальді мінез танытты.

- *1989ж. мамыр – 1991ж. тамыз.* Үшінші кезеңде түбегейлі өзгерістерге шешім қабылданады. Ол – әкімшіл органнан (Компартияның ОК) реформаға негізделген белсенді – 1989ж құрылған Парламентке көшу.

Осы жағдайда нарық пен жеке меншікке көшу үшін күрестің басталуы демократиялық қоғамды құрудың басты жағдайы ретінде болды.

15- ші тақырып. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Кезеңнің ерекшеліктері:

- 1990ж. 25-ші қазанындағы Қазақ КСР-нің ұлттық егемендігі туралы Декларация қабылданды;

-1991ж. 10 желтоқсан Қазақ КСР-нің атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді;

- 1991ж. 16 желтоқсанда Жоғары Кеңес Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялады. Біздің еліміз демократиялық мемлекетке айналды;

- 1991ж. 29 тамыз Семей ядролық сынақ полигоны жабылды;

- 1992ж. 4- ші маусым ҚР- ның рәміздері бекітілді;

- 1992ж. 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болып қабылданды, тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық қатынастардың белсенді мүшесі болды. Қазақстан басқа мемлекеттермен құқықтық негізде қарым-қатынас жасайды;

- 1993ж. және 1995ж. Конституциялары қабылданды;

- 1994ж. 12 ақпанда «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» Президент жарлығы –сот жүйесін реформалаудың негізгі құжаты;

- 1994ж. 27 желтоқсанда Азаматтық кодекстің жалпы бөлімі қабылданды. Бұл заң қоғамымызда жаңа экономикалық қарым-қатынастарды реттейді;

- 1995ж. 9- шы желтоқсанда Жаңа Конституцияны негізінде ҚР тарихындағы бірінші екі палаталы Парламентке сайлау өткізілді. Жоғарғы палата- Сенат, төменгі - Мәжіліс;

- Қазақстан Республикасы – демократиялық, құқықтық мемлекет. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті өзінің азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды бірінші кезектегі міндеті санайды. Еліміздің қоғамдық саяси өмірінің барлық салаларында өзгерістер пайда болды. Құқықтық мемлекет құрудың алғашқы қадамы;

- Жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық қарсаңындағы Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға қол қойды;

- Қазақстан Республикасы Конституциясының I бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде көрсетеді. Оның негізі –адам, адамның өмірі, адамның құқықтары, бостандықтары;

15.1 Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел ретінде мемлекеттік рәміздері

Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы. Елтаңбамыздың авторлары белгілі суретшілер: Шот-Аман Уәлиханов пен Жандарбек Мәлібеков. Елтаңба көгілдір түсті, ортасында шаңырақ бейнесі бар. Шаңырақтан жан-жаққа уықтар тарайды. Шаңырақ пен уық біздің Отанымыздың тыныштықта өмір сүріп жатқан халықтарының бірлігін

көрсетеді. Елтаңбаның екі жағында қанатты тұлпар бейнеленген. Тұлпар-адамның сенімді досы және қолқанаты. Елтаңбаның жоғары жағындағы бес бұрыш - бақытты өмірге жол сілтейтін жарық жұлдыздың белгісі. Сондықтан біздің елтаңбамыздағы аспан мен жұлдыз асыл арманға жеткізетін белгі болып саналады. Төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазу Республиканың аты. Масақ – Отанымыздың байлығы. Елтаңба – мемлекеттің тарихи дәстүрін көрсететін, бірлікке, тыныштыққа шақыратын белгі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы. Жер бетінде қанша ел болса, сонша ту бар. Әр елдің өз туы, әр тудың өз тағдыры бар. Біздің туымыз – көгілдір түсті, тік төрт бұрышты. Ол бірлік пен ашық аспанды, тыныштық пен амандықты көрсетеді. Тудың ортасында бейнеленген сәулесін шашқан алтын күн – тыныштық пен байлықтың белгісі, күннің астындағы қалықтаған қыран дархандық пен қырағылықтың, ой-арманның шарықтауын меңзейді. Тудың сабын бойлай ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ бар. Күн, күн сәулесі, бүркіт және ою-өрнек алтын түстес бояумен боялған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны. Мемлекеттік әнұран – мемлекеттік тәуелсіздік пен егемендіктің музыкалық – поэтикалық рәмізі. Негізінен әуен мен сөзден тұрады. Ұлттық мемлекеттік әнұрандар әр елдің музыкалық эмблемасы болып табылады. Әнұран сөзі ән және ұран сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Ән - вокалды музыкалық шығарманың әуені, сазы. Ұран – халықтың немесе адамдардың белгілі бір тобын ортақ әрекетке, іс-қимылға жұмылдыруға шақыратын шартты сөз, үндеу, дабыл.

15.2 Қазақстанның астаналары

Астана. 1997 жылы 20 қазанда саяси, экономикалық жағдайларға байланысты республиканың бас қаласы Астанаға көшірілді. Жас Қазақстан экономикалық тапшылыққа қарамай, қиын шешім қабылдады. Бұл шешім басқа елдерді де таң қалдырған еді. Аз уақыттың ішінде бұрынғы провинциалдық қала танымастай өзгерді. Әсем Есілдің жағасын бойлай Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Еуразия университетінің жаңа ғимараты, Жастар сарайы, әр түрлі министрліктердің үйлері мен көп қабатты тұрғын үйлер салынды.

Парламент үйінің алдында қазақтың атақты үш биі – Төле би, Қаз дауысты Қазбек би, Әйтеке би - ескерткіштері орналасқан. Ақ барыс – жас Қазақстанның ХХІ ғасырдағы жарқын да, бақытты болашағының символы.

Астана - мемлекеттің саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы.

Орынбор. 1920 жылы Қазақстан Ресейдің құрамында автономиялы республика болып құрылды. Орынбор бас қала болып жарияланды. Орынбор өлкесі ол кезде қазақ жері болатын. Орынбордың кадет корпусында қазақтың көптеген жігіттері білім алып шықты. Олар өз елінің зиялылары және ірі қоғам қайраткерлері А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Б.Қаратаев, М.Дулатов, М.Шоқай, Х.Досмұхамедов, ағайынды Сейдалиндер болды. Осында қазақтың талантты ұлдары жұмыс істеп, еңбектер жазған.

Қызылорда. 1925 жылы наурыз айында Қазақстанның астанасы Орынбордан Қызылордаға көшірілді. Сөйтіп, бұрынғы Ақмешіт, қазіргі Қызылорда астана болды. Ол кезде Сыр бойының табиғаты өте бай еді. Аз уақыттың ішінде қалаға бүкіл қазақ жерінен ғалымдар, ақындар, әншілер жиналды. Ә.Бөкейханов, С.Сейфуллин, І. Жансүгіров, А. Байтұрсынов т.б. еңбек етті. Қалада тұңғыш музыка театры ашылды. Онда Қ.Қуанышбаев, С.Қожамқұловтар жұмыс істеді. Қызылорда - ақ күріштің, газ бен мұнайдың орталығы.

Алматы. 1929 жылы еліміздің астанасы осында көшірілді. Басын қар басқан Алатаудың етегіндегі әсем қала астана болуға лайық еді. Қаладағы Опера және балет театрының үйі, «Қазақстан» қонақ үйі, Республика сарайы, М.Әуезов атындағы драма театры, Орталық мұражай, Ғылым академиясының бас ғимараты т.б. сәулет өнерінің тамаша ескерткіштері деп саналады. Медеу мұз айдыны бүкіл дүние жүзіне белгілі. Қазір Алматы – Алматы облысының орталығы, республикалық мәртебесі бар қала. Жергілікті басқару органы – Алматы қалалық әкімшілігі.

Түркістан. Түркістан – бабалардың көне қаласы. Ол Қаратау мен Сырдария өзенінің ортасында, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Ежелгі заманда қала Шабғар деп аталатын. Монғол жаугершілігінен кейін қала Түркістан атанды. Түркістандағы ғажайып ғимарат он жыл көлемінде салынып бітті. Ата-бабаларымыз көне заманнан Түркістан топырағын қасиетті санаған. Хандар таққа отырған кезде Қожа Ахмет ақынның басында тұрып ант берген. Көне Түркістан топырағында сексен хан, би, батырлардың сүйегі жерленген. Жас жеткіншек, сендер ата-бабаларының ерлік жолын, сөзін іздесеңдер, осы көне Түркістаннан табасындар. Өйткені, тарихы терең Түркістан таспен жазылған кітап секілді.

15.3 Қазақстан-2030 Елбасының Қазақстан халқына жолдауы жылсайынғы жолдаулардың негізі

Қысқа мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиялары біздің еліміз көздеген перспективаларға қол жеткізу үшін мынадай жеті басымдықты іске асыру қажет:

1. Ұлттық қауіпсіздік. Аумақтың тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстан тәуелсіз егемен мемлекет ретінде қамтамасыз ету.

2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы. Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру.

3. Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтың экономикаға негізделген экономикалық өсу.

4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім мен әл-ауқаты.

5. Энергетика ресурстары.

6. Инфрақұрылым, транспорт және байланыс.

7. Кәсіби мемлекет.

Глоссарий Негізгі терминдер

- Австралопитектер** — адам тәріздес маймылдар, адамның арғы тегі.
- Айтыс** — ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.
- Ақсақал** — ауыл-аймақтың жасы егде тартқан құрметті адамы. Әрқашан аталы сөз айтып, тустықты, бірлікті, елдікті сақтау жолындағы уағызшы.
- Алаш** — ежелгі түрік сөзі- бауырластар, қандастар, туыстар. Көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген.
- «Алаш» - демократиялық – ағартушылық бағыттағы алғашқы қазақ басылымдарының бірі.
- Алаш партиясы**- қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы (1917-1920).
- Албандар** – қазақ халқын құраған ірі тайпалардың бірі.
- Албан** – ХҮІІІ ғасырда жоңғар тайшылары мен жайсаңдары жаулап алған елдерінен жинаған алым-салықтың бір түрі.
- Антропоморфтық** — адамтәрізді.
- Археология** — ғылым, тарих ғылымының көне дәуір мен орта ғасырдағы адамзат қоғамы дамуының заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін зерттейтін саласы.
- Ауыл** — дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан қауымдастық.
- Барымта** — күштеп малды айдау, ұрлау.
- Батыр** — әскери адам, құрметті азаматы, халыққа өз батылдығымен, ержүректілігі мен көзге түскен адам.
- Би** — рубасы, сот.
- Ғұндар** — ежелгі түркінің тайпа бірлестігі.
- Гуьмо** — үйсіндердің жоғарғы басқарушысы.
- Динар** — Шығыс елдерінің көне ақшасы.
- Дирхем** — арбтардың ежелгі күмістен жасалған монета.
- Дін** – адамдардың құдайға табыну негізі, көзқарасы.
- Жайлау** — көшпенділердің жазғы мал жаю тұрағы.
- Жайық (Яик)** — Орал өзені.
- Жартылай көшпелі мал шаруашылығы** – жазда және қысқы мал жайылым тұрағы.
- Зекет** — мал салығы.
- Иқта** — феодалдық қоғамдағы жер салығы.
- Иқтадар** — жер салығын иемденуші.
- Ислам** — дүниежүзілік діннің бір түрі, ҮІІ ғасырда араб елінде пайда болған, негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбар, жалғыз құдай – бұл Алла.
- Тарих** - ғылым, адамзаттың басынан кешкенін зерттеу.
- Киіз үй**- көшпелі халқының негізгі тұрағы.
- Қади** – сот.
- Қазы** — жылқы еті мен майынан жасалған тағам.
- Камзол** - әйел адамның сыртқы киімі.

Қаңлы – ежелгі түркі тайпаларының бірі.

Қарта — жылқының ішек-қарынынан жасалатын тағам.

Кереге — киіз үйдің қабырғасы.

Қидандар — қарақытай, XII ғасырда Жетісу өңірінде мемлекетін құрған.

Конфедерация — одақ, бірігу.

Көшпенділік — мал шаруашылығы негізінде көшіп-қону.

Кроманьондық — «есті адам» қазіргі адамға сай.

Күзеу — көшпенділердің күзгі тұрағы.

Қымыз — жылқының сүті.

Құн — жасаған қылмысына байланысты салық төлеу.

Қорған — ескі тастан жасалған зираттар.

Қыстау — көшпенділердің қыстағы тұрағы.

Күй — қазақ халқының саздық әуені.

Матриархат — әйел қоғамындағы елді билеуі.

Медресе — мұсылмандардың орта және жоғарғы оқу орны.

Мезолит — орта тас ғасыры.

Мектеп — бастауыш оқу орны.

Миграция — көшіп-қону.

Молда — ислам дінін уағыздаушы.

Мустье — орта палеолит.

Неандерталдық — ежелгі адамдар.

Неолит — жаңа тас ғасыры.

Палеолит — ежелгі тас ғасыры.

Парадарайа — теңіз жағалауындағы сақтар.

Патриархат — еркектердің қоғамдағы елді билеуі.

Петроглиф – тастан қашап жазылған жазулар.

Питекантроп — ежелгі адамның бір түрі.

Революция — қоғамның, танымның сапалық табиғи өзгерісі.

Редут — тікбұрышты тәрізді, қоршауға алуға арналған алаң.

Реконструкция — бұрынғы көріністі қайта қалпына келтіру.

Реформа— әлеуметтік жағдайдағы өзгерістер.

Сақтар — VIII—III ғғ. б.д.д. біздің территориямызда мекен еткен тайпа.

Сарбаз — әскер.

Сардар (бек) — әскери қолбасшы.

Сарматтар — III ғ. б.д.д. — IV ғ. батыс өңірін мекен еткен тайпа.

Саукеле — қалыңдықтың бас киімі.

Синантроп — Қытайдан табылған алғашқы адам.

Соғым — мал салығы.

Сұлтан — ақсүйек, басқарушы.

Аға сұлтан — 1822-1824 жж. орыс билеушілерінің негізінде алынған атақ.

Старшина — рубасы.

Сыбага — мал салығы.

Тәңірлік — ислам дінінен бұрынғы, түркі тайпаларының құдайды Тәңіріге деген сенім.

Тиграхауда — шошақ бөрікті сақтар.

Төленгіттер — сұлтандардың хандардың құлдары ретіндегі бөлек сословиесі.
Тілмаш — аудармашы.
Уезд — әкімшілік-территориясының бір бөлігі.
Үйсін — Жетісу өңірінде мекен еткен тайпалық одақ, кейін Ұлы жүзге еніп кетті.
Ұшұр — жер шаруашылығындағы салық түрі.
Уық — киіз үйдің бір бөлігі.
Хаомаварга — хаома сусынын дайындайтын сақтар.
Харадж — жер салығы.
Қажы — Мекке мен Мединаға табынып келген адам.
Қонтайшы — жоңғарлардың бас қолбасшысы.
Шапан — ер адамның сыртқы киімі.
Шұжық — жылқы етінен жасалған тағам.
Шаманизм — бақсылар, тылсым күш арқылы емдеушілер.
Шаңырақ — киіз үйдің ең жоғарғы төбешігі, күмбезі.
Шаньюй — ғұндардың жоғарғы басшысы.
Энеолит — тастан және мысқа ауысу кезеңі.

Студенттің өзіндік жұмысының тақырыптары

1. Орта ғасырлардағы Қазақстан: мәдениеті, ғылымы, қалалары.
2. Түріктердің дала өркениеті: ерекшеліктері.
3. Қазақстан монғол дәуірінде: мәдениеті, мемлекеттің даму үлгісі.
4. Жаңа замандағы Қазақстан: капитализмнің дамуы, ағартушылар.
5. Қазақ халқының тәуелсіздік пен мемлекеттік дербестік үшін күресінің негізгі кезеңдері.
6. Қазіргі замандағы Қазақстан: мәдениеті, ғылымы.
7. Қазақстан тағдырындағы социализм: қуғын- сүргін, себептері, ұлттық интеллигенцияның тағдыры.
8. Тәуелсіз Қазақстан: ішкі және сыртқы саясаты.
9. Қазақстан территориясындағы мемлекеттілік эволюциясы.
10. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қайта қалпына келуі.
11. Қазақстан Республикасы егемендігінің қалыптасу кезеңдері.
12. Қазақстанның қазіргі дамуының негізгі маңызды бағыттары.
13. Қазақстанның экономикалық байланыстары мен бастамаларының дамуы.
14. Қазақстанның сыртқы саяси байланыстары мен бастамаларының дамуы.
15. Қазақстанның қазіргі ішкі және сыртқы саясаты.
16. Қазақстанның және көрші аймақтардың ұлттық қауіпсіздік проблемалары.
17. Сақтар мәдениетінің әлемдік өркениеттен алатын орны.
18. Үйсіндер мен қаңлылар. Дипломатияның бастауы.
19. Атилла – ғұндардың көсемі.
20. Қазақстанның орта ғасырлардағы мәдениетінің ерекшеліктері.
21. Ұлы Жібек жолы және түріктердің дала өркениеті, халықаралық қарым- қатынас.
22. XV-XVIIғғ. Қазақ хандарының саясаты.
23. XV-XVIIғғ. Қазақ хандарының көрші елдермен қарым- қатынастары.
24. XV-XVIIғғ. Қазақ қоғамының дамуы.
25. Қазақ хандығының мәдениеті (XV-XVIIғғ.).
26. XV-XVIIIғғ. жыраулар мұрасы (Асан қайғыдан Бұхар жырау, Махамбетке дейінгі жыраулардан 2 немесе 3 жыраудың толғауларын мысалға ала отырып жазасыз).
27. Қазақ билері (Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би шешендік мұраларын мысалға алып жазасыз).
28. Қазақ батырлары (Қамбар, Ер Тарғын т.б. жырларды мысалға алып отырып жазасыз).
29. Қазақ батырлары (Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Шақшақ Жәнібек батыр, Қарасай батыр, Базар батыр).
30. XV-XII ғғ. Қазақ-жоңғар соғыстары.
31. XV-XII ғғ. қазақтардың соғыс өнері.
32. Қазақстан – Ресей империясының отары.
33. Қазақстанның XVIIIғ. мәдениеті.
34. Қазақ тарихындағы аға сұлтандар XIXғ (Құнанбай т.б.).
35. Қазақстанның XIXғ. мәдениеті.

36. Қазақстанның ХХғ. бас кезіндегі мәдениеті.
37. «Алаш» партиясының бағдарламасы, оның мазмұны.
38. ХХғ. басындағы Қазақстандағы ұлттық-демократиялық, реформаторлық қозғалыстар.
39. Қазақстанның дәстүрлі құрылымының бұзылуы.
40. Ұжымдастыру жылдарындағы қазақ ауылының трагедиясы.
41. Сталинизм мен тоталитарлық жүйенің Қазақстанда орнығу ерекшеліктері.
42. Қазақстанға халықтарды депортациялау – тоталитаризмнің қылмысы.
43. 1941-1945жж. Ұлы Отан соғысы: шығуы, қорытындылары, сабақтары.
44. Қазақстанның 1950-1980жж. әлеуметтік-экономикалық дамуы.
45. Қазақстан М.Горбачев реформалары кезеңінде.
46. Қазақстандағы 1986ж. Желтоқсан оқиғасы және оның маңызы.
47. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалпына келуі: мәні мен маңызы.
48. Республиканың Тәуелсіздігін жариялауы, тарихи маңызы.
49. Қазақстанның тұңғыш Президентінің сайлаулары.
50. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық реформалардың мәні, мазмұны, маңызы.
51. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
52. Астана – егемен Қазақстанның елордасы.
53. «Қазақстан - 2030» стратегиясының тарихи маңызы.
54. ХХ ғ. соңындағы Қазақстанның ғылымы мен мәдениеті.
55. Қазақстан халықтары, көпұлтты Қазақстанның қалыптасу кезеңдері.

ӘР ТАҚЫРЫПҚА АРНАЛҒАН ПЫСЫҚТАУ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1- ШІ ТАҚЫРЫП. ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Бірінші деңгейлі сұрақтар

1.1.1. Бөріқазған және Тәңірқазған тұрақтары қай дәуірге жатады:

- a. Жаңа тас дәуіріне.
- b. Мезолит дәуіріне.
- c. Ашель дәуіріне.
- d. Неолит дәуіріне.
- e. Салютре дәуіріне.

1.1.2. Адамзат даму тарихының негізгі ғылыми бағыттары:

- a. Матриархат, патриархат.
- b. Антропогенез, социогенез, техногенез.
- c. Жанұялық және жеке меншік.
- d. Ертетаптық қатынастардың қалыптасуы.
- e. Адамның маймыл тәріздес түрден қазіргі адамның қалыптасуы.

1.1.3. Мезолит дәуірінің ерекшеліктері:

- a. Микролиттердің пайда болуы, садақ пен жебенің пайда болуы.
- b. Тайпалар мен тайпалық одақтардың пайда болуы.
- c. Ертетаптық қатынастардың қалыптасуы.
- d. Алтын және металл өндірісін игеру.
- e. Микролиттердің пайда болуы.

1.1.4. Неолиттік төңкеріс бұл –

- a. Отырықшы шаруашылықтан – көшпелі мал шаруашылығына өту.
- b. Жартылай көшпелі шаруашылықтан көшпелі мал шаруашылығына өту.
- c. Тұтынушы шаруашылықтан өндіруші шаруашылыққа өту.
- d. Терімшіліктен аңшылыққа көшу.
- e. Өндіруші шаруашылықтан тұтынушы шаруашылыққа өту.

1.1.5. Неолиттік тұрақтар орналасу сипатына қарай, төрт түрге бөлінеді, түрлерін көрсетіңіз:

- a. Бұлақ бойындағы, өзен жағасындағы, көл жиегіндегі және үңгірдегі тұрақтар.
- b. Бұлақ бойындағы, өзен жағасындағы, көл жиегіндегі және жартастағы.
- c. Жартастағы, бұлақ бойындағы, өзен арасындағы, тас бұйымдар.
- d. Қалақ құралдар, сындырғыштар, ретуштар, сырлы керамикалар.
- e. Үңгір ауызындағы, шөл-дала аймақтарындағы, бұлақ бойындағы, өзен жағасындағы.

1.2.1. Қола дәуірінің ерекшеліктері:

- a. Адам эволюциясы, қоғамдық қатынастардың қалыптасуы.
- b. Микролиттердің пайда болуы, садақ пен жебенің пайда болуы.

- c. Мал шаруашылығының дамуы, оның шаруашылықтың жетекші салаға айналуы. Алтын мен металл түрлерін өндірістік игеруі, жанұялық меншіктің пайда болуы.
- d. Еуразия даласындағы көшпелі шаруашылықтың қалыптасуы.
- e. Темір технологиясын игеру.

1.2.2. Андроновтық тайпалардың мал шаруашылығы немен ерекшелінеді:

- a. Жартылай шаруашылықтан, көшпелі мал шаруашылығына өту.
- b. Көшпелі шаруашылықтан, жартылай көшпелі шаруашылыққа өту.
- c. Көшпелі және көшпелі мал шаруашылығынан отырықшылыққа өту.
- d. Отырықшы мал шаруашылығынан көшпелі мал шаруашылығына өту.
- e. жартылай шаруашылыққа өту.

1.2.3. Ата-баба аруағына сыйыну діни- сенімі- ол:

- a. Өлікті сол жақ қырымен жерлеу.
- b. Өлікті аспен, киіммен, еңбек құралдарымен, әшекей заттарымен бірге жерлеу, о дүниеге сену.
- c. Өлікті өртеу.
- d. Өлікті өртеу, еңбек құралдарымен бірге көшу.
- e. Өлікті өртеу және жерлеу.

Екінші деңгейлі сұрақтар

1.1. «Тарихқа дейінгі мәдениеттің» ерекшелігін анықтаңыз:

- a. Ертетаптық қатынастардың қалыптасуы.
- b. Адамның жануарлар дүниесінен бөлініп шыққанынан жазу пайда болғанға дейінгі кезең.
- c. Тайпалар мен тайпалық одақтардың пайда болуы.
- d. Адам тасты жару үшін екінші тасты пайдаланған – оларды бір-біріне соғатын болған.
- e. Дайындалған құрал кейін шапқыш ретінде қолданылды.

1.2. Матриархаттан патриархатқа көшудің негізгі себебі:

- a. Жанұялық меншіктің ауысуын қадағалау үшін.
- b. Артық өнімнің пайда болуы
- c. Өндірістік күштердің кеңеюі.
- d. Діни наным –сенімдердің күрделенуі.
- e. Құрал-жабдықтардың өзгеруі.

2- ШІ ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН ЕРТЕКӨШПЕЛІЛЕР ДӘУІРІНДЕ

Бірінші деңгейлі сұрақтар

2.1.1. Қандай деректе сақтардың үш тобы туралы айтылады:

- a. Көне Рим деректерінде.
- b. Антикалық сына жазуда.
- c. Парсының сына жазуында.
- d. Археологиялық материалдарда.
- e. Геродоттың кітабында.

2.1.2. Сақ тайпаларының этникалық құрамы:

- a. Парадария, Хаомоварга, Тиграхауда.
- b. Хаомоварга, Тиграхауда, абыздар, шошақ бөріктілер.
- c. Парадария, Хаомоварга, патша, және абыздар.
- d. Хаомоварга, патша, және абыздар.
- e. Жауынгер тобы, абыздар, қауым мүшелері.

2.2.1. Сақ қоғамы қандай үш топтан тұрды:

- a. Жауынгерлер, абыздар жігі, қауым мүшелері.
- b. Көсемдер мен патшалар және жауынгер.
- c. Елтебер, шад, тегин.
- d. Көсемдер мен патша және жауынгер.
- e. Елтебер, шад, тегин, патша және жауынгер.

2.2.2. Сақтар тарихының екінші бір қыры А.Македонскийдің шапқыншылықтарына қарсы күрестермен байланысты. Сақтар өзеннің екінші бетінен гректерге садақ оғын жаудырды. Сақтарды қандай жағдай алаңдатты?

- a. Сырдарияда Кушан империясы қалыптасты.
- b. Грек- македония әскерінің қатыгездігі.
- c. А.Македонскийдің қатыгездігі.
- d. Сырдария жағасынан Александрия Асхата қаласының салынуы.
- e. жауаптардың бәрі дұрыс.

2.2.2. Б.э.д. 519-518 жж. сақтарға қарсы кім жорық жасады.

- a. Кир.
- b. Ахеменид династиясының басқа хандары.
- a. А. Македонский.
- b. Дарий I
- c. Аргиппейлер.

2.4.2. Сақ мифологиясында сәйгүлік ат немен байланысты болған:

- a. Күнмен, отпен.
- b. Күнмен, желмен.
- c. Елмен, отпен.
- d. Күнмен, аймен
- e. Күнмен, сумен

2.4.3. Обалардан табылған қару- жарақтар, бұйымдар сақтардың неге сенгенін дәлелдейді:

- a. Әшекей бұйымдарға.
- b. Қанатты аттар образдарға.
- c. Аңдық стильге.
- d. Құстар мен қанатты жолбарыстардың күштеріне.
- e. О дүниеге.

Екінші деңгейлі сұрақтар

2.1. Сақтар мен Ахеменидтер әулетінің өзге де патшалары шайқасқан. Б.з.б. 519-518 жж. сақтарға қарсы Дарий I жорық ашқаны жөнінде қай автор жазып кеткен?

- a. Грек авторы Геродот.
- b. Рим авторы Геродот.
- c. Антик авторы Полиэн.
- d. Парсы жазбаларында.
- e. Қытай деректерінде

2.2. Ертетемір дәуірінің ерекшеліктері:

- a. Еуразия даласында көшпелі шаруашылықтың пайда болуы; мал шаруашылығының үш түрінің пайда болуы; темір технологиясын игеру.
- b. Мал шаруашылығының дамуы оның шаруашылықтың жетекші бағытына айналуы.
- c. Патриархалдық қарым- қатынастардың пайда болуы, жанұялық меншіктің пайда болуы.
- d. Ертетаптық қатынастардың пайда болуы, мемлекеттіктің пайда болуы.
- e. Орталық Азия тайпаларының жаппай көшуі.

2.3. «Номадизм» түсінігіне анықтама беріңіз:

- a. Мал шаруашылығының жетекші салаға айналуы, адамдардың белгілі бір тобының кеңістікте қозғалыста болуы
- b. Көшпелі өмірімен байланысты шаруашылықтың ерекше түрі. , табиғат құбылыстарын негізделіп малдың табындарын маусымдық жайылымдарға орналастыру,егін шаруашылығының жетекші роль атқаруы.
- c. Орталық Азия тайпаларының жаппай көшуі.
- d. Қысқы мекенжайлар ұзақ тұруға арналмайтын, көшпелілердің негізгі малы қой ғана.
- e. Отырықшы өмір сүріп көшіп жүру

2.4. Сақтардың ең атақты және толық мәліметтер беретін ескерткіштері:

- a. Көкмардан, Бесшатыр.
- b. Бесшатыр, Есік қорғандары.
- c. Бөріқазған, Тәңірқазған.
- d. Шілікті, Есік қорғандары.
- e. Көкмардан, Есік қорғандары.

3- ШІ ТАҚЫРЫП. ҒҰН, ҮЙСІН, ҚАҢЛЫ ДӘУІРІ.

Бірінші деңгейлі сұрақтар

3.1.1. Ғұн қоғамындағы билік түрі:

- a. Билік басында шаньюй, одан кейін тархандар тұрған.
- b. Билік басында шаньюй,оның билігі шексіз, одан кейін князьдар, түмен тұрды.
- c. Билік басында шексіз билікпен жабғу тұрды, одан кейін түмен атымен князьдар тұрды.
- d. Билік басында шексіз билікпен қаған тұрды, одан кейін шад, елтебер тұрды.
- e. Билік басында шексіз билікпен гуньмо, одан кейін темник лауазымды князьдар тұрды.

3.1.2. Б.з. 93ж. басталған ғұндардың қоныс аударуының екінші толқынының бағытын көрсет:

- a. 55ж. аса күдіретті ғұн мемлекеті-оңтүстік және солтүстік болып екі елге бөлінеді.
- b. Олар бірқатар тайпаларды бағындырып, егіншілерін соңынан ертіп, Сырдария бойы мен Арал өңіріне, Орталық және Батыс Қазақстан аймақтарына барып енді, б.з ІҮғ. олар Еуропадан бой көрсетеді.
- c. Үш қол оңтүстік жолымен Қашғармен Ферғана арқылы Шатқал қыратындағы Шанаш асуын және Талас тауындағы Қарабура асуын басып өтеді.
- d. Үш қол шығыс Түркістаннан шығып, солтүстік жолмен Бедел асуы арқылы үйсіндер ордасы алқабына шығып Шу алқабымен Таласқа барады.
- e. Орта Азия арқылы Батысқа жылжыды.

3.1.3. Ғұн қоғамында жеке меншіктің қандай түрі болды:

- a. Малға деген, жанұялық жеке меншік болды.
- b. Жерге деген малға деген меншік түрі болды.
- c. Жерге деген жанұялық жеке меншік болды.
- d. Жерге деген мемлекеттік меншік.
- e. Жерге деген жанұялық және жеке меншік болды.

3.2.1. Үйсіндердің негізгі территориясын көрсетіңіз.

- a. Негізгі территориясы Іле алқабында болды,олардың батыс шекарасы Шу мен Талас арқылы өтеді де Қаңлы мемлекетімен шектеседі, шығысында ғұндармен ортақ шекара болды, оңтүстік ферғанамен ұштасты.
- b. Негізгі территориясы Іле алқабында болды,олардың шығыс шекарасы Шу Талас арқылы өтеді де Үйсін мемлекетімен шектеседі, шығысында ғұндармен.
- c. Жоңғар алатауынан Сырдарияға дейін.
- d. Негізгі территориясы Шу мен Талас өзендерінің алқабы, ғұндармен шектескен.
- e. Шығысында ғұндармен, оңтүстік Ферғанамен.

3.2.2. Үйсіндердің шаруашылығы қандай болды:

- a. Көшпелі мал шаруашылығы.
- b. Мал шаруашылығы және егіншілік.
- c. Отырықшы егіншілік.
- d. Отырықшы егіншілік және жартылай көшпелі мал шаруашылығы.
- e. Мал шаруашылығы әсіресе жылқы шаруашылығы.

3.2.3. Үйсін қоғамының құрылысы қандай:

- a. Біртектес болды.
- b. Біртектес болмай онда байларда ру мен тайпа дәулеттілері абыздар және қатардағы топтар малшылар мен егіншілер болды.
- c. Патша руы және әскер, абыздар, қатардағы адамдар.
- d. Біртектес болмай онда байларда – рулық және тайпалық тек абыздар және қатардағы топтар құлдар болды.
- e. Абыздар, ру дәулеттілері, құлдар.

3.2.4. Үйсін қорғандары, түріне қарай 3 топқа бөлінеді:үлкен, орта, кіші қорғандар. Археологтар үлкен қорғандардан не тапты:

- a. Қыш ыдыстар, адам сүйегінің жанында пышақ жатыр.
- b. Көп мөлшерде әшекей бұйымдарын, алтын, қару-жарақ, саздан жасалған аяқ-табақтар тапқан, киімге тағылған алтын қаптырмалар, алтын сырғалар.
- c. Көп мөлшерде сүйектен жасалған заттар.
- d. Қару - жарақтар.
- e. Көп мөлшерде темір мен қоладан жасалған қаптырмалар.

3.3.1. Қаңлы мемлекетінің территориясын атаңыз:

- a. Тянь-Шань және Тарбағатай.
- b. Іле алқабында орналасқан, батыс шекарасы Шу мен Талас өзендері арқылы өтті.
- c. Үйсіндердің батысында Талас және Сырдария өзендерінің алқабын және Орталық Қазақстанды алып жатты.
- d. Орталық Азия және Таяу және Орта Шығыс.
- e. Сырдарияның төменгі ағысынан Жайық өзенінің төменгі ағысына дейін.

3.3.2. Қаңлы тайпасының шаруашылығы қандай болды:

- a. Шаруашылықтың маңызды бір саласы-мал өсіру болған, егіншілікпен де айналысқан.
- b. Қоныстанушылар өмірінде аң аулау ісі де үлкен орын алған.
- c. Шаруашылықтың маңызды бір саласы-мал өсіру болған, аңшылықпен де ай жабайы алма мен алмұрт, өрік пен пісте жемістерін жинау да көп шаруаның мәнді бір түрі болған.
- d. Оның халқы егіншілікпен, қол өнер кәсібімен, саудамен де айналысқан.
- e. Жаппай отырықшылықпен айналысқан.

3.3.3. Қаңлылардың шығу тегіне байланысты қандай екі көзқарас бар:

- a. Зерттеушілердің бір бөлігі иран тілді топқа жатқызады енді бір тобы үнді –иран тілді топқа жатқызады.

- b. Зерттеушілердің бір бөлігі иран тілді этносқа жатқызады, енді бір тобы түркі тілді этносқа жатқызады.
- c. Зерттеушілердің бір бөлігі монғол тілді этносқа, бір тобы түркі тілді этносқа жатқызады.
- d. Зерттеушілердің бір бөлігі үнді- иран тілді этносқа, бір тобы түркі тілді этносқа жатқызады.

3.3.4. Отырар – Қаратау мәдениетіне жататын ескерткіштердің ішіндегі ең үлкені:

- a. Қостөбе.
- b. Шаштөбе.
- c. Көкмардан.
- d. Тасмола.
- e. Бғазы-Дәндібай.

3.4.1. Қазақ далалры арқылы асқа да жолдар өтті, олар Сібір мен Жайық бойын қай елмен байланыстырды:

- a. Қытаймен.
- b. Орталық Азиямен.
- c. Орта Азиямен.
- d. Үнді елімен.
- e. Иранмен.

Екінші деңгейлі сұрақтар

3.1. Ғұн дәуірінің ерекшеліктерін анықта:

- a. Ерте мемлекеттің қалыптасуы, Орта Азия тайпаларының жаппай көшуі, Қазақстанның Иран тілдес тайпаларының түркілену процесі.
- b. Патриархалдық қарым- қатынастардың пайда болуы, жанұялық меншіктің пайда болуы.
- c. Ертетаптық қатынастардың пайда болуы, мемлекеттіліктің қалыптасуы, егіншіліктің дамуы.
- d. Ұлы далада экономикалық, мәдени өрлеу уақыты.
- e. Мәуреннахр жерлеріне Орта Азия тайпаларының жаппай көшуі.

3.2. Үйсін қоғамындағы мемлекеттіктің белгілері:

- a. Малға деген жеке меншік, монархиялық билік жүйесі, биліктің мұрагерлік жолмен жалғасуы, әскери армияның қалыптасуы, рулық бастауға негізделген мемлекеттік-әкімшілік жүйе.
- b. Еуразия даласында көшпелі шаруашылықтың қалыптасуы.
- c. Темір технологиясын игеру.
- d. Қазақстан территориясында жергілікті екі мәдениет отырықшы және көшпелілікке негізделген біртұтас шаруашылық жүйесінің қалыптасуы, Алтайдан Донға дейін созылған кеңістікте дала мәдениетінің қалыптасуы.
- e. Бір әлеуметтік құрылымға, рулық негізге құрылған мемлекеттердің өмір сүруі кезеңі, Ұлы далада экономикалық, мәдени өрлеу уақыты және этникалық процестердің қалыптасуы.

3.3. Қаңлының билік құрған кезеңдегі сыртқы саясатының жалпы бағыты:

- a. Орта Азияны жаулап алу.
- b. Жібек жолының Сырдария бойымен жүретін бөлігіндегі Ферғанадан Арал өңіріне дейінгі учаскесін өз бақылауында қайтсе де сақтап қалу.
- c. Қытаймен сауда байланысын орнату.
- d. Орталық Азия мен Орта Азияда өз билігін жүргізу.
- e. Сырдария бойымен жүретін бөлігіндегі Ташкенттен Аралға дейінгі учаскесін өз бақылауында қайтсе де сақтап қалу.

4- ШІ ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮРІК ДӘУІРІ

Бірінші деңгейлі сұрақтар:

4.1.1. Түрік қағанатының алғашқы қағаны:

- a. Бумын.
- b. Мұқан.
- c. Жеғұй.
- d. Сатұқ –Бограхан.
- e. Ештеми.

4.1.2. Түркеш қағанаты қай тайпаның тегеурінді шабуылына тап болды:

- a. Қарлұқ тайпасының.
- b. Қытай тайпасының.
- c. Қарахандардың.
- d. Оғыздардың.
- e. Арабтардың.

4.2.1. Қай мемлекетте ислам ресми идеология болып қабылданды:

- a. Қарлұқ.
- b. Оғыз.
- c. Қыпшақ.
- d. Қарахан.
- e. Түркеш.

4.2.2. Қыпшақ мемлекетінің алдында өмір сүрген мемлекет:

- a. Оғыз мемлекеті.
- b. Қарлұқ мемлекеті.
- c. Қыпшақ.
- d. Қимақ мемлекеті.
- e. Түркеш мемлекеті.

4.3.1. Хорезм Қыпшақ ақсүйектерімен жақындаса түсуді мақсат ету барысында қандай саясат жүргізді:

- a. Туыстық қарым-қатынас орнатты.
- b. Дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.
- c. Қаңлы, қыпшақ имек, ұран тайпалары топтарының жетекшілерін хорезмшахтар әртүрлі қызметке тарта бастайды.
- d. Шен атақ берді.
- e. Некелік қарым-қатынас орнатты.

4.3.2. Оғыз мемлекеті қай территорияда құрылды (IV-XIғғ.)

- a. Оңтүстік Қазақстан ауданында.
- b. Ертістен Жайыққа дейінгі аудан.
- c. Сырдарияның төменгі және ортаңғы ағысы, Арал маңы, Батыс Қазақстан.
- d. Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия.
- e. Жетісу (Суяб қаласы).

4.4.1. Қалалардың сауда және қолөнер орталығы ретінде дамуы Қазақстан қай өлкелеріне тән болды.

- a. Солтүстігінде.
- b. Батысында.

- c. Шығысында.
- d. Солтүстік-шығысында.
- e. Оңтүстігінде.

4.4.2. Қай автордың шығармасында лингвистикалық мәселе анықталды.

- a. М. Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік».
- b. Әл-Фараби «Қарапайым қала тұрғындарының көзқарастары».
- c. Х.А.Яссауи «Диуани Хикмет».
- d. Ж. Баласағұн «Құтты білік».
- e. М.Х.Дулати «Тарих и Рашиди».

4.4.3. Қазақстан территориясында Исламның таралуына қандай оқиға себеп болды.

- a. Арабтардың Орта Азия жерін жаулау алу шапқыншылықтары.
- b. Күштеп исламға бағындырды.
- c. Моңғол шапқыншылығы.
- d. Қазақ хандығының құрылуы.
- e. Түрік тайпаларының өз беттерімен исламды қабылдаулары.

Екінші деңгейлі сұрақтар

4.1. Түрік қағанаттарының билікке келу жүйесін көрсетіңіз:

- a. Түрік, қарлұқ, қыпшақ, түркеш.
- b. Түрік, түркеш, Батыс түрік, қарлұқ.
- c. Түрік, қарлұқ, Батыс түрік, түркеш.
- d. Түрік, Батыс түрік, түркеш, қарлұқ.
- e. Түрік, Батыс түрік, қарлұқ түркеш.

4.2. Қарахандардың мемлекеттік құрылысын атаңыз:

- a. Федерация
- b. Конфедерация
- c. Унитарлы
- d. Республика
- e. Қағанат

4.3. Еуразия кеңістігінде дипломатиялық маңызы болған мемлекеттер:

- a. Қыпшақ және Қарахан мемлекеттері.
- b. Оғыздар мен қимақтар.
- c. Қыпшақ мемлекеті.
- d. Қыпшақтар мен қимақтар.
- e. Қыпшақ және оғыз мемлекеті.

4.4. Қай дәуірдің мәдениеті мұсылмандық ренессансты сипаттайды:

- a. Моңғол дәуірінің мәдениеті.
- b. Ертеортағасыр мәдениеті.
- c. Қола дәуірінің мәдениеті.
- d. Сақ дәуірінің мәдениеті.
- e. Жаңа дәуірдің мәдениеті.

5- ШІ ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕ

Бірінші деңгейлі сұрақтар

5.1.1. 1218-1220жж. моңғол шапқыншылықтары Қазақстан ен Орта Азияның қай бөлігінде ауыр жағдайда өтті.

- a. Сырдария қалаларымен Оңтүстік Қазақстан.
- b. Сырдария қалалары мен Мәуреннахрдың егіншілік орталықтары.
- c. Жетісу қалалары мен Мәуреннахр.
- d. Жетісу қалалары мен Сырдария қалалары.
- e. Жетісу қалаларымен Шығыс Қазақстан.

5.1.2. Алтын Орда дәуірінің негізгі тарихи оқиғалары:

- a. Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесі, Алтын Орданың саяси күшейуі.
- b. Ерте мемлекеттіліктің қалыптасуы, жеке меншіктің пайда болуы.
- c. Қазақстанның бір бөлігінің қарсылықсыз бағынуы және моңғолдар шапқыншылығына бағынуы; Қазақстан территориясы Шыңғыс ханның үш ұлының ұлысының құрамына енуі, Алтын Орданың көтерілу және саяси күшейуі кезеңі.
- d. Моңғолдар көрші елдердің көптеген халықтарын бағындырады, қағанаттардың құрылуы.
- e. Көшпеліліктің белгілерінің пайда бола бастауы, қағанаттардың құрылуы.

5.1.2. Қазақстанның қай бөлігі Жошы ұлысының құрамына енді:

- a. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан.
- b. Солтүстік-Шығыс Қазақстан.
- c. Жетісу, Оңтүстік Қазақстан.
- d. Далалық өлке, Ертістің батысынан Жетісудің теріскейін қамтып, Дешті-Қыпшақтың бүкіл шығысын Төменгі Еділ бойына дейін алып жатты.
- e. Оңтүстік- Шығыс Қазақстан, Дешті-Қыпшақтың бүкіл шығысын Төменгі Еділ бойына дейін алып жатты.

5.2.1. Темірдің Алтын Ордаға жорығының негізгі мақсаты:

- a. Экономикалық сауда байланысын орнату.
- b. Құлдыққа айналдыру.
- c. Ислам дінін енгізу.
- d. Көшпелілердің соңғы әлемдік империясының экономикалық және әскери күшін жою.
- e. Көшпелілер арасында әскери тәртіп орнату.

5.2.2. Ақ Орданың Орыс хан кезіндегі сыртқы саясаты қандай оқиғамен байланысты болды:

- a. Тоқтамыс жаулаушылығына қарсы күрестің негізгі ауыр салмағы соған түседі.
- b. Ноғай Ордасы сауда–экономикалық және саяси байланысын орнатты.
- c. Орта Азиямен бірігуі.
- d. Темір жаулаушылығына қарсы күрестің негізгі ауыр салмағы түседі.
- e. Жоңғарлардың шапқыншылығымен.

5.3.1. Өзбек ұлысының этникалық құрамы:

- a. Қыпшақ және қарлұқ тайпаларынан тарайтын түрік тайпалары, ертеортағасырда Дәшті- Қыпшақ және Оңтүстік- Шығыс Қазақстан жерлерін мекендеген тайпалардың ұрпақтары.
- b. Қимақ және қарлұқ тайпаларынан тарайтын түрік тайпалары, ертеортағасырда Дәшті- Қыпшақ және Оңтүстік- Шығыс Қазақстан жерлерін мекендеген тайпалардың ұрпақтары.
- c. Қимақ және қыпшақ тайпаларынан тарайтын түрік тайпалары, ертеортағасырда Дәшті- Қыпшақ және Оңтүстік- Шығыс Қазақстан жерлерін мекендеген тайпалардың ұрпақтары.
- d. Қимақ және қарлұқ тайпаларынан тарайтын түрік тайпалары, ертеортағасырда Дәшті- Қыпшақ және Оңтүстік- Шығыс Қазақстан жерлерін мекендеген тайпалардың ұрпақтары.
- e. Қарахан және қарлұқ тайпаларынан тарайтын түрік тайпалары, ертеортағасырда Дәшті-Қыпшақ және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан жерлерін мекендеген тайпалардың ұрпақтары.

5.3.2. Әбілхайырдың ойраттардың соққысынан жеңіліп қалуы неге әкеліп соқты:

- a. Сығанақ хандықтың орталығына айналады.
- b. Мемлекеттің сыртқы саясатта беделін көтерді.
- c. Әбілхайыр мемлекетінің қарауындағы тайпалардың едәуір бөлігіне Жәнібек пен Керей сұлтандардың бастауымен қопарыла көшуіне әсер етті.
- d. Мемлекеттің ішкі саясатын нығайтты.
- e. Мемлекеттің сыртқы саясатта беделін көтерді, Сығанақ хандықтың орталығына айналады.

5.4.1. Қазақ хандығының құрылуында Моғолстан мемлекетінің рөлі:

- a. Моғолстан билеушісі Есен-Бұға Жәнібек пен Керей сұлтандарға Шу мен Талас өңірлерін бөліп берді.
- b. Моғолстан билеушісі Мұхаммед хан Жәнібек пен Керей сұлтандарға Іле өңірлерін бөліп берді.
- c. Моғолстан билеушісі Есен-Бұға Жәнібек пен Керей сұлтандарға Сырдария жерін бөліп берді.
- d. Жәнібек пен Керей Әбілхайыр хандығынан Мәуреннахрға көшті.
- e. Моғолстан билеушісі Есен-Бұға Жәнібек пен Керей сұлтандарға Сырдарияның оңтүстігін бөліп берді.

Екінші деңгейлі сұрақтар:

5.1. Алтын Орда дәуірінің ерекшеліктері:

- a. Ұлы даланың экономикалық мәдени дамуы, көшпеліліктің қалыптасуы.
- b. Қазақстан халықаралық байланыстар мен сауда қатынастарының байланысына айналды, қағанаттардың қалыптасуы.
- c. Қазақстан даласына бір орталықтан басқару жүйесі енгізілді, түрік қағанатының қалыптасуы.

- d. Этникалық картасы қалыптасты, ерте мемлекеттіліктің қалыптасуы, ертетаптық қатынастың қалыптасуы.
- e. Ұлы даланың экономикалық мәдени дамуы, Қазақстан халықаралық байланыстар мен сауда қатынастарының байланысына айналды, Қазақстан даласына бір орталықтан басқару жүйесі енгізіледі.

5.2. Ұлық Ұлыстың мемлекеттік құрылымы:

- a. Ханның оң қолы беклербек, мемлекеттің барлық ісіне жауап берді, билік басында шанью тұрды.
- b. Мемлекет жартылай әскер жүйесінде болды, әскери және әкімшілік қызметтер бөлінді, салықты- ихтадар жинады.
- c. Мемлекеттің қаржы ісіне уәзір жауап берді, мемлекет ісіне қағанның туыстары – шад, елтебер жауап берді.
- d. Елдің тікелей басқаруы арнайы органдар – диуан, хатшы, бітікші, салықшылар арқылы жүрді, мемлекет ісіне қағанның туыстары – шад, елтебер жауап берді.
- e. Мемлекет жартылай әскер жүйесінде болды, әскери және әкімшілік қызметтер бөлінген жоқ, ханның оң қолы беклербек, мемлекеттің барлық ісіне жауап берді, мемлекеттің қаржы ісіне уәзір жауап берді, елдің тікелей басқаруы арнайы органдар – диуан, хатшы, бітікші, салықшылар арқылы жүрді.

5.3. Әбілхайыр мемлекетінің өмір сүрген уақыты:

- a. 1427-1467жж.
- b. 1424-1469жж.
- c. 1428-1468жж.
- d. 1426-1466жж.
- e. 1428-1458жж.

5.4. Қай мемлекеттің ыдырауы нәтижесінде Моғолстан мемлекеті пайда болды:

- a. Жошы ұлысының ыдырауы нәтижесінде Орталық Қазақстан жерінде.
- b. XIVғ. Ортасында Шағатай ұлысының ыдырауы нәтижесінде Оңтүстік-Шығыс Қазақстан территориясы мен Қырғыз жерінде.
- c. Үгедей ұлысының ыдырауы нәтижесінде Тарбағатай жерінде.
- d. Алты Орданың ыдырауы нәтижесінде.
- e. Ақ Орданың ыдырауы нәтижесінде

6-ШЫ ТАҚЫРЫП. XV-XVI ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

1-ші дейгейлі сұрақтар.

6.1.1. Қазақ хандығының құрылу себептері:

- a. Әбілқайыр саясатына наразылық білдірген Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған көшпелі тайпалардың көшіп кетуі.
- b. Ноғай Ордасының әлсіреуі
- c. Ақ Орданың ыдырауы және Өзбек ұлысынан Керей мен Жәнібек бастаған көшпелі тайпалардың көшіп кетуі.
- d. Моғолстан мемлекетінің ыдырауы және Өзбек ұлысынан Керей мен Жәнібек бастаған көшпелі тайпалардың көшіп кетуі.
- e. Көшпелі және жартылай көшпелі тайпалардың сыртқы саясатта күшейуі.

6.1.2. Қай ханның тұсында Оңтүстік Қазақстандағы отырықшы-егіншілік аймақтары қазақ хандығының жері болып иеленді.

- a. Бұрындық хан тұсында.
- b. Қасым хан тұсында.
- c. Керей хан тұсында.
- d. Хақ-Назар-хан тұсында.
- e. Мамаш хан тұсында.

6.2.1. 16ғ. 2-ші жартысында моғолдар мен ойраттарға қарсы қазақ-қырғыз одағы құрылды. Бұл одақты қазақ хандарының қайсысы басқарды:

- a. Қасым хан.
- b. Жәнібек хан.
- c. Керей хан.
- d. Хақ Назар хан.
- e. Мамаш хан.

6.2.2. XVI аяғындағы ойратта қазақ әскерінен жеңіліп, қай қазақ ханына тәуелді болады, және бұл қазақ ханы өзін «қазақ-қалмақ» ханымын деп атаған:

- a. Тәуекел.
- b. Хақ Назар тұсында.
- c. Жәңгір хан тұсында.
- d. Тәуке хан тұсында.
- e. Тахир хан тұсында.

6.2.3. 17ғ. 2-ші ширегінде қай ханның тұсында Оңтүстік Қазақстандағы отырықшы-егіншілік аймақтар қазақ хандығының жері болып иеленді және Тәшкент қаласы 200 жылдай қазақтардың меншігінде болды:

- a. Хақ-назар тұсында.
- b. Есім хан.
- c. Шығай хан тұсында.
- d. Тәекел хан тұсында.
- e. Тәуке хан тұсында.

6.2.4. Тәуке хан билік еткен тұсында жоңғарлар Оңтүстік Қазақстанға жорығы кезінде қай қаланы ала алмады:

- a. Сайрам.
- b. Манкент.
- c. Түркістан.
- d. Шымкент.
- e. Ташкент.

6.2.5. «Жеті жарғы» бойынша жауапкер құн төлей алмаған жағдайда не қолданылды:

- a. Бас бостандығынан айырды.
- b. Ауыр жаза қолданылды.
- c. Айып төлеу үшін мерзімін ұзартты.
- d. Жазадан босатылды.
- e. Бүкіл қауым төлеген.

6.2.6. XVII ғ. Қазақ хандығының астанасы қай қала болды:

- a. Ташкент.
- b. Сығанақ.
- c. Сайрам.
- d. Түркістан.
- e. Отырар.

6.2.7. XVIIғ. соңы- XVIIIғ. басында қай ханның тұсында қазақ хандығы күшті мемлекетке айналды:

- a. Абылай хан тұсында.
- b. Әбілхайыр хан тұсында.
- c. Тәуекел хан тұсында.
- d. Тәуке хан тұсында.
- e. Қасым хан тұсында.

6.2.8. Жоңғар хандығының негізі қашан қаланды?

- a. XIVғ.
- b. XVғ.
- c. XVIғ.
- d. XVIIIғ.
- e. XVIIғ.

6.2.9. «Жеті жарғы» бойынша ер кісі үшін қанша қой төленген?

- a. 5 мың бас.
- b. 3 мың бас.
- c. 1 мың бас.
- d. 2 мың бас.
- e. 500 бас.

6.3.1. Ұшыр, баж, хараж салықтарын кім төледі?

- a. Көшпелі малшылар.
- b. Егіншілер мен малшылар.
- c. Қолөнершілер мен саудагерлер.

- d. Егіншілер мен қолөнершілер.
- e. Барлық жауап дұрыс.

6.3.2. Қазақ қоғамында хандық билікке кімдердің хұқықтары болды?

- a. Батырлардың.
- b. әмірлердің.
- c. Сұлтандардың.
- d. Билердің.
- e. Байлардың.

6.4.1. Ұлы жүзге қандай тайпалар енді?

- a. Табын, адай, алшын.
- b. Найман, керей тама.
- c. Жағалбайұлы, шөмекей.
- d. Дулат, албан, жалайыр.
- e. Қаракесек, қыпшақ.

6.4.2. Кіші жүзге қандай тайпалар енді?

- a. Найман, арғын.
- b. Қыпшақ, дулат.
- c. Үйсін, албан.
- d. Керей, жалайыр.
- e. Адай, жағалбайұлы, байұлы, әлімұлы.

6.4.3. Орта жүзге қандай тайпалар енді?

- a. Табын, адай, алшын.
- b. Найман, керей, дулат.
- c. Жағалбайлы, шөмекей.
- d. Арғын, қыпшақ, уақ.
- e. Керей, жалайыр.

6.5.1. «Жүз» дегеніміз:

- a. Жеке мемлекет.
- b. Жеке халық.
- c. Тарихи-шарушылық және географиялық аймақ, белгілі рулық топтың территориясы.
- d. Әртүрлі тілде сөйлейтін тайпалардың географиялық аймағы.
- e. Барлық жауап дұрыс.

2-ші деңгейлі сұрақтар

6.1. Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуының қандай алғы шарттары болды?

- a. Экономикалық байланыстардың нығаюы.
- b. Мәдени байланыстар.
- c. Қоғамдық-саяси байланыстар.
- d. Ортақ тілдің дамуы.
- e. Экономикалық байланыстардың нығаю, мәдени байланыстар, қоғамдық-саяси байланыстар, ортақ тілдің дамуы.

6.2. XV-XVIIғғ. қазақ хандарының билік ету ретін көрсетіңіз:

- a. Жәнібек, Керей, Есім, Тәуке, Тәуекел, Қасым.
- b. Жәнібек, Керей, Хақ Назар, Есім, Тәуке, Тәуекел.
- c. Жәнібек, Керей, Бұрындық, Қасым, Мамаш, Тахир, Хақ Назар, Тәуекел, Есім, Өз Тәуке.
- d. Жәнібек, Керей, Бұрындық, Тахир, Хақ Назар, Тәуекел, Есім, Тәуке.
- e. Жәнібек, Керей, Есім, Тәуке, Тәуекел, Қасым.

6.2. Қазақ хандығы XVIғ. 20-шы жылдары Қасым ханның өлімінен кейін қандай кезең болды?

- a. Дағдарыс кезеңі.
- b. Этнотерриториялық жағынан кеңею кезеңі.
- c. Ең қуатты кезеңі.
- d. Ресей мемлекетінің нығаю кезеңі.
- e. Үш жүз қалыптасты.

6.3. XVIғ. басында Қазақ хандығы мен Шайбани арсында жүрген күрестің себебі:

- a. Сауда, бекініс және қыстау орталықтарына арналған Сырдария бойындағы қалалар үшін.
- b. Жердің жетпеуі.
- c. Шайбанидтер Дешті-қыпшақ даласына тұрақтанғысы келді.
- d. Моғолстан үшін күрес.
- e. Мәуреннахр үшін күрес.

6.4. «Қазақ» этнонимінің мағынасы:

- a. Тайпа.
- b. Ру.
- c. Еркін, жүру, еркіндік.
- d. Ноғай-қазақ.
- e. Өзбек-қазақ, еркін.

6.5. Ұрлық жасау Тәуке ханның заңы бойынша ең ауыр қылмыс саналды. Кінәліні қалай жазалады:

- a. Таспен атқылаған.
- b. Күн төлеу.
- c. Дүре соққан, үш тоғыз төлеттірген.
- d. Өлім жазасына кесу.
- e. Мүліктік төлем талап етілді.

7-ШІ ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН ХVІІІ ҒАСЫРДА. КІШІ ЖҮЗДІҢ РЕСЕЙ ҚҰРАМЫНА ЕНУІ

1-ші деңгейлі сұрақтар

7.1.1. 1718 ж. Аягөзде жоңғарлармен болған соғыста қазақтардың жеңілу себептері.

- a. Қазақ әскерінің саны жағынан аз болуы.
- b. Жоңғар әскерлерінің әскери шеберінің нәтижесі.
- c. Қазақтар сәтсіз шайқасты.
- d. Әбілхайыр мен Қайып сұлтандардың ауыз бірлігінің болмауы.
- e. Барлық жауап дұрыс

7.1.2. 1723-1725жж. қазақтар қай қалалардан айрылды:

- a. Түркістан, Тәшкент.
- b. Отырар, Баласағұн.
- c. Сығанақ Сайрам.
- d. Сарайшық, Тараз.
- e. Үзгент, Қойлық.

7.2.1. 1726ж. «Бұланты шайқасының» тарихи маңызы:

- a. Жоңғарлардан Қазақстан территориясы біржола азат етілді.
- b. Орта жүз түгелімен азат етілді.
- c. Кіші жүз түгелімен азат етілді.
- d. Қазақ өлкесінің солтүстік-батысы азат етілді.
- e. Кіші жүзбен Орта жүздің көп бөлігі азат етілді.

7.2.2. Ел арасында Ақтабан шұбырынды жылдарынан қандай ән қалды:

- a. Қараторғай.
- b. Бозторғай.
- c. Елім-ай.
- d. Ақсақ киік.
- e. Ақ жайық.

7.2.3. ХVІІІғ. 1-ші жартысында Қазақстан Ресей үшін қандай қызмет атқарды:

- a. Қазақстанның табиғат байлықтары қызықтырды.
- b. Азияға ашылған кілт және қақпа.
- c. Қазақстандағы арзан жұмыс күштері.
- d. Қазақтардың күшімен жоңғарларға қарсы шығу.
- e. Өр өзенні бойында бекініс тұрғызу.

7.2.4. 19 ғ. басында қай қала Қазақстан мен Қытай арасында негізгі сауда орталығы болды

- a. Бұхара.
- b. Верный.
- c. Әулиеата.
- d. Ақмешіт.
- e. Семей.

7.3.1. Қазақстанның Ресейге қосыла бастаған кезі:

- a. 1711ж.
- b. 1721ж.
- c. 1731ж.
- d. 1741ж.
- e. 1751ж.

7.3.2. Абылайдың халық алдында абыройының өсуіне не себеп болды:

- a. Хиуа және Қоқанд хандықтарына қарсы күресуі.
- b. Оның Ресей бодандығына өтуі.
- c. Оның жоңғарларға қарсы ірі қолды басқаруы және талқандауы.
- d. Оның жекпе-жекте басым түсуі.
- e. Аристократиялық шығу тегі.

7.3.3. 1748ж. Абылай және оны қолдаған феодалдар Ресей бодандығын қабылдады, талқыға тағы қандай сұрақтар түсті:

- a. Қазақ-орыс сауда қарым қатынасын кеңейту.
- b. Башқұрт көтерілісін ұйымдастырушыларын ұстау.
- c. Көпестер керуенінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- d. Жаңа әскери бекіністер салу.
- e. Барлық жауап дұрыс.

7.4.1. XVI-XVII ғғ. қазақтар ошақтың сақтаушысын қалай атады:

- a. Жер-ана
- b. Су-ана.
- c. От-ана.
- d. Ойсыл-қара.
- e. зеңгі баба.

7.4.2. Қазақтар үшін қандай жұлдыз түнгі уақытта сағат қызметін атқарған:

- a. Жеті қарақшы.
- b. Темірқазық.
- c. Шолпан.
- d. Қосжұлдыз.
- e. Үркер.

7.4.4. Асар қандай салт-дәстүр:

- a. Мезгілдік жұмыстарды орындауда қауым мүшелерінің көмектесу міндеттері.
- b. Байлардың кедей туыстарына көмектері.
- c. Тіл тигізгені үшін айып.
- d. Заттар мен мүліктер сақтау жөнінде келісім.
- e. Барлық жауап дұрыс.

7.4.6. 15-17 ғғ. қазақтарды қай діннің ролі басым болды?

- a. Сопылық.
- b. Шаманизм.
- c. Ислам.
- d. Буддизм.
- e. Христиан.

7.4.7. Орталық Қазақстанда орналасқан Алаша хан хан және Жошы мавзолейлері қай дәуірдің архитектуралық ескерткіштеріне жатады?

- a. XIV-XV_{ғғ}.
- b. XIII-XIV_{ғғ}.
- c. XV-XVI_{ғғ}.
- d. XV-XVII_{ғғ}.
- e. XVII-XVIII_{ғғ}.

7.4.8. Абылайдың ақылшысы, атақты жырауы:

- a. Асан Қайғы.
- b. Бұхар жырау.
- c. Әл-Фараби.
- d. Шортанбай.
- e. Доспанбет.

7.4.9. Аяз би мен Жиренше образдары ауыз әдебиетінің қай үлгісінде кездеседі:

- a. Батырлық жырларда
- b. Лирикалық жырларда
- c. Әңгімелерде
- d. Ертегілерде
- e. Өлеңдерде

